

КРИСТИНА РОЙ

АРМАНШЫЛДАР

Қазақ тілінде бірінші басылуы



ШЫҒЫС
СӨУЛЕСІ

Рой Кристина

Арманшылдар.

Қазақ тілінде бірінші басылуы, 164 бет.

© 2001 «Шығыс Сәулесі» баспасы, Алматы

1. ДУБРАВКАДА

Дубравка мен оған жапсарлас жатқан аңғарда ежелгі заманнан бері көптеген халықтар тұратын. Біреулері келгенімен, екіншілері кетіп жататын, онда ешкімнің де шаруасы болмайтын. Лютерандар мен католиктер бейбіт қатар өмір сүретін. Олар сиыну үйінің және мемлекеттің алым-салықтарын төлеп, өздерінің таңдаулы ұлдарын әскер қызметіне жіберетін; олардан басқа ештеңе де талап етілмейтін, осылай өмір сүріп жатқанында өзгелердің ісі болмайтын.

Сиыну үйінің қызметкері балаларды шомылдыру рәсімінен өткізетін. Ал балалар ер жеткен кезде оларды қыста мектепке жіберетін. Олар мектепке екі, ал кейбіреулері үш сағат бойы қиын жолмен жүретін. Осындай саяхатқа тәуір киімдері барлар шығатын да, ал ондай киімдері жоқтары өмір бойы сауатсыз қалатын. Бірақ Дубравка тұрғындары осының өзіне де қанағат білдіретін. Олардың әкелері де сауатсыз болған, ендеше балаларының ата-аналарынан ақылдырақ болуының қажеті қанша? — деп ойлайтын.

Жазда балалар сиыр, қой мен қаз бағатын; ата-аналары егістікте жұмыс істейтін немесе өздеріне басқа бір күнкөрістік табыс іздейтін. Жексенбі күндері бәрі де орманға саңырауқұлақ, таңқурай және қой бүлдіргенін теруге кететін. Кейбіреулер сиыну үйіне баратын, енді біреулер реті келсе сиыну үйіндегі уағыз кезінде қалғып алса, мұның өзі таңқаларлық іс емес еді.

Балалар 12 жасқа жеткен кезде олар сиыну үйі қызметкерлеріне оқуға жазылып, оған сабаққа баруға тиісті еді. Бұл сабақтар конфирмация (Батыс елдерінде 12-16 жастағы бозбалалар мен қыздарды сиыну үйіне тарту жоралғысы) алдында өткізіліп, алты аптаға созылатын. Кө-

біне балалар суықтан беттері қызарып, қалтырап келетін.

Сауатты балаларды сиыну үй қызметкері үлкен және кіші (мәсіхшілер сенімі қоғамдарының сұрақ-жауап қысқаша баяндалған түрі) катехизистен оқытатын, ал қалғандарымен олар үйде жаттап келген «Жаратушы Әкеміз», «Сенімнің шартты белгілері» және он өсиетті қайталайтын.

Осыдан соң барып, жасөспірімдер қауым мүшесіне еніп, қауым жоралғысына қатысатын, демек, Мәсіх жолын қуушылар болып саналатын.

Егер біреуінің үйінде Киелі кітап болса, оның барлық кітаптарының бетінен ерлер Әйүп, Ешуа Навинді және кейде Інжілді ынталана оқитын. Әйелдер нотаға түсірілген Жырлар мен шіркеу әндерін қайта оқуды сүйетін, олар мұны Құдай Сөзінен де жоғары бағалайтын.

Егер біреуі шынымен ауырып қалса, онда сиыну үй қызметкерінен шіркеуде ауру үшін дұға оқуды өтінетін немесе Хросинков, Баша, Гитков сияқты сиқыршыларға баратын. Ауру өлім алдында болған жағдайда ғана дәрігер мен сиыну үй қызметкерін үйге шақыратын. Көршілері мен туыстары өліп бара жатқан адамның бөлмесіне жиналатын. Аурудың өлуіне оңай болу үшін оның басынан жастығын алып тастайтын немесе тура еденнің үстіне жатқызатын. Осындай жағдайда ауру тұншығудан өліп кетсе, көршілері оның жеңіл қайтыс болғанына қуанып: «қалай тез өлді!» — дейтін.

Дубравкадағылардың бәрі дерлік кедей болатын, бірақ той-томалақ жасауға үнемі қаржы табылатын. Нәресте туған кезде бұл оқиға тойға ұласатын. Балаға өкіл әке мен шеше таңдап алынатын, олардың міндетіне өздерімен бірге тойға, жаңа туған нәрестенің үйіне самсалар мен бірнеше шөлмек шарап салынған себетті ала кіретін. Егер біреу өлсе, бата оқу ұйымдастырылатын, ал егер Дубравкада үйлену тойы болса, ол үш күнге, кейде тіпті бір аптаға созылатын. Осындай тойдан кейін үй қожасына сол жағдайға байланысты алған қарыздарын ұзақ уақыт бойы төлеуге тура келетін.

Көктем мен күзде жастар жексенбі сайын орманға жиналып, онда би сауықтарын ұйымдастыратын. Ал қысты күндері трактірлерде билейтін.

Дубравканың халқы жылдар бойы осылай өмір сүріп келді, ал дубравкалықтарды еш уақытта білмеген, жақын көрмеген адамдар олар туралы: «Біздің қайырымды, сабырлы, тақуа словак халқы», — деп жазды.

Шындығында да олар сау кездерінде сабырлы болатын, бірақ ішіп алған кездерінде олардың балағаттаған үндері бүкіл аймаққа естілетін.

Бірақ осының бәріне қарамастан, дубравкалықтар ізгі де, қонақжай халық болатын. Оларға бөтен адам келсе, қолдарынан келгенше құрметтеп, қуанышты қарсы алатын. Бірақ, олар жақсы немесе нашар тұрып жатыр ма, бұл жағын көрсетуге ешкімнің шаруасы болмайтын.

Көктемде Дубравка сәнді баққа айналып, ағаштар арасынан шаруа үйлері жапырлап тұратын.

Хратский деген шаруаның үйі басқаларынан үлкеңдігімен ерекшеленетін; су диірмені бар диірменші Блашко өзеннің жанында тұратын; ал Крачинскийдің жартылай құлаған үйшігі шыршалы орманның жиегіне орналасқан еді.

Бұл үш семья осы жерге иелік етіп, мұнда ұзақ уақыт бойы өмір сүрді.

Көптеген егістік жері, жақсы жайылымы мен үлкен жеміс бағы бар Хратскийлер баяғы заманнан бері шаруалар болатын. Қыс күндері, әлі темір жол салынбай тұрған кездің өзінде олар жүк тасуды кәсіп етіп, тіпті Венаға дейін барып жүрді.

Блашколар есте жоқ замандардан бері диірменге иелік ететін. Олар суға тапшы болмайтын, соған орай олар үнмен бүкіл Дубравканы ғана емес, сондай-ақ басқа жерлерді де жабдықтайтын.

Крачинскийлер қашаннан тігіншілер еді. Олардың тек кішкене бағы мен бір егістік жері ғана болды, Одан басқа жер алудың сәті түспеді.

Бұл үш семья бір кісінің баласындай өзара тату тұр-

ды. Олар үнемі бір-бірінің жұмыстарына көмектесетін, біреуінде болмаған затты екіншісі беріп тұратын. Олардың балалары да әрқашан көп болатын. Балалар кішкентай кезінде бірге ойнап, мал бағатын; ал ер жете келе бірге билеп, көңілденетін. Бір сөзбен айтқанда, олар қуанышты да, қайғыны да бірге бөлісетін.

Енді осының бәрі сәл ғана өзгерген еді. Тігінші Крачинский жесірі мен өз ұлы сияқты тәрбиелеп өсірген, асырап алған баласын қалдырып, өліп қалды. Блашконың үлкен семьясынан Мартын Блашконың өзі мен оның қызы Марьюшка, екі кішкентай ұлы, айтпақшы, оның үлкен ағасының ұлы — Мишко ғана қалған.

Хратскийлердің де үлкен семьясы болған еді: Андрей ағай, оның ұлы Фома, оған атайы үйі мен шаруашылығын иелік етуге берген, Фоманың әйелі — Екатерина. Фоманың Андрей және Степан деген екі ұлы бар еді. Андрей үйленген, екі балалы болған. Бұдан басқа Андрей қарттың Анна деген екі қызы бар, ол бала шағында-ақ П. қаласына кетіп, сол жақта тұрмыс құрған. Иә, Хратскийлер семьясы үлкен болса да, оны асырау қиыншылыққа түспейтін.

Степан Хратский, Мишко Блашко және Петір Крачинскийлер аса тату достар еді. Мұндай достық өте сирек кездесетін. Бұл үш достың тағы бір ортақ досы — Марьюшка Блашко болды. Степанның әкесі және Мишконың ағасының арасында бірде жер иелігінің шекарасына байланысты жанжал туып, бұл іске жесір әйел Крачинская араласты. Ата-аналар арасындағы бұл кикілжің тұтас үш жылға созылса да, соның өзінде балалардың арасындағы қарым-қатынас бұдан өзгерген жоқ. Мінез-құлықтары әр түрлі болуына қарамастан, балалардың өте татулығы таңқаларлық жағдай еді.

Степан мектепте жақсы оқыды, Бітіргеннен кейін де кітапты ынталана оқып жүрді. Ол Венаға баруға әрбір мүмкіндік болған сайын қуанатын, өйткені онда оған дүниеде не жаңалық болып жатқанын білуге мүмкіндік туатын. Жастар арасында Степан көңілді жүретін, алайда

мұның өзі оңашада ойға батуына кедергі келтірген жоқ. Көбіне ол Дубравкада оған ешкім жауап бере алмайтын мәселелерді ойлайтын.

Мишко Блашко мектептегі сабақтарды жиі жіберетін, оның ойын бас қатыратын мәселелер айналдырмайтын. жалпы алғанда, ол қайырымды да, жұрттың бәріне сүйкімді жігіт еді.

Петір Крачинский семьядағы ерке-шолжаң болатын, сонықтан өгей шешесі оны мектепке зорлап жібере алмайтын. Оқу мен жазуды ол үйде әкесінен үйренді. Петір қызу қанды, төбелеске де тез араласып кететін, сондықтан онымен жанжалдасудан жұрттың бәрі қашуға тырысатын. Ол тек Степан мен Марьюшканы ғана тыңдайтын. Марьюшка өзінің үш досынан кіші болғанымен, олардың ортақ құрметіне ие болатын.

Бір жағдайдан басқа, Дубравкадағы өмір тыныш өтіп жатты; Степанға әскер қызметіне кетуге тура келді. Үй іші қайғы мен көз жасына ерік берді. Анасы мен бүкіл семьясы «бұл қайғыны көтере алмаспыз», — деп ойлады. Степанның жолдастары да қайғырды, оның өзі де ешкім көрмеген уақытта ата-анасымен айрылу туралы ойдан жылап алды. Ол маңайдағы табиғатқа қарағанда, өзіне тұтас үш жыл бойы қалада тұруға тура келеді, — деген ойдан жүрегі қысылып кетті.

Тек Марьюшка жұбатты оны. «Сен дүниені көресің, — деді ол оған, — көп нәрсені үйренесің. Сен ол жерде біз бұл жерде көрмеген заттар туралы білетін боласың. Сен де, мен де уақыттың қалай өткенін байқамай қаламыз».

Ол дұрыс айтқан еді. Күн артынан күндер, апта артынан апталар өтіп жатты. Хратскийлердің үй іші де Степанның жоқтығына үйрене бастады. Олар енді онсыз-ақ тұрып жатты, бұдан әрі қайғырған да жоқ, тек Степаннан хат қана күтетін.

Ал Степанның өзі де біраздан соң жат жерге үйренді.

2. АРМАНШЫЛДАР

Степан үшін алғашқы жыл жылдам өтті. Оған үйренетін нәрсе де көп еді. Ол неміс тілін үйрене бастады және көп кешікпей-ақ немісше сөйлеп, жаза алатын күйге жетті. Степанға, сәті түсті, — деп айтуға болар еді. Ол пысық әрі аңғарымпаз болатын, сондықтан өз қызметінің екінші жылында жарқын жүзді жас офицерге атқосшы болып бекіді, онда Степан емін-еркін өмір сүрді. Ол өзінде уақыт жоқ дегенді желеу етіп, үйіне хатты барған сайын сирек жазды. Бұл да рас еді. Қызметтен тыс уақыттарда қожасы мұны өзімен қонаққа ала кететін. Бұл серіктікте офицерлердің ішінен ешкім Құдайға сенбейтін.

Құдай өсиеттері қатындарға, балалар мен қараңғы халыққа арналған, — деп қожайыны оған ашықтан ашық айтатын. Степан бұрынғы уақытта мырзалардан мұндай келеке естісе, Құдай осындай арам сөздері үшін, олардың енді жазасын береді, — деп ойлайтын. Бірақ Құдай оларды жазаламайтын, содан соң, ақыр аяғында Степан да Құдайға сенуді қоя бастады.

Ол айналасындағы адамдардың өтірікті бөсіп, бір-бірінің үстінен өсек айтып, сәл нәрсеге қорғанатынын, жексенбі күнін қасиеттемей, азғын өмір сүретінін, сонда да жазасыз қалатындарын көріп те, естіп те жүрді. Күйеулері әйелдерін алдаса, әйелдер күйеулерін алдайтын. Өзінің жас қожайыны аға офицердің сұлу әйелімен кездесуін Степанның талай рет ұйымдастыруына тура келді. Бірақ бір тамаша күндердің бірінде бұл іс ашылып қалып, офицер полктен кетіп қалды. Степанды басқа офицерге бекітті. Бұл офицер бір оңды кісі болды, үйленген, кітап оқуды жақсы көреді екен. Ол Степанның да көп оқитынын байқаған соң, оған кітаптар мен газеттерді беріп тұрды.

Ол кітаптарды оқи жүріп, Степан барған сайын Құдай да, мәңгілік өмір де, тозақ та жоқ деген сенімге келді.

Демек, адамдар жер бетінде ғана жақсы өмір сүруді ойластыруы тиісті, өйткені о дүниелік өмір жоқ. Мұның өзі оны қуантып тастады, өйткені оны осы кезге дейін Көрінбейтін Жаратқанның алдындағы қорқыныш сезімі ажырататын. Енді ол да басқалар істегенді қорқынышсыз істей алады. Ғайыпты болжаушы Құдай жоқ. Тек жаман әдетті адамдар байқамайтындай абайлап істеу керек.

Келесі жексенбіде Степан мас болғанша ішті, одан соң карта ойнауға кірісті. Осылайша ол барған сайын терең күнәға бата түсті. Оның сыртқы түрі өзгерді, бет әлпетінің балғын қалпы жойылды, бұрынғы байсалды да, ойлы көзқарасы байқалмайтын болды. Бірдеңені жасырған адам сияқты, оның назары да тайқақтай берді. Бірақ бейшара солдатта жұрттың шаруасы қанша? Солдаттың жаны мәңгілік пе еді? Тек оның дені және тәні сау, басы иығы болса болғаны.

Енді Степан өзінің бұзылған жолдастарынан қалмайтын болды. Қызметінің үшінші жылында оның басқалардан айырмашылығы — тек әйелдермен байланысқа түскен жоқ. «Олардың бірде-біреуі маған сенімді болмайды, — деп ойлады ол, — ал өзімді алдауға жол бермеймін».

— Саған осы не керек? — деп мазалады оны жолдастары, — бізден артық болғын келе ме?

Олар оны ұзақ уақыт келемеждеді, ақыр аяғында, оның көңілінде жаңа күнә жасауға деген ұмтылыс ояна бастады.

Жексенбі күні еді. Бос уақыттарын пайдаланып, солдаттар қалаға жүрді. Степан трактирге кетті, ол жерден ол өзінің ары мен ожданын мәңгілік жерлейтін жаққа кеткісі келді.

Бір үйдің қасынан өте беріп, кенет Степан шырқалған әнді естіді. Ол тоқтай қалды. Шынайы словак ретінде ол әнді өте жақсы көретін. Ол көптен естімеген таныс ән шырқалып жатты. Естіліп жатқан үн оның өмірі жақсы да, таза болған алыс уақытты еске түсірді. Степан жарық түсіп тұрған терезеге қарап, ораза екенін есіне алды. Осы кезде есік ашылып, үйге бірнеше адам кірді. Үйдің

ішінде ерлер мен әйелдер отырғанын Степан байқап қалды; бұл жер сиыну үйі болмағанымен, Құдайға құлшылық ету жүріп жатты. Степан сенбейтін Құдайға адамдар құлшылық етуде.

Степан кетпекші болып бір қадам басқан еді, кенет бір бала қолы оның жеңінен тартып қалды да, көңілді дауыс:

— Кеттік сонда! — деді.

— Мұнда кез келген адам кіра ала ма? — деп сұрады Степан.

— Әрине, кеттік!

Степанды қолынан ұстап, бала оны жарық, жылы бөлмеге кіргізді. Ән аяқталған, шағын мінбеге егде тартқан кісі көтерілді. Ол Киелі кітапты ашып: «Израиль өз Құдайыңмен кездесуге дайындал... Өйткені сіздердің қылмыстарың аса көп және күнәларың да ауыр» (Амос 4,12; 5,12), — деп оқи бастады.

Уағызшы үлкен сеніммен сөйледі, оның сөзі Степанның жүрегіне ұялап жатты. Күнә жайында ол Степанның басынан кешкеніндей ештеңені қоспай да, жасырмай да айтты.

— Құдайдан бас тартқан, Құдайға сенбейтін адасқан жан, сен де Құдайдың бар екенін біл! Ол бар, Ол бәрінен құдіретті және қасиетті, барлық жерде жүреді және жүретіні даусыз. Онымен бір күні саған кездесуге тура келетінін біл. Өз Құдайыңмен кездесуге дайындал. Ол сенің барлық күнәңді біледі. Ол бәрін естиді және сенің бүгін не істемекші болғаныңды біледі, — деп уағызшы үн қатқанда, бүкіл жиын Степанға қарап тұрғандай көрінді.

Уағызшы әлі де сөйлеп жатты, бірақ Степан бұдан әрі ештеңе естіген жоқ. Ол қуарып кетті, сөйтіп естігенінің бәрі оны аса тебірентті. Есеңгіреп қалған ол басқалардың соңынан көшеге шықты. Бүгінгі кеште ол қабаққа бара алмады. Келесі аптада да ол достарымен көңіл көтеру кештеріне барған жоқ. Ол дәл бір тозақта жүрген сияқты болды. «Өз Құдайыңмен кездесуге дайындал!» — деген сөз оның ойынан кетпей қойды.

Оның тамақтанғысы келмеді, бәрі жеккөрінішті көрінді, ұйқысы да қашты. Жолдастарының былапыт әңгімелері оған жиіркенішті көрінді. Ол Құдайдың бар екенін және Онымен өзінің бір күні кездесуге тура келетінін білді.

Бүкіл апта бойына Степан өз күнәларының бірінен соң бірін еске түсірді. Сол күнәларымен Құдайды қорлағанын сезді. Күйінген кезінде: «Сол жиналысқа неге бардым?» — деп сан мәрте қайталады.

Келесі жексенбіде Степан тағы да сол жерге барды. Жиналыс әлі басталған жоқ еді, сондықтан қатысушылар өзара сыбырласып отырды. Степанның жанына жас жігіт отырып : көмек қажет емес пе? — деп сұрады. Степан оған ешбір жауап айта алмады. Сонда ол Құдай Ұлы туралы айта бастады. Мәсіх жайында біреулердің бұлай айтқанын Степан әлі бір естіген жоқ еді. Өзі де байқамастан, Степан өзін қинаған ойларын әңгімелеуге кірісті. Көп әңгімелеп үлгермеді, өйткені ән басталды. Бұл жолы мінбеге жас уағызшы көтерілді.

— Қиыншылық пен ауыртпалық түскендердің бәрі маған келіңдер, мен сендерді жұбатамын, — деп оқи бастады ол.

Бұл шумақ Степанға бала кезінен таныс еді, бірақ шумақты алғаш рет енді түсінді. «Қиыншылық пен ауыртпалық түскеннің» де не екенін, ол енді ғана бастан кешірді. Бұрын ол өзін кім шақыратын туралы, оны шақырушы Иса Мәсіх, Құдай Ұлы, дүниені Құтқарушы екендігі туралы ойламаған еді.

Құтқарушы деген қандай ғажап! Құтқарушы туралы уағызшының соншалық сүйіспеншілікпен айтқаны сондай, Степан Оны көз алдында көріп, мұны құшағына айқара алып: «Маған келе ғой», — деп тұрғандай көрінді.

— Иса Мәсіхтің сені құтқарғысы келеді! — деп жалғастырды сөзін уағызшы. — Сен Оған бар. Сен күнәнің тауқыметін тартудасың, сені күнә құртады. Оған бар. Өз күнәңді мойында, сонда Ол сенің ауыртпалығыңды ала-

ды. Адам Ұлы күнәкарларды жазаға тартуға және құтқаруға келді!

Степан Құдай Ұлының оны Өз құлының аузымен шақырып жатқанына сенді. Оның сенімінің күшті болғандығы сондай, басқалар ән сала бастаған кезде, ол тізесіне құлап, Тәңірінің алдында өзінің бүкіл күнәсін мойындады. Көз жасына шомыла тәубеге келіп, Құдайдан өз күнәсін кешуді сұрап жалбарынды. Қараңғы бұлтты жарып шығып, түн түнегін түрген күн сәулесі сияқты, дұғаның әсерінен Степанның жүрегіндегі қорқыныш та сейілді. Степан өзінің күнәкар екенін білді, бірақ ол, енді Иса Мәсіхтің атынан толық кешірім алған, кешірім етілген күнәкар.

Келесі күні Степан Інжілді сатып алды. Бос уақыттарында жиналыстарға шын пейілімен бара бастады.

Ақыр аяғында, әскер қызметінің соңғы жылы да келді-ау. Бұрын Степан әскер қызметінде біржола қалуды көздейтін, енді оның ақыр аяғына дейін қалғысы келмеді. Ауылдастарына Иса Мәсіх жайында, Құдай сүйіспеншілігі туралы айту үшін, ол үйіне қайтуға асықты. Өзін ол Иса емдеп жазған гадариндік желекпе сияқты көрінді. Оған қазір де Құтқарушы: «Өз үйіңе қайт та, сені Құдай жаратқанын айтып бер», — деп тұрғандай.

Міне, ақыр соңында, Степан да үйіне келді-ау! Атаны, туғандары және жолдастары үлкен қуанышқа кенелді. Анасы ұлына көз тойғанша қарап, мауқын баса алмады. Осы уақыт ішінде ол соншалық есейіп, сымбатты болған, қалай ақылды сөйлейді, десеңші!

Сөйтіп, бірнеше апта өтті, көршілері Степанның әскерден жаңа бір сенім әкелгендігі туралы айтып, сыбырласа бастады. Ол енді ішпейді, сауық-сайрандарға бармайды, тек ертеңгі және кешкі уақыттарда Інжілді оқып, дұға жасайды. Көршілердің ешқайсысы одан дөрекі сөз естіген жоқ, оның Мәсіх туралы сөйлеспеген адамдары да аз қалды. Степан күн ұзаққа Иса туралы ғана ойлайтын сияқты.

Алғашқы күндері Хратскийлер ұлына қарсы болған жоқ, бірақ ол оларға Інжілді бірге оқуды ұсынғанда, әкесіне бұл ұнаған жоқ. Степан «Әкесіне балағат сөзді тоқтатып, жанжалдасып келе жатқан Блашкомен татуласуға кеңес бергенде әкесі одан әрі ашуланды. Андрей үйге мас болып келгенде, Степан оны арақты тастауға көндірді. Осындай әрекеттері үшін Андрей әйелімен бірге Степанға ашуланды. Ақыр аяғында шешесі де оған қарсы көтерілді, себебі, ол оған әкесінен жасырып, әртүрлі товар сатып, күнәға батып жүргенін айтқан болатын. Осылайша бүкіл үй іші Степанға сырт қарай бастады, тек Андрей атай ғана оған Степан оқитын ғажайып сөздерді әрқашан тыңдауға дайын еді. Бірақ олардың күндіз көбіне бос уақыты болмайтын да, сондықтан олар кейде түнде оқитын.

Әскерден келген алғашқы күндері Степан Блашконның халін білу үшін оған кіріп шықты. Блашко байыпты адам болатын. Ол Әйүптің кітабын, Ешуа Навинді, ал жексенбі күндеріндегі мәсіхшілер уағыздарын зор ынтамен оқитын. Блашко көршілердің арасында ақылды адам ретінде белгілі еді, ол өзін де солай деп санайтын. Бірақ Иса Мәсіх туралы Степанның айтқандары Блашко үшін жаңалық еді. Ол Степанның қасиетті жазуды жақсы түсінетінін көрді, осының өзі оны ызаландырды. Ол Степанды жек көріп, онымен таласқа түсуге тырысумен болды.

Бірде Блашко осындай таласты мынандай сөздермен аяқтады:

— Егер адам Құдайдан үміт қылып, адал өмір сүргісі келсе, онда, әрине, Құдай оған о дүниеде бәрін кешіреді. Бірақ өмір сүріп жатқандар өз күнәсі кешірілгенін қайдан біледі?

— Мен білемін! — деп үн қатты Степан.

— Тоқтат, Құдайға тіл тигізбе! — деп ашуланып жауап берді Блашко.

— Мен тіл тигізіп тұрған жоқпын, — деп жауап қай-

тарды Степан. «Ауыртпалық түсіп, қиналғандардың бәрі маған келіңдер. Мен сендерді жұбатамын!» — деген Иса Мәсіх. Егер сіз қонақ шақырып, оны сыйлағыңыз келсе, сіз оны шынымен күтесіз ғой. Ол келген соң сіз оған ас бересіз, қонағыңыз да, оны сіздің тамақтандырғаныңызды біледі. Менімен де осындай жағдай болды. Иса Мәсіх те мені шақырған соң, мен де оған сеніп келдім. Мен күнә арқалаған едім, бірақ Ол бұл ауыртпалықты менен алды, қазір енді еркінмін. Осылайша, кез келген адам оның күнәсін Құтқарушының кешіргенін білуі тиісті. Егер ол адам мұны білмесе, демек, ол Құтқарушының кешірімін әлі де қабылдамаған.

— Масайраған, парықсыз арманшыл, — деп айқайлап жіберді оған Блашко.

Блашконың сөзін естіген балақайлар мұны басқаларға жеткізді, Дубравкада «арманшыл» деген лақап ат осылай пайда болды.

3. КЕЗДЕСУ

Қыстың шуақты күні еді. Табиғат аппақ киім киген, лағыл және алмас тастармен безендірілген қалыңдықты еске салады. Күн сәулесі сұлу табиғатты аялай түскен. Қар күн сәулесіне шағылысып, жалт-жұлт етеді. Жер ана күнәсіздік пен тыныштық құшағында мүлгіп қалған.

Осынау ертегідей тыныштықта қар басқан көпірдің үстінде Марьюшка Блашко көрінді. Ол сәнді де таза киінген: жексенбі болатын, сондықтан серуенге асығып бара жатты. Көпір арқылы өтіп бара жатып, ол Хратскийлердің үйіне қарады, кенет ол мұңая қалды. Ол серуенге бара жатыр, бірақ өзінің бұрынғы жолдасы Степанды ол жерден көрмейді. Ол онымен сол жерде енді қайтып кездеспейтінін біледі.

«Осылай өзгергенше, оның өлгені жақсы еді. Осын-

дай көңілді жігіт жұрттың келемежіне, «арманшылға» айналады, — деп кім ойлаған. Осыны ойлаудың өзі қандай аянышты десеңші».

Марьюшка Хратскийлердің үйіне мұңая қарады. Степан онда не істеп жатыр екен? Ол үйінде енді дұға оқи алмайды, оның әр қадамына бөгет қойылғанын ол естіген болатын. Өзінің ілімін баяндаған кезде жас жігіттер оны келемеж еткеннен бері оның сиыну үіне бармайтын болғанынан да білетін еді.

«Байғұс Степан! оның басына осыншалық ақымақ ой қалай ұялаған десеңші! Оның соншалық ойшыл болғаны да тегін емес қой. Бәлкім, — деп өз ойын жалғастырды Марьюшка, — егер әкем маған онымен сөйлесуге тыйым салмаса, Степан мені тыңдаған болар еді. Осындай адасушылыққа қалай жеткенін мен сұраған болар едім, оны адасушылықтан да алып шығар едім. Үйде оны бәрі ұнатпайды, ол болса қасарысып, өз айтқанынан қайтпайды». Осы жылдар ішінде ол оны күтіп, келгеніне қалай қуанды десеңші! Міне, қазір ол бірнеше аптадан бері үйінде, ал Марьюшка болса, Степаннан әлі күнге дейін бір сөз естіген жоқ.

Ойға батқан Марьюшка басын салбыратып, жүріп келеді. Жол сәнді қар жамылған орман арқылы өтіп, содан соң диірменге қарай бұрылатын. Мұз қатқан сарқыраманың жанында қираған ескі үй тұр. Бұрын бұл жерде қағаз фабрикасы болған, әлі де қазір жартылай қираған кейбір құрылыс үйлері көрінеді. Жазда үй қабырғаларына құлмақ және басқа шырмауық өсімдіктері бойлай өсіп кетеді, енді соның бәрін асыл тастар сияқты күн сәулесімен жалт-жұлт еткен қар мен мұз жауып кетті. Жазда үйіндінің маңайында бұлақ ағып жататын. Бұлақтың үстінде жартас төніп тұр, онда бір кезде осында болған оқиғаны еске түсіру үшін қойылған айқыш ағаш көрінеді: күнәсіз уағызшы өзінің күнәлі інісі үшін өмірін қиыпты.

Марьюшка жан-жағына қарады. Осынау меңіреу жер

оған қорқынышты бола түсті. Дубравкада жадылайтын барлық әйелдер (ал олар аз болмаған) сиқырлау үшін дәл осы жерге келеді екен. Кенет қардың сықыры мен біреудің қадамы естілді. Марьюшка қорыққанынан жалт қарады да... Степанды көрді. Оның жүрегі қысылып кетті, ол өзінен мұң мен қуаныштың ерекше бір тоғысуын сезінді. Степан орман жолымен айналасындағы табиғаттың әдемілігіне рахаттанып келе жатты, оған күннің сәулесі түсіп тұрды.

«Мен неғып кідіріп қалдым?» — деп ойлады қыз. — Онымен сөйлесу үшін қолайлы жағдай дәл осы жер емес пе? Құдайдың Өзі оны маған жіберді. Оған барамын да, оны серуенге шақырамын!»

— Сәлеметсің бе, Степан! Мұнда не істеп жүрсің? — деп Степанмен ол жайдары амандасты.

Ойға батқан жас жігіт, селк етті.

— Марьюшка, бұл сенсің бе? Сәлеметсің бе, сәлеметсің бе?

Ол бұлақтан секіріп өтіп, балалық шағындағы серігіне қолын берді.

— Степан, жүр менімен

— Қайда?

— Қайда дейсің бе? Жұрттың бәрі серуенге бара жатқан жерге.

— Сен серуенге барасың ба, Марьюшка? — деп мұңая сұрады Степан одан.

— Әрине! Менімен бірге жүр. Егер ынтаң болмаса мен сені билеуге қыстамаймын, тек адамдар сенің құрғақ «арманшыл» емес. екенінді көріп соған сенсін, сені бұдан былай олай атамасын. Жүр менімен, Степан!

Ол Степанның қолынан алып оның көзіне еркелей қарады, балалық шағында өзінің үш жолдасына, әсіресе, Степанға солай қарайтын еді, сөйтіп керегіне жететін. Степанның алдында «оның өзі» ешқашан ұмытпайтын, балалық шағынан қымбат серігі тұрған еді. Енді міне «ол» оған: Степан, менімен бірге жүр!» — дейді.

Степан бозарып кетті. Осыншама аптадан кейін алғашқы жылы сөзді дәл соның аузынан есту ол үшін таң қаларлық болатын. Бірақ ол басын шайқап:

— Мен ол жаққа бармаймын! — деп үзілді-кесілді айтты.

— Неге олай дейсің, Степан? Сен бізді жаратпайтын-дай, не істеп едік саған?

— Марьюшка, мен сендерді жаратпайды деп ойлама, — деп қарсылық білдірді Степан өз серігіне мұңая қарап.

— Бірақ мен осы жексенбілік серуендерде өмірімде көптеген күнәларға баттым, өз күнәмнің бәрін көргенімде, оның бәрі тас сияқты жүрегімде жатып қалды. Менің аспанға қарауға батылым бармады, бірақ Тәңірім осы былғаныштардың бәрін менен жуып, кешірім етті. Енді Құдай бейнесіне қайтадан дақ түсіріп, аспандағы Әкемізді ренжіткім келмейді. Жоқ, ешқашанда!

— Сен осы ісімізбен Құдайдың қаһарына ұшыраймыз деп ойлайсың ба? — деп ашулана сұрады Марьюшка. — Егер осының өзі шын мәнінде күнә болатын болса, онда сиыну үй қызметкері неге бізге серуенге баруға тиым салмайды? Ол Қасиетті Жазуды сенен гөрі жақсы білуі тиісті ғой. Жақында мен серуеннен келе жатқанымда сиыну үй қызметкерін кездестірдім, неге ол сонда менен: «Марьюшка, көп биледіңдер ме?» — деп сыпайы сұрады. Сиыну үйінде бізді ізгілікке үйретеді, — дейді әкем. Бізге жол көрсетіп, не істейтінімізді айту үшін, Аспан Патшалығына кіруіміз үшін сиыну үй қызметкерлері өмір сүрді.

— Сен дұрыс айтасың, Марьюшка, ол адамдар дәл осы үшін қойылған. Әрине олардың арасында өз парызын ынталана орындайтын адамдар да бар. Бірақ Құтқарушы айтқан, егер соқыр соқырды жетектесе, онда екеуі де шұңқырға құлайды, — дегендей де адамдар кездеседі. Ойлап көрші, Исаны керуге Пилатты мәжбүр етіп, Оның өліміне итерген де дін қызметкерлері емес пе? Сиыну үй қызметкерінің уағыздағаны мен айтқанының бәрі Құдайдың қалауындай бола бермейді, тек қана солардың пікірлерін менің басшылыққа алатынымдай,

сиыну үй қызметкерлердің бәрі қасиетті, әрі Құдайға адал емес. Мынандай мысал келтірейін: сиыну үйі қызметкерінің орман арқылы жүргісі келді, бірақ ол Құдай сияқты барлық жерде болмады, сондықтан жолды да білмейді, өйткені ол бұл орманда еш қашанда болып көрген емес. Ал маған орман арқылы өтетін бұл жол әбден таныс, өйткені мен осы жолмен бүгін ғана алғашқы рет жүріп отырған жоқпын. Айталық, сен де сол орманға барасың делік. Сонда кімге сенер едің? Орманда адасып, сонымен бірге қаңғу үшін оған ба, әлде орманнан оңтайлы жолмен өтіп алу үшін, маған ба? Мен бұрын үйде болғанымда, Марьюшка, өзіме басшылық етуді біздің сиыну үйіндегі қызметкерге сеніп тапсырғанмын. Бірақ ол Ғолғотадан өтетін жолды білген жоқ, сөйтіп, екеуміз де адастық. Енді мен оған өзімді ондай соқыр жетекке алып жүруге бермеймін, өйткені маған: «Менің соңымнан жүр!» — «Барлықтарың, ауыртпалық түскендер мен азап шеккендер, Маған келіңдер!» — «Менің соңымнан жүргендер түн түнегінде қалмайды, бірақ тіршілік сәулесіне бөленеді», — деп айтатын жақсы Жетекші бар.

— Бірақ Степан, — деп тағы да ашулана қарсылық білдірді Марьюшка, — сиыну үй қызметкері ақиқат жолды білмейді, оны тек қана мен білемін? — деп басқалардың алдында өзіңді дәріптеп, солай деп мақұлдауға қандай қақың бар?

— Бұл жолды жалғыз мен ғана білемін, — деп айтып тұрған жоқпын, — деп жауап берді Степан. — Ақиқат жолды білетін ізгі жанды сиыну үй дін қызметкерлері де көп. Мен тек біздің сиыну үйдегі қызметкеріміз ол жолды білмейді, әйтпесе оның өзі алда жүріп, бізді жақсы бастаған болар еді, — деп қана айтып тұрмын. Ол ертеңгілік Құдайға сиынып, ал кешкілік трактирге барғанымды да мақұлдамаған болар еді. Сендер жын-періге қызмет етіп, күнәға батып жүрсіңдер, — деп шындығын айтар еді. Құтқарушының: «Екі Тәңірге ешкім де қызмет ете алмайды», — деп, нені айтқысы келгенін түсіндірер еді.

Ол өз жайылымындағы мәсіхші жандардың маскүнемдіктен құрып бара жатқанына енжар қарай алмас еді, өйткені «маскүнемдер Құдай патшалығына мұрагерлік ете алмайды». Алайда, бұл жөнінде бұдан әрі таласпай-ақ қояйық: менің ешкімді де сотқа тартқым келмейді. Бірақ менің сенен өтінетінім, адамдарға ғана қарама. Өйткені; «Адамға сенгендердің бәрін қарғыс атсын», — деп жазылған ғой. «Қасиетті болыңдар, өйткені Мен де қасиеттімін», — деп Құдайдың айтқаны туралы ойланып көрші! Қасиетті болғысы келген адам маскүнемдердің шуылы мен арақтың иісі, темекінің түтініне кабакқа барар ма еді? Ол жерде арақ ішіп, билеп, балағат сөздерді тыңдап, соған қатыса алар ма еді? Сен мынаны ойлап көрші, Исаның соңынан еріп, Оған құрбандықпен қызмет еткен Мариам немесе басқа да қасиетті әйелдер сенімен трактирге барса, қалай болмақ? Ал олар да біздер сияқты адамдар болды ғой. Тек олар қасиетті жандар еді, өйткені Құтқарушыға сеніп, Оны тыңдады, Оған қызмет етті және Оны сүйді. Осының бәрін сен де істей аласың және солай жасауға тиістісің, Марьюшка. Мен сені білетін кезден бері сен әрқашан адамдарға қайырымды болдың. Құтқарушыға қай кезде сондай боласың? Оны бар жүрегіңмен сүйіп, бар жан-тәніңмен Оған қашан қызмет етесің? Сен екі тәңірге бірден қызмет ете алмайсың: немесе осы дүниеге, немесе Мәсіхке қызмет етуің керек. Дүниеге қызмет етуден құтылып, Мәсіхке ғана тиісті болудың не екенін білсең, сен! Үйде бәрінің менен теріс айналғанын көріп жүрсің, өйткені олар осы дүниеге қызмет етеді, ал менің Құдайға қызмет еткім келеді. Ата-анам, аға-қарындастарым және көптеген туыстарым болғанымен, менде атамнан басқа ешкім қалмады. Менің балалық шақтағы серіктерім, сендер де мені тастап кеттіңдер. Сендер де менен обадан қашқандай, қашасыңдар! Ешкімнің де бір сөз айту үшін маған тоқтағысы келмейді. Мен тыныш отырып, оқуға берілетін және дұға жасаумен айналысатын — үйімде бұрышым да жоқ. Мен өз үй-ішім-

де жат адаммын. Бірақ менің Құтқарушым, Иса Мәсіх бар, сондықтан да мен осының бәріне қарамастан, өлшеусіз баймын және көбінесе өте бақыттымын. Сенімен кездесердің алдында ғана мен Оның маған деген ұлы махаббаты туралы және Оның маған орын дайындап қойғаны туралы ойлағанмын. Мойындауым керек, менің қолайсыз жағдайым адам төзгісіз болып барады. Мен артқы бөлмеге Құдай Сөзін оқуға кеткенімде Бетка әдейі шу туғызады; сарайға шөптің арасына барсам, үйді сиыну үіне айналдырдың, — деп шешем қуып шығады. Дәлізде мүлде қараңғы. Сиыну үйінен әкем келсе, ішіп алады да, жанжал шығарады. Сондықтан да мен Қасиетті кітапты алып, осында келдім, атай да көп кешікпей келуге уәдесін берді.

Осының бәрі туралы мен қазір, бұлақтың басында тұрып ойладым. Мен Тәңірге қызмет етпей тұрғанда, Оның өсиеттерін аяққа бастым, маған өмір сүру де тамаша болатын; адамдар да маған жақсы қарады, олармен қарым-қатынасым да оңай болды. Енді менің өмірім қысылшаң болып барады, кейде мұндай өмірге шыдамаспын, — деп те ойлаймын. Бірақ Құдай Рухы Құдай Ұлының мен үшін қалай азап шеккенін, адамдардың Оны қалай сатқанын дәл сол сәтте ескертеді, сол кезде Құтқарушы менен: «Сен Мен үшін сәл де болса азап шеккін келмей ме?» — деп сұрап тұрғандай көрінеді. Маған мұның өзі ұят сияқты, сондықтан да мен Одан алдағы уақытта Ол үшін қуанышты түрде азап шегетін шыдам бер, — деп сұрадым. Осыдан соң менің жүрегім қуанышқа толды, сонда осы жерге Құдай сені маған жіберді! Мен көптен бері Тәңірден өзіңмен сөйлесуге жағдай туғызуды сұрап жүрдім. Егер Дубравкада Құтқарушыдан бәрі бас тартса да, сен олай етпейсің, — деп ойлаймын. Тәңірді ренжітпеу үшін сен бүгін трактирге бармайтынға ұқсап көрінесің маған. Рас па? Мен сенің онда барғаныңды елестете алмаймын...

Ол үндемей қалды, маңайда тыныштық орнады. Марьюшка басы салбырап, өзіне не болғанын түсінбей

тұрды, оның жүрегі астаң-кестең болды. Құдай ақиқаты таудың төбесінен шашырай шығып келе жатқан күннің алғашқы сәулесіне ұқсап, жазықтағы қараңғылық түнегін түріп келе жатқанындай, өзінің жас жанын қозғағанын ол әлі сезген жоқ еді.

«Степан Құдай Ұлын сүйеді және Оның соңынан ереді. Ол адамдар атап жүргеніндей құрғақ «арманшыл» емес. «Арманшылдар» — кең жолға түскен олардың өздері. Трактирде қасиетті әйелдерге ұқсап өзінді сезінбейсің, — деп Степан дұрыс айтады; енді Степанды да Марьюшка ол жерде өз көз алдына елестете алмады. Ол Құдай Ұлын ренжітіп, сол жерге несіне барады? Оған барлық шындықты айтқан Степан дұрыс істеді. Оған Иса Мәсіх туралы айтқанда бәрі түсінікті бола түсті. Осы кезге дейін мұны ол неғып білмеген?»

— Әне, атай келе жатыр! — деп қуана үн қатты Степан. — Бүгін күн онша суық емес, біздің осы бөлмелердің біріне отыруымызға болады. Бұл жерде оқуымызға ешкім кедергі келтірмейді. Ал сен, Марьюшка, қайда барасың?

Жас қыздың бүкіл тұла бойы дірілдеп кетті.

— Мен сіздермен қаламын.

— Сен қаласың ба?! Тәңірге шүкіршілік айтамын! Маған сене бер, Марьюшка, қалуға шешім қабылдағаның үшін ешқашанда өкінбейсің.

Сәлден соң күн сәулесі ғажап көріністі нұрға бөлеп тұрды: үйіндінің үстінде ақ шашты қарт, оның аяқ жағында жас қыз отыр; екеуі де оларға Киелі кітапты оқып жатқан жас жігітті терең ынтамен тыңдауда. Жігіт оларға адаспайтын және ақылға қонымсыз іс істемейтін, әрі Тәңірдің құтқарылуы арқылы жүріп жатқан сол бір сенімді жол туралы оқуда. Степан оқуын дұғамен аяқтады; одан соң Тәңір ақиқаты туралы ой-пікірлерін қызу бөлісіп, үйлеріне бірге қайтты.

Қоршаған дүние олар туралы әлі де ештеңе білмеген «арманшылдардың» Дубравкадағы алғашқы жиыны осылай өтті.

4. ІЗГІ САМАРЯНДЫҚ

С. деген жерде жәрмеңке ашылды. Онда, әдеттегідей көптеген мастар болды; олардың арасында Петір Крачинский де бар еді. Оның аяқтары шалынғанымен, ол арқасына түйіншегін салып, қолына жаңа скрипкасын ұстап, алға жүріп келе жатты. Оның беті қызарып, бұлыңғырланған көздері жан-жағын тынымсыз кезеді.

Петір балалық шағынан скрипкада ойнауды сүйетін. Бала кезінде өзге балалармен мал баққан уақытта, ол үнемі скрипка сияқты бірдеңені жасап отыратын. Ол нағыз скрипка туралы көптен бері армандайтын, бұдан үш жыл бұрын жақсы ойнауды да үйреніп алды. Оған әуенді бір рет естігені әбден жеткілікті еді, оны ойнай беретін. Бүгін ол өз өнерімен Степанды таң қалдырғысы келді.

Енді Крачинская да Петірді — өз скрипкамен уақыттыңды текке жоғалтасың, — деп сөгуді қойды. Оны трактирге де, тойға да ойнауға шақыратын; осындай жолмен өзінің тігін станогында отырғаннан да көп ақша тауып жүрді.

Бірақ ол ақшалар қайда кетті, Петір оны қайда жұмсады дейсің ғой? Ол ырду-дырду өмір сүруді, ішуді жақсы көретін, бірақ онда жұрттың шаруасы қанша, басқа жас жігіттер де одан жақсы тұрмайтын.

Балалық шағында Петір ажарсыз болды, сондықтан «жасыл бақа» деген лақап атты иеленді. Қазір ол сымбатты да, тартымды жігіт. Крачинская жесір болмаса, оған әскер қызметінен қалудың реті келмес еді. Жұқалаң қызғылт даққа бөленген оның беті сүйкімді еді: көздері көкшіл, шашы қара, маңдайы биік, жазық болатын. Адамдар оның ата-анасы өз уақытында өте сұлу болды деп айтып жүрді.

Ол бүгін жәрмеңкеде кездеме сатып, тапқан ақшасына өзіне жаңа скрипка алды. Крачинскаяның трактир ашқысы келетін, Петір сонда бірінші скрипкашы болуы тиісті

еді. Бұл ой Қрачинскаяға бір жыл бұрын келген, сол кезден бері ол үй-жайын кеңейту үшін ағаш пен кірпіш жинауда. Бұл жоспар оған ұнады және жақсы табыс әкелуі тиісті болды.

Петір өз жолын жалғастыра берді. Ол сүрініп кеткен әр сәтте қатты балағат сөздер айтып, содан соң тағы да ән айтты, себепсізден-себепсіз ыржыңдап күлді. Көп кешікпей оны арттағылардың бәрі озып кетті де, Петірдің өзі үлкен жолдың үстінде жалғыз қалды.

Қоңырау сылдыры естілді. Бұл жәрмеңкеден село мұғалімімен бірге қайтып келе жатқан сиыну үйінің қызметкері еді.

— Тыңдашы, — деп айқайлады Петірге сиыну үйінің қызметкері — арықтың бір жерінде саған түнеуге тура келіп жүрмесін.

— Рахым етіңіз, мені өзіңізбен ала кетіңіз! — деп жалынды.

— Егер мас блмасаң, әрине, алып кеткен болар едім, — деп жауап қайырды сиыну үй қызметкері.

— Сиыну үй қызметкері маскүнеммен бірге жүреді дейсің бе? — деп ақылгөйсін сөйледі мұғалім Петірге.

— Жүргенде ғой...! — деп кекеткен дауыс естілді Петірдің жанынан.

— Екі адам бір адамды ұялтып, үшіншісі келемеждейтін жағдайда болатындай, Петір ызалана кілт бұрылды. Оның жанында стакандары бар себетін қолына ұстап, әйнек кесуші тұр екен. Ол да қызу көрінеді.

— Құрметті мырзаның қасиетті жанмен қыдырғысы келеді екен-ау, ә? — деп сөзін жалғастырды сайқымазақ.

— Кәне, енді сақтан, — деп ызылана айқайлады Петір.

— Маған айқайлауға батылың қалай барады? — деп жауап қайырып, ақырды әйнек кесуші.

— Тағы да бірнеше балағат сөздер айтылған соң, Петір скрипкасын бір жағына тастап, өз қарсыласына ұмтылды. Оның қолынан себетін жұлып алып, Петір оның басына барлық стакандарды төңкерді. Төбелес басталып

кетті. Ақыр аяғында әйнек кесуші Петірдің басына орайын тауып таяқпен қатты ұрып жіберді, сонда Петір есінен танып құлап қалды. Қорқып кеткен әйнек кесуші бұл жерден тезірек кетуді ұйғарды.

Күн кешкірді. Петір есінен танған күйі жол бойында қанға батып жатты; жанында скрипкасы, түйіншегі және сынған стакандардың жарықшақтары жатыр. Оның жанынан жиі шаналар өтуде, бірақ қызып алған еркектер үйлеріне асығып, сезімсіз денені ешқайсысы байқамады.

Ақыр аяғында тағы бір шана келді. Онда отырған адам мастардың әнін шырқамады. Ол тоқтай қалып, атының әбзелін тарту үшін шанасынан түсті. Кенет ол жол бойында жатқан скрипканы байқады. Ол айналасына қараса, оның көзқарасы қимылсыз, есінен танып жатқан адамға тоқтады. Ол еңкейіп, жатқан адамның басын бұрғанда:

— Мынау Петір ғой! — деп Степан қорқыныштан айқайлап жіберді.

Ол қан басқан беттің қанын қармен жуып тастауға асықты. Сол сәтте Петір тұңғыш рет көзін ашты.

— Петір, сен тірісің бе? Құдайға шүкір!

— Бұл сенсің бе, Степан! Мен қайда жатырмын?

— Сен қан-қан болып, жол бойында жатыр екенсің. Сен, немене құлап қалдың ба? Қалайша мұндай жағдайға ұшырадың?

— Иә, менің есіме енді бәрі түсіп келеді. Мен бір оңбанмен төбелесіп қалдым, ол мені соққыға жығып кетті ғой.

Петір осы естеліктерден тағы да қатты балағат сөздерді жаудырды.

— Күнәға батпа, — деп Степан оның аузын қолымен жауып тоқтатты. — Құдай саған кешірім етіп, бір өлімнен құтқарып қалды. Егер Құдайдың қайырымдылығы болмаса, мен қалада осыншама кідіріп қалмаған болар едім, онда әрине сен жол бойында үсіп қалар едің. Ал сен көзіңді ашқан бойда, Құдайға алғыс айтудың орнына, тағы да күнәға батып жатырсың.

Степанның қатал, бірақ әділетті сөздері сауығып келе жатқан Петірге әсер етті. Өйткені сөйлеп отырған адам оның ескі досы болатын.

— Менімен бірге шанаға отыр, тезірек үйге жетейік.

— Сен шынымен мені алып кетесің бе? Мен маспын ғой!

— Сен осы жерде өліп қалып, бұл өмірде де, мәңгілікте де өлмеуің үшін, дәл осы күйіңде мен сені үйге жеткізуім керек.

— Ал сиыну үйінің қызметкері мені өзімен бірге алғысы келмеп еді, — деп есіне түсірді Петір. — Егер сол кезде ол мені өзімен алып кеткен болса, мұның бәрі болмас еді.

Оның тұла бойының бәрі ауырды; ауырған басын зорға көтерді. Петірдің шанаға қаншалықты қиыншылықпен мінгенін Степан байқады.

— Тоқтай тұр, Петір! Шанаға жат, ал мен басыңа бос қаптарды төсейін. Аяз жараңды үсітпес үшін басыңды таңып тастау керек. Міне, осылай, енді жақсы болды ма?

Степан өзінің тонын шешіп, онымен Петірді жауып қойды. Қолына делбені алды да, олар жолға шықты.

«Менің қамымды қалай жегенін қарашы, — деп ойлады Петір, — дәл сол бір ізгі самарияндық сияқты. Оны «арманшыл» дейді, бірақ ол қандай арманшыл? Ол мені өзімен бірге шанасына алып, жарамды байлап берді, өз тонын маған жапты, енді мен үшін өзі жаурап келеді».

— Степан, менің қасыма жақындап отыршы, — деп өтінді Петір. — Саған не болғанын айтып берші? Сен біздің адам емес сияқтысың, мүлде басқа адам болып оралдың. Сенің сиынып жүргенің қандай жаңа сенім? Мен оны көріп және сезіп келе жатырмын...

Құтқарушы оны күнә батбағынан қалай шығарғанын ескі досына айтып беруге ыңғайдың келгеніне Степан қатты қуанды. Ол өзі үшін Иса Мәсіхтің не істегені туралы жолдастарына айтып беретін жағдайдың тууын Құдайдан көптен бері сұрап жүрген болатын. Бірақ күнәға белшесінен батқан Петірді — өзінің алғашқы тыңдаушысы

болады деп ешқашан ойламаған еді. Степан Петірдің жанына ықыласпен отырды, оған жатуға ыңғайлы болуы үшін басын тізесіне қойып, өзінің Құдайға жүгінгені туралы әңгімелей бастады. Олар осындай бейбіт әңгімемен қысқы түн ішінде жүріп келе жатты. Ашық жұлдызды аспан олардың үстіне жамылғысын жауып, маңғаз да, үнсіз төніп тұрды. Степан өткен өмірі туралы әңгімелей отырып, оны күнәдан құтқарған Құдайдың күнәкарға деген ғажайып махаббаты туралы қызулықпен сыр шертті. Петірдің өз күнәсін арқалап, айқыш ағашқа келуін Степан қалай аңсады десеңші. Тек сол жерде ғана құтқарылу болады. Мәсіхсіз күнәкарды айқын өлім күтеді.

Степан үндемей қалды. Оған әлсіреген Петір ұйықтап кеткендей болып көрінді. Бірақ Петір оны ықылас қоя тыңдап жатты, Петірдің жаны терең ұйқыдан баяу оянып келе жатыр еді.

— Степан, — деп үн қатты ол, — Құдай, Иса Мәсіх мен сияқты бақытсыз адамды кешіре ала ма, қалай ойлайсың?

— Әй, Петір, — деді Степан дауысы дірілдеп, — сен менен асқан күнәкар емессің. Егер ол мені қабылдаса, онда басқа кез келген адамды да қабылдай береді, өйткені «Адам Ұлы күнәкарларды жазалап және құтқару үшін келді».

Үйдің алдына келгенге дейін Степан Петірге Құдайдың ұлы істері туралы әңгімеледі. Ол оған бүкіл дүниенің күнәсін арқалап, заңды бұзушылар үшін өлген Иса, Құдайдың Құрбандық қозысы туралы айтты...

Крачинская кемпір ұйықтап жатқан еді. Ол ұлының келгенін естіген жоқ. Сол сияқты ол Степанның Петірдің жарасын қалай жуғанын, содан соң екеуінің ас бөлмеде тізелерін бүгіп, қалай дұға оқығандарын да білген жоқ. Ертеңісін басын таңулы жатқан ұлын көріп, әрине, оның төбелескенін түсінді, енді ұйқысынан балағат сөздер айтып оянады деп күтті. Бірақ ол ұйқысынан ақырын тұрып, жұмысына ыждағаттылықпен кіріскенде: «баласы ауырып қалған жоқ па екен?» — деп мазасызданды. Ол

баласын ұзақ уақыт бойы бақылады, ақыр аяғында оған не болғанын сұрады.

— Мен өзімді келеке етіп кетпекші болған бір маспен төбелесіп қалдым, — деп жауап берді Петір. — Бірақ бұл — енді соңғы рет болған іс. Бұдан былай мен ешқашанда ешкіммен төбелеспеймін.

— Егер бұл солай болса, жақсы, ұлым. Төбелес жақсылыққа апармайды, — деді кемпір демін күрсіне алып, ал өзінше: «Сауыққан соң, бәрібір сол қалпына түседі», — деп ойлады.

Бүкіл апта бойына Петір басын таңып жүрді, оның тұла бойын жиі қалтыратқан діріл билейтін. Жексенбі күні тіпті Крачинская одан сиыну үйіне барар-бармасын да сұраған жоқ. Ол кездескендерге өзінің қам-қаракетімен бейбастақ кеткен ұлы туралы әңгімелеп, сиыну үйіне жалғыз кетті.

— Соған бола қамығуға бола ма, — деп кездескендер оны жұбатумен болды. — Жас өсе келе жуаси береді. Біз де жас болғанбыз. Степан Хратский сияқты тұнжыр «арманшылдан» гөрі осындай әдемі жігіттің шешесі болған жақсы емес пе!

— Ол Степанға жақындап көрсін мойнын өзім жұлып алайын, — деп мақұлдады Крачинская.

— Ол жағынан қам жеме, — деп күлді әйелдер, Петір Крачинский әулиеге айналғанша, одан да мыс тиын алтынға айналар.

Бұл сөзді жұрттың бәрі күліп қарсы алды. Крачинская кейінірек сиыну үйінен шығып келе жатқанда, әйелдердің сөзін әлі де күле есіне алды. Ал осы кезде Крачинскийлердің үйінде екі жас жігіт Киелі кітапты алдарына жайып отыр еді. Олар қанша оқыса да құмарлары қанбайтындай көрінді. Содан кейін олар тізерлеп отырып Құдайға қатты жалбарынды, ал жігіттердің біреуі жылап алды.

5. ЖОЛДАСТАР

— Петірдің басы қатты ауырып жатқан болуы керек, бүгін ол биде жоқ қой, — деді биге жиналған жастар.

— Ал Марьюшка қайда? — деп сұрады Мишко Блашконың бөлмесіне кірген біреуді. — Ол өткен жексенбиде де болған жоқ, бүгін тағы да келмеді.

— Иә, — деп түнере жауап берді Мишко, — ол биге енді ешқашан да бармаймын, — деп айтқан болатын. Бұл жерде не болды, біреу оны жәбірлеген жоқ па?

— Білмейміз, ешкім де жәбірлемеген сияқты...

— Оқасы жоқ, бәрі орнына келеді көп кешікпей, Марьюшка да осы жерге келіп қалар, — деп жауап берді кейбіреулері.

Келмей қалғандарсыз да жастар көңілденуде. Бірақ Мишко Блашкоға мүлде көңілсіз еді. Үйден шығып келе жатқанда Марьюшка айтқан сөз оның көңілінен кетпеді.

— Мишко, ол жаққа барма. Екі тәңірге: Құдай мен жын-періге сену күнә. Бүгін жексенбі ғой. Ол жерде сен ешқандай ізгілікке үйренбейсің. Ең дұрысы, үйде қалайық.

— Шынымен Степан сияқты құрғақ «арманшыл» деген атақ алу үшін үйде қалуымыз керек пе? — деп келекелей жауап берді ол.

— Степан «арманшыл» емес! — деп қатал үн қатты Марьюшка Мишкоға қара көздерін қадап. — Тек сен ғана солай ойлайсың. Ол аспанға баратын ақиқат жолды бәрімізден де жақсы біледі. Құрғақ «арманшыл» дегеніміз Құдайды да тыңдамайтын және Иса Мәсіхті де сүймейтін адам.

Олар осылай тарасты.

«Ол былай сөйлеуді қайдан үйреніп жүр? — деп ойлады Мишко. — Степанның «арманшыл» емес екенін ол қайдан біледі? Степан оның әкесіне келгенде Марьюшка үйде жоқ еді ғой. Көңілдену — күнә, — дегеннің өзі таңқаларлық емес пе?»

Мишко трактирде ұзақ отыра алмай, көп кешікпей үйіне қайтты.

«Степанға кіре кеткен дұрыс болар еді-ау, — деп ойлады Мишко үйіне қайтып келе жатып. Мен онымен бір әңгімелескеннен кейін бірден «арманшыл» бола қалмаймын ғой! Біз онымен балалық шақтан дос болдық, қазірдің өзінде, шынын айтқанда, одан қашқанымызбен ол бізді ештеңемен жәбірлеген жоқ. Бәлкім, Марьюшканың айтқаны дұрыс шығар. Степан әрқашан да бізден ақылдырақ болды және әскерде шындығында да жақсы бір іске үйренген болуы керек. Мүмкін, ол бізге бір ізгі іс тілейді, ал біз түсінбей жүрген шығармыз. Не де болса барып, онымен ашық әңгімелесейін».

Бірақ балалар Степанның үйінде жоқ екенін айтты. Бұл Мишконы ызаландыра түсті. Сол кезде ол Петірді еске алып, оған соға кетіп, Степан туралы оның пікірін білуге ұйғарды.

Крачинскийлердің үйіне жақындағанда ол скрипканың дыбысын, әннің мадақтау әуенін естіді. Ол есікті тез ашып, қол аяғы байланғандай тұрып қалды. Столдың жанында Хратский атай отыр, оның жанында бір кітапқа қарап, Степан мен Марьюшка ән шырқап тұр. Петір скрипкамен сүйемелдеуде. Мишко олардың жанына үндемей келіп отырды. Жүзі нұрлана түскен Марьюшка оған кітапшаны берді, олар енді аяғына дейін қосыла шырқады. Содан соң Мишко бұл жерге Петірді іздеп келіп, кездейсоқ жолыққанын айтты. Енді олар бәрі бірге жиналды, Степан оларға Құдай сөзінен кейбір шумақтарды оқып, оқығандарын түсіндіруін өтінді.

«Өте жақсы, — деп ойлады Мишко, — мен енді ол «арманшыл» ма, жоқ пе? — соны көрейін».

Оқу мен әңгімелеу кешке дейін жалғасты. Бәрі оқуға беріле түсті. Мишко ұзағырақ тыңдаған сайын Степан ешқандай да «арманшыл» емес, — деген ұйғарымға келді.

Степанның жаңа достары оған барған сайын беріле, үлкен сүйіспеншілікпен қарады.

— Тыңдашы, ұлым, — деді Хратский қарт олар Крачинскийдің үйінен шыққанда Мишкоға қарап, — салыстыру үшін айтайын, біз бәріміз осы жерде дәл бір Құдайымыз жоқ сияқты, меңіреу мал сияқты тұрдық. Степан қазір мені үйреткендей мен оның әкесі мен өзін баяғыда үйретуім керек еді. Бірақ адам ештеңе білмеген кезде амал қанша? Қандай күнәмен өмір сүргенімізді, мұның күнә екенін ойламай, Құдай өсиеттерін аттап, қанша жыл жүргенімізді еске түсіремін... Иә, ұлым менің, Степан сияқты сен де жүгін, сол кезде сен мен сияқты үлкен күнәға батқаныңа өкінбейсің.

— Бірақ, атай, — деді Мишко көзіне келген жасты сүртіп жатқан қартты жұбатып, — сіз әрқашан да адал және тәртіпті адам болдыңыз ғой. Ақымақтық іс жасадыңыз деп сізді ешкім де кінәлай алмайды.

— Құдай Тәңірден басқа ешкім де адал емес, ұлым. Жалғыз Ол бәрін біледі. Құдайдың ұлы махаббаты туралы Степан айтқанда бүкіл өмір бойына оны тыңдамай келген және Оны үнемі ренжітіп келген мені Тәңір сүйеді дегенге сене алмаймын...

Осымен әңгімені тоқтатуға тура келді, өйткені оларға Крачинская кемпір жолықты. Ол қазір ғана үйіне қайтып келе жатты. Құдайға құлшылық еткеннен кейін ол көптеген құрбылары мен көршілерінің үйінде болып үлгерді.

Келесі күні Блашко кептірілген жеміс сату үшін үш аптаға жүріп кетті. Бұл кезде Марьюшка Мишко мен кішкентай Мартынның қамын жеп шаруашылықпен айналысып қалды. Осы кезде әкелі-балалы Хратскийлер де өз шаруаларымен кетіп қалды.

Оларды шығарып салғаннан кейін Степан Марьюшкаға әлгінде ғана көшеде кездестірген оның әкесінің тапсырмасымен кірді. Скрипкасын қолына алған Петір де келді. Олар Құдай Сөзін бірге оқып, мадақтау әндерді шырқады. Бұл кештің оларға ұнағаны сондай, әрбір күні жиналуға ұйғарды.

Әуелі олардың өздері ғана жиналды, бірақ көп кешік-

пей олардың әнін бөгде адамдар да тыңдай бастады. Кейде кешігіп қалған, кешке диірменге астық әкелетін мұжық бұлардың жанына отыра қалып, әсем ән мен Құдай сөзін тыңдайтын жағдайлар да кездесетін еді.

Степан өзімен бірге үнемі атайды әкелетін, Петір өзімен бірге досы, тігінші Петранды ертіп келетін болды. Петранның өзі басқа деревнядан еді, бірақ оның әйелі осы дубравкалық еді. Үйленгеннен кейін ол Дубравкада қоныстанып қалды, бірақ қайын енесі оны жақтырған жоқ, оның әйелі де шешесінен асып кетпеді. Петран кейде үйден шығып кететін оңтайлы жағдай кездесе, қуанып қалатын. Оған диірмендегі жайлы бөлмеде Степан оқитын және мағынасын түсіндіріп беретін ғажайып сөздерді тыңдап отыру ұнайтын.

Бұл кішкентай үйірмені Құдай ақиқатының шындығы баурап алғаны соншалық, олар айналасындағыларды да ұмытып кетті. Олардың бар ынтасы — басқаларды да құтқарылу жолына шақыру болды.

Көп кешікпей-ақ бұлар жөнінде барлығы да айта бастады. Степан Хратский өзімен бірге жаңа сенім әкелді, — деген хабар тіпті алыс жерлерді де шарлап кетті. Блашко мен Хратскийлер кеткеннен кейін бірнеше күн өтті. «Арманшылдар» жиыны жөніндегі сыбыс Дубравкадан тыс алыс жерлерге де жетті. Жаңа сенімді Хратский қарт, Марьюшка және Блашко, Петір Крачинский мен Павел Петран қабылдаған екен, — деп айтып жүрді. Олардың бәрі жаңа сенімге өтіп қана қойған жоқ, оған басқаларды тартуға да бар күштерін салуда. Жаңа сенімге енген адамдардың темекі тартуына да, арақ ішуіне де, кабак пен серуенге баруына да, билеу мен әр түрлі көңіл көтерулеріне тиым салынады. Тек барлық уақытта Киелі кітапты алып, дұға оқып отыру талап етіледі.

Дубравкалық бұл «арманшылдар» жексенбілікте сиыну үйіне барып жүрді, бірақ сиыну үйіне барар жолда оны қатысатындармен сенім жөнінде пікір таласына түсетін. Жастар оларды келемеж қылса, үлкендер ұрысатын. Бірақ

оларды бәрінен бұрын Петір Крачинскийдің бойындағы түсініксіз өзгеріс таң қалдырды. Ол енді кабакта көрінбейтін болды, бейпіл ауыз сөзін де тоқтатты, бұрынғы кезіндегідей төбелескен де, ішкен де жоқ. Оны скрипкада ойнауға шақырғанда, ол: «Мен жын-шайтан үшін ойнай алмаймын, өз өмірімде жетерліктей күнәға баттым», — деп жауап берді. Үйінде ол тігіншілікпен бар ынтасымен айналысты, ал кешкісін диірменге, Блашкоға барып тұрды.

Крачинская кемпір баласының мойнын жұлып алған жоқ, ол Петірдің бойындағы өзгеріске қайран қалды. Бірақ алғашқы қорқынышынан кейін, көп кешікпей-ақ жас жігіттің сенімін қорқыту да, үркіту де, қарғау да, көз жасы да өзгерте алмайтынына көзі жетті.

— Өзіңнің қалағаныңды істей бер, анашым, — деді ол. — Тіпті сен менен безіп кетсең де, бәрібір мен Степанды жалғыз қалдырмаймын. Өйткені Иерихонның жанында қарақшылар қолына түскен сол бір бақытсыз адамға ұқсап, жол бойында жатқанымда, жалғыз сол аяушылық білдірді. Сиыну үй қызметкері де, мұғалім де жанымнан өте шықты, маған жалғыз Степан ғана көмектесті. Өмірімді бір рет құтқарып қалғанының өзіне мен оған шексіз қарыздармын. Ол мені сол жерде қалдырып кеткен болса, мен қазір тозақта қиналып жатқан болар едім. Бірақ жалғыз бұл ғана емес. Степан Құтқарушы біздерге жүруге өсиет еткен тар жолды да көрсетті. Құдайдың көмегіне сүйене отырып, мен сол жолмен жүруге ұйғардым.

Басқа әйелдердің арандатуымен Крачинская қолынан келгенінше ұлымен соқтығыса берді. Петір көбіне адам төзгісіз жағдайға түсті, жүзі қуарып кеткен ол, үйінен кетіп те қалатын. Бірақ шешесі оның ызасын келтіре алмады және оның мінезін өзгертуге де күші жетпеді. Ақыр соңында, шешесі оны жайына қалдырып, қалағанын істеуіне мүмкіндік берді.

Блашконың әкесі үйіне ойлағанынан бұрын оралды. Ол үйге келген кезде, олардың барлығын Құдай Сөзін тындап отырған күйінде кездестірді. Марьюшка ұршық-

тың артында, оның қасында кішкентай Мартин отыр. Столдың жанында Хратский атай мен Степан отыр; Мишко пешке сүйеніп, түрегеліп тұр, ал Петір плитаның жанына отырды. Блашко қатысып отырғандарға таң қала қарады. Бет әлпеттеріне қарағанда бұл адамдар бақытты сияқты. Әлі де ешкім оны байқамады, ал ол Степанның Құдай Сөзін жиналғандарға түсіндіріп жатқанын тыңдады. Ол Мәсіхтің шеккен азаптары жайында оқуда, Мәсіхтің айқыш ағашта өлген жеріне жеткенде, Степан тына қалды, бөлмеде тыныштық орнады. Дәл бір өліп бара жатқан адамның төсегінің жанында отырған адамдар жердегінің бәрі таусылатынын жүрек дірілімен сезген шақтағыдай.

— Мен осы оқығанымыз туралы бұрын да жиі естіп жүргенмін, бірақ Құдай Ұлының менің күнәм үшін өліп бара жатып, қалай азап шеккенін бүгінгі күнге дейін ешқашан сезбедім, бұл өзі таң қаларлық жай, — деді Петір тыныштықты үзіп.

Блашко сөйлеушіге қарады. Осыны шынымен айтып тұрған әрқашан да жеңіл ойлылығымен және ащы сөзімен көзге түсетін Петір ме?

— Сен әлі жассың, ұлым менің, — деп үн қатты қарт Хратский — Степан оқыған кезде менің жаным не күйге түсті десеңші! Ақыр аяғында, Оның Сөзін түсіну үшін Құдайдың Өзі біздің көзімізді ашты. Құдай Ұлына біздер құдайсыздар үшін қаншама азап шегуге тура келді десеңші!

— Ал біз мұны баяғыдан-ақ білгенімізбен, Ол туралы ешқашан ойланған емеспіз, — деді Марьюшка.

— Сенің айтқаның дұрыс, — деп келісті Степан. — Біз Оның шеккен азабының бізге мүлде қатысы жоқтай өмір сүрдік. Еремияның жоқтау кітабында жазылғандай Иса Мәсіх шынында да біз үшін азап шекті, өйткені онда: «Қараңдаршы және үңіліп көріңдерші, Құдай Өзінің жалындаған ашуы қысқан күні менің басыма жіберген аурудай ауру бар ма?» — деп жазылған.

— Оны бұдан әрі ұмытпайтын болайық. Оған ыждағатпен қызмет етейік. Оны тыңдайық; мұны біздің бәріміз де істей аламыз, — деп жұбатты достарын Мишко.

— Біз ештеңені түзей алмаймыз, — деп қарсы болды Степан, — өйткені біз Құдайсыз өткен күндерімізді қайтара алмаймыз.

Бұл сөздер Блашконы таңтандырды. Оның бөлмеге кіріп, әңгімені тоқтатқысы келіп еді, кенеттен Хратский:

— Құдай Ұлының біз үшін азап шегіп қорланғаны, ал адамның Ол үшін ештеңеге де төзе алмағаны таңданарлық емес пе? — деді.

— Ой, атай, — деп қосып қойды Марьюшка оған қарап, — біз кеше оқыған азап шегушілерді еске түсіріңізші.

— Иә, өткен заманда ондай адамдар болған, бірақ сенім үшін осыншама шыдайтын ондай адамдар қазір жоқ. Қалай ойлайсың, сен, Степан?

— Мен былай ойлаймын, атай, егер Мәсіх үшін менің азап шегуім Құдайдың еркі болса, онда бұл үшін біздің Аспандағы Әкеміз маған күш-жігер беруі тиісті. Өйткені азап шегушілердің өздері де біз сияқты адамдар болды ғой. Қажет кезінде аяғына дейін адал болып қалу үшін, Құдай оларға күш-жігер берді. Ол менімен де солай етуге тиісті, — деп ойлаймын. Мұның бәрі біздің Құтқарушыға деген сүйіспеншілігіміздің дәрежесіне байланысты. Дәл қазіргі минутта Ол мен үшін шыдағанындай, мен де соққыға шыдайтын сияқтымын. Мен одан ешқашан да безбес едім.

Ол бұл сөзді өте ақырын айтты, бұл сөздер оның жан түкпірінен шыққан шынайы арманға ұқсайтын. Бірақ мұны Блашко естіді, бұл сөздер оның қатты ызасын келтірді.

— Балақай, масаттанба! — деп, кәрлене айқайлады ол.

— Сен ешқашан да ештеңеге шыдап көрген жоқсың, Тәңірмен бірге өлімге дайынмын, — деп елші Петір де сендірген, ал онысынан не шықты? Нағыз қауіп келген кезде сенің де қалай әрекет жасағаныңды көрерміз.

Бәрі де Блашконың кенеттен пайда болғанына таң

қалды. Марьюшка әкесіне арнап столға дастарқанды тез жая бастады. Мишко ағасын қарсы алуға шықты, ал Петір отын әкелуге кетті...

Степан Блашкодан әкесі мен Андрейдің үйге ертең келуін ұйғарғанын білді. Ол жанындағылармен қошта-сып, бұл хабарды шешесі мен жеңгесіне айту үшін, үйге асықты. Марьюшка оны есікке дейін шығарып салуға шықты.

— Степан әкейге ренжіген жоқсың ба? — деп сұрады ол Степаннан.

— Мен бе? Оның несіне ашуланамын.

— Өйткені, сен, әрине, ешқашан Құдайдан безбейсің ғой!

— Менің ойымша, тіпті өлімге баратын болсам да, безбес едім. Бірақ сенің әкеңнің айтқаны дұрыс, біз тек әлсіз де, қауқарсыз адамдармыз. Мәсіхтен бас тартқанша, шешуші минуттарда маған өлімге келісуге күш бер, — деп Құдайға жалбарынып, сұрау керек. Сау бол, Марьюшка, қайырлы түн!

6. МӘСІХ ҮШІН

Хратскийлер келесі күні, сәрсенбіде келді. Бейсенбіде Хратский жәрмеңкеге шошқаларын сатуға кетті. Жәрмеңкеден соң бір рюмка ішу үшін ол трактирге кірді. Онда халық көп екен: біреулері әлі сау, екінші біреулері қызып алған, сондай-ақ, мүлде мас болғандары да бар. Ондағылар Степан және оның жаңа сенімі туралы жайылған қауесеттерді Хратскийге хабарлады. Ортақ әңгімеге әйелдердің шаң-шұң еткен дауыстары да қосылды.

Хратский бәрін тыңдай отырып, үн қатқан жоқ. Ол рюмкадағыны ішіп алған соң, орнынан тұрды да, дереу үйіне қайтты. Үйінде оны келіні қарсы алды. Хратский одан Степан туралы, оның Блашконьң үйіне барып, бас-

қалардың да сонда дұға оқуға жиналатыны рас па? — деп сұрады.

Қайнысын өсектеудің оңтайы келгеніне қуанған келіні, Степан оны және шешесін де Блашконың үйіндегі жиынға шақырғанын әңгімелей бастады; ол туралы бұдан басқа да небір сөздерді көпіртіп айтып, Хратскийдің ұлына қарсы ашу-ызасын қоздыруға үміттенді. Степанның оларға, адал адамдарға, жүзіңді күнәдан Құдайға аударып, жүгінуге әлі де кеш емес, — деп қайта-қайта үгіттегені оны ызаландыратын. Бетка бұдан Степанның қазір қоймада екенін қосып қойды.

Далада кеш түсе бастады. Кешкі күн сәулесінің сөне бастаған шапағы жұмысқа берілген Степанға түсіп тұрды. Ол өте тартымды жігіт еді, әкесіне тек күші мен бойы жағынан ғана бой беретін. Хратский қойманың табалдырығында тұрып қалды. Батып бара жатқан күн сәулесі оның шараптан күреңіткен жүзіне бірер минутқа нұрын түсірді, Хратский сымбатты еркек еді. Оның қара мұрттары ашық жүзіне ерлікпен, қатаңдықтың кейпін беретін. Ұлдарының бірде-біреуі оған ұқсамайтын. Онымен салыстырғанда олар қушық жауырынды және әлсіз болып көрінетін.

Бір минуттай кідірген Хратский, бір шешімге келіп, есікті сарт еткізіп жапты да, қоймаға кірді. Жартылай қою қараңғылық Степанды бұрылып қарауға мәжбүр етті.

— Әке, бұл сіз екенсіз ғой, — деп жымия сөйледі ол. — Мен тіпті қорқып кеткен едім.

— Қорықтым — дейсің бе? Менен қорқудың себебі бар екен ғой, бейшара?

Хратскийдің дауысы балғанын астынан шыққан суық болаттың үні сияқты шатынап шықты. Шарап оның басына тепті.

— Мені қорқуға мәжбүр ететіндей, ештеңе істеген жоқпын, әке, — деді Степан байсалды жауап қайырып.

Ол қолын айқастырып, ағаш бағанға сүйеніп тұрған әкесіне қалтқысыз көңілмен қарады.

— Сен ештеңе істеген жоқсың ба? Сенің Өз күнәңді теріске шығаруға қалай батылың барады?... — деп айқайлады әкесі ұлына сұмдық бір қарғыстарды жаудырып.

— Мен шын айтамын, сізге қарсы ешқандай күнәмді сезінбеймін және қарғамауыңызды өтініп жалынамын. Өйткені біз, әрбір парықсыз айтылған сөз үшін ақырет күнінде жауап беретінімізді білеміз.

— Тоқтат! Маған сенің уағыздарыңның керегі жоқ. Маған мынаған жауап бер: Сендердің Блашконікінде жиналып, сенің сол жерде өз «арманыңды» түсіндіріп, адамдарды бұзатының рас па?

— Иә, біздер Блашконікінде жиналамыз, бірақ Құдай Сөзін бірге оқып, талдаймыз, бірақ ешкімді де азғырмаймыз. Біз тек Құдай өсиеттерімен жақынырақ танысуға тілек білдіргендерді ғана шақырамыз.

— Сонымен, сен мұны мойындайсың ғой?

— Менде одан бас тартатындай себеп жоқ.

— Сенің сол істі жалғастыруыңа мен жол береді, — деп ойлайсың ба? Саған бола, адамдар мені жаманатқа таңып жүр. Ұятқа қалу және масқара болу үшін өсірдім бе, мен ұлымды? Дәл қазір осы жерде сен өзіңнің құрғақ «арманыңды» қалдырасың және біздің әкелеріміз қалай өмір сүрсе, барлық адамдар қалай тіршілік етсе, сен де солай өмір сүресің. Ешқандай да жаңа «сенімге» мен жол бермеймін. Сен басқа жігіттер сияқты бұрынғыдай серуенге баратын боласың, іс сонымен бітеді? Егер олай болмаса мен сенің бұл «арманыңның» быт-шытын шығарамын!

Хратский, ұлына қаһарлана қол көтерді. Оның қуатты тұлғасы одан әрі зорая түскен сияқты. Бірақ Степанның сымбатты тұлғасы сымға тартылғандай тіктеле қалды; оның көздерінде Құдай мезбағында жағылған от үшқыны тұтанды.

— Мен «арманшыл» емеспін, әке! — деп байсалды да айқын жауап берді ол. — Егер Иса Мәсіхтің соңынан жүруді сіз «арман» деп айтатын болсаңыз, мен одан безе

алмаймын. Сіз мені күнәға батуға және билеуге мәжбүр етуге дәрменсізсіз. Тән талабына ғана бағынып өмір сүріп, жын-шайтанға қызмет ете алмаймын. Мен бұрын істеп жүргенімдей және қазір де жұрттың бәрі істеп жүргендей Құдай еркіне қарсы шығып, Оның заңдарын аяққа баса алмаймын. Барлық адамдарды, сізді де әке, осыған үгіттеймін: дүние жолы мен жын-шайтанға қызмет етуді тастаңыз. Бар жүрегіңізбен мәңгілік және ақиқат Құдайға жүгініңіз!...

Күшті соққы Степанның сөзін үзіп тастады. Хратский ұлына ұмтылып, оны соншалық күшпен сілкілегені сондай, Степанның иығындағы кафтаны жерге түсіп қалды.

— Сен әлде де маған қарсы шыққың келе ме, оңбаған. Ақыр аяғында, менің бұйрығымды тыңдайтын боласың. Әйтпесе, мен сені өмір бойына ұмытпайтындай етіп, соққыға жығамын. Мен сені төртінші өсиетті сақтайтындай етіп үйретемін!

— Әке, сенің соққыларың маған ештеңе бермейді, өйткені ақиқат жолынан безе алмаймын. Иса Мәсіхті де мен үшін соққыға жыққан; мен де Ол үшін бірдеңеге төзетін шығармын. Тек бұлай істей көрме, әке, өйткені кейінірек бұған өкінетін боласыз.

— Сөйтіп, сен Иса Мәсіх сияқты болуды армандайды екенсің ғой? Жарайды, жақсы!

Хратский бір жағына секіріп кетіп, еденнен арқанды алды да Степан өз-өзіне келгенше оны бағанаға байлап тастады. Әкесінің арбадан қамшыны алып жатқанын көрген Степан еріксіз дірілдеп кетті. Оны азап шегу алдындағы бір минуттік қорқыныш баураған еді, оның үстіне осындай зығырданын қайнатар қорлық алдында оның солдаттық намысы да өз сөзін айтты. Осы жерде ол: «Егер саған қауіп туса, Тәңірден сен де Петір құсап бас тартасың», — деген Блашконың сөзін есіне түсірді. Сонда ол не деп жауап беріп еді? «Бас тартқанша, өзімді өлім халіне жеткенше ұруға дейін төземін?» — деген еді.

Степан көзін жұмды да, қалшиған күйінде күтті. Оған

ұзақ күтуге тура келген жоқ. Соққы үсті-үстіне жауып кетті. Ол соққылар жан шыдатпайтын ауру туғызды, бірақ ол тек айқайлап жібермеу үшін ғана емес, сондай-ақ, ыңқылдап жібермеу үшін де ернін тістеді.

— Сен өз «арманыңды» қалдыратын шығарсың?! — деп айқайлады ызаланған Хратский.

— Ақиқаттан бас тарпаймын, — деп аурудан толқыған үнімен нық жауап берді Степан.

Соққы... тағы да соққы, қамшы сынып қалды. Әкесі қамшының сабын көтермек болып еңкейгенде ұлы айқын байқалатын терең мұңмен өз жендетіне қарады. Степанның маңдайында суық тер шып-шып жүгірді.

— Әке, мұны істемеңіз! Егер сіз мені өлтіретін болсаңыз, менің жанымды бәрібір өзгерте алмайсыз, өйткені «аяғына дейін шыдаған құтқарылады». Бірақ бұған дейін сіз қазір де, о дүниеде де азап шегесіз. Өзімнің туған баламды себепсізден себепсіз өлтірдім, — деген ой күндіз-түні соңыңыздан қалмайды.

Бұл сөздер семсер сияқты Хратскийдің жүрегіне қадалды. Ол өз ісінің дұрыс емес екенін сезіне бастады, осының өзі оның жан ауруын күйзелте түсті. Ар-ожданы ұлын осыншалық азаптаудың керек емес екенін айтты; ол ұлынан кешірім сұрауға тиісті. Басқа бір дауыс алғашқысын тұншықтырып: «Бұлай істеме!» — деп нықтап тұрғандай. Ашуы шектен шыққан ұлын тағы да қатты соғып жіберді. Ол қалай болса да Степанды айқайлауға мәжбүр еткісі келді. Оны Құтқарушының азабын еске түсіретін осы бір үнсіз шыдам мен мойын ұсыну қорқытты, әрі құтырта түсті. Оның — адам айқайын естігісі келді, бірақ құлағына үнсіз ыңқыл ғана жетіп жатты. Ақыр аяғында Степанның аяқтары шалынысып, ол бағанға таңылған қолдарына салбырап қалды; аузы мен мұрнынан қан жылымшылап ақты.

Хратский мұны көрген жоқ. Оның істегенін кабактағы еркектер де істейтін еді, сондықтан ұлына тиісті жазасын бергені үшін ол қоймадан риза болып шықты. Бірақ ол

үйіне бармай, болған оқиға жөніндегі естелікті шараппен тұншықтырғысы келіп, трактирге беттеді.

Қоймадан шыға бере жақын жерде тұрған Блашконы ол байқаған жоқ. Блашко қоймаға бірнеше минут бұрын келіп, іште не болып жатқанына құлақ түріп тұрған еді. Ол соққы мен Хратскийдің балағатын естіді және де жауабына ешқандай айқайды естімей, таңданып қалды. Степанның әлсіз дауысын естігенде оның ойын суық леп шалып өтті. «Хратский ұлын ол жөнінде тараған сыбысқа байланысты ұрып жатқан жоқ па? — деп ойлады Блашко. — Мәсіх үшін Степанның соққыға төзе алатынын, не төзе алмайтынын көрерміз. Көп кешікпей-ақ оның мақтануға зауқы да соқпас». Ар-ожданы қоймаға кіруге итерді, бірақ ішкі бір дауыс: «Кіріп көр! Хратский — қаскүнем адам; оның онда не істеп жатқанын қара!» — деп нықтады. — «Оқасы жоқ, — деп түнере байлам жасады Блашко, — әкесінің өз ұлын жазалауға қақысы бар. Егер де ол ұлын өте қатты ұрса, әрине, мен бұл іске араласар едім».

Бірақ міне, ол Степанның әлсіз ыңырсуын естіді. «Кіріп көрейін, — деді Блашко өз-өзіне сөйлеп, — Степаннан Мәсіх үшін азап шеккен қалай екенін сұрайын». Ол қойманың есігін жайлап ашты. Кейіннен Блашко бүкіл өмір бойына өз көз алдында көрінген оқиғаны ұмыта алмады. Степанның түрі өте қорқынышты еді: бүкіл денесі баттасқан қан, көйлегі жыртылып, ол да қан-қан болған. Егер бағанға байланған қолдары болмаса, Степанның денесі ендігі жерде еденде жатыр еді. «Сен неге ерте кірмедің?» — деді Блашконың ар-ожданы тағы да. — Онда бұл оқиға болмас еді...»

Степан толықсып жатты. Блашко оған жақындап, Степан бағанға таңылған арқанды қиюға асықты, содан соң жәймен оны жерге жатқызды. Құп-қу болып, қанға баттасқан бетін жарыққа қарай бұрды. Адам айтқысыз жанашырлық Блашконың жүрегін керней түсті, ол өте бір есіркеген үнмен сыбырлап:

— Степанко!... — деді.

Степан көзін ашты.

— Ағай, бұл сіз бе? Бүкіл шеккен азапқа қарамай, Құдай маған Өзіне адал болып қалуға көмектесті... — деп үн қатты ол әлсіз дауыспен.

Оның жүзінде ғажайып күлкі ойнады. Кенет оны күшті діріл билеп кетті.

— Кеттік, мен сенің тұруыңа көмектесейін, Степан. Үйге асығу керек.

— Ағатай, мені өзіңіздің үйіңізге алыңызшы, — деп сыбырлады Степан тұруға әрекеттеніп. — Шешем қорқып кетуі мүмкін, сөйтіп, үйде тағы да жанжал болады. Сізді бұл үшін Құдай жарылқайды.

— Әрине, енді, сен біздің үйге барасың. Мен шынымен тағы да сені әкеңе жәбірлеуге береді дейсің бе?

Блашко Степанға тұруға көмектесті, бірақ олар екі қадам жүрмей-ақ құрыған Блашко тағы да ақыл-есінен айырылды.

— Ол ұлын өлтірді, ал мен соған жол бердім! — деп ыңқылдады Блашко.

Осы минутта әрқашан мақтан ететін өзіндік тақуалығы ол үшін түкке тұрмайтындай көрініп, күн батар алдындағы тұман сияқты жойылып кетті. Ол Степанның есін жистыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасады, бірақ ол ешбір тіршілік белгісін байқатқан жоқ. Егер Степан өлсе, бұған ішінара кінәлі өзім, — деген ой оған қорқынышты көрінді.

Осы кезде қоймаға Петір келді. Ол Степанмен бірге Блашконікіне бару үшін соғып еді. Иә, Степан да Блашконның үйіне барды, қалай барды десеңші!

Петір Блашкомен бірге оны қолдарымен көтеріп апарды. Хратскийдің өзінің ұлын ұрғанын, оған себеп, оның «арманшыл» екендігі туралы Блашкодан Петір білді.

— Ой, ағай, — деп жаратпай үн қатты Петір. — Егер Степан мені Құдай алдындағы қорқыныш пен Иса Мәсіхті тыңдауды үйретпесе, мен қазір Хратскийге барып

бәрі үшін өш алар едім немесе қоймасын жағып жіберер едім. Степанды аңнан да бетер жазалағаны үшін оған не істейтінімізді Құдайдың өзі білсін.

Бүкіл жол бойында Петір жас бала сияқты еңіреді. Диірменге келген кезде ол қорқып кеткен Марьюшкаға болған оқиғаны айтып түсіндірді. Степанның жарасын таңып жатып, бәрі де жылады.

Ауру дем алуда, демек тірі. Көздері жұмулы, жүзі өлген адам сияқты құп-қу болып кеткен. Бүкіл денесі қанға малынған, самайының үстінде қап-қара дақ — қамшы сабымен соққан із көрінеді. Достары оған қолдан келгенінің бәрін жасады. Ақыр аяғында, Степанды төсекке жатқызғанда бәрі тізелерін бүгіп, өліп бара жатқан адамның күшін қалпына келтіруге Сол ғана мықты екенін біле отырып, Тәңірден Степанның өліміне жол бермеуін өтінді. Бұған дейін олар әлсіз және сенім жөнінен де тәжірибесі жоқ еді, бірақ енді олардың жан-жүрегі бұларды түсінетін бірден-бір Досы және Қолдаушысы тұратын жаққа бір кісідей ұмтылды.

Күшті діріл Степанды тағы да биледі. Іші-бауырын қалтыратқан ыстық оның көз жанарын тұмандатты, ақыр аяғында, көзін ашқанда ешкімді таныған жоқ. Оны ыстық азаптады, үнемі су ішкізулерін сұрады. Оның үстіне еңкейген Блашко Степанның: «Тәңірім, маған осы ауруды шыдамдылықпен көтеруге мойын ұсынғанымды Сен білесің. Әкеме қаһарыңды төкпе: өйткені ол не істегенін білген жоқ. Мұның бәрін оған Өзіңнің тартқан азабың үшін кешір!» — деп сыбырлап жатқанын естіді.

Степан есі кірген шақта ол шағымданды, бірақ адамдарға шағымданған жоқ. Ол қатты азап шекті, бірақ Мәсіх үшін бәріне көндігіп азап шекті.

Енді Блашконың да, өзіне қарағанда, Степанның шын мәнінде басқа сенімі болғанына көзі жетті; оның тақаулығы да басқаша еді. Ол Хратскиймен межеге қойылған тасқа бола жанжалдасқанын және онымен осы кезге дейін ымыраға келе алмай жүргенін есіне алды. Өлім

халіне дейін әкесі ұрған Степан, өзін азап шектіруші адам үшін дұға оқып жатыр.

7. АЗАП ШЕГУ

Таң ата бастады. Хратскийлер ұйықтап жатқан, олар Блашконың келуін, оның үстіне таң азаннан келуін тіпті күткен жоқ еді. Оның келуіне таң қалған Хратская Блашконың қысқа сәлеміне:

— Рахым етіңіз! — деп жауап берді.

— Рахмет. Үй қожасы қайда?

— Ол әлі ұйықтап жатыр, кеше үйге кеш келіп еді. Отырыңыз!

— Менің уақытым жоқ. Мен сізге келдім.

— Маған ба?... — Хратская таң қалған үстіне таң қалды.

— Ал Степан қайда?

— Степан ба?... Ол, бәлкім, өз бөлмесінде шығар. Ол кеше кешкісін сіздерде болмап па еді? Егер ол сарайда жоқ болса, онда әлі ұйықтап жатқан болуы керек.

— Иә, ол ұйықтап жатыр, бірақ қайда және қалай ұйықтап жатыр дейсіз? Өз ұлдарыңа жақсы қамқорлық жасайды екенсіздер! Ол түнде өлім аузынан қалды, ал сіздер мұны білмейсіздер...

— Қалай?... Степан дейсіз бе?... — ол қорыққанынан айқайлап жіберді. — Ол кеше кешкісін ғана сап-сау еді ғой.

— Оны мен де білемін. Бірақ сіздің күйеуіңіз оны ұрғандығы сондай, егер мен оны өзіме алып кетпесем, ол өліп те қалған болар еді. Ол қазірдің өзінде өлім халінде жатыр.

— Ой, ой! — деп зарлай бастады Хратская. — Бетка, есітіп тұрсың ба, ағаңның не айтып тұрғанын? — Ол бөлмеге кірген келініне бұрылды. — Маған жамылғышымды әкелші! Ой, бұлай қалай болған десеңші?

Қорқып кеткен Бетка оған жамылғысын әкеліп берді. Хратская шығып кеткен кезде, ол ойға шомып, отырып қалды. Әкесі Степанды ұрып тастады, мұнда оның да кінәсі бар. Бірақ, бәлкім, осының бәрі Блашко айтқандай соншама қорқынышты емес шығар, өйткені ол Хратскийге ашуланып тұр ғой. Мүмкін, осының бәрі Степанға сабақ болар, ол басқаларды енді жайына қалдырар. Ол қайын енесін күтіп, ертеңгілік асты дайындай бастады. Ақыр аяғында Хратская да келді. Оның көзі жасқа толы және беті де қуарып кеткен.

— Иә, қалай екен? — деп сұрады Бетка, қайын енесіне сұраулы жүзбен қарап.

— Ой, қызым, мен ешқашанда мұндайды көрген жоқпын... Өз ұлын осыншама ұру деген!... Оның үстіне бекерден бекер... Оның денесінде сау жер жоқ! — деп зарлады Хратская.

— Ал Степан сізге не айтты? — деді жүзі қуқыл тарқан Бетка.

— Оның маған не айтуы керек еді? Ол мені таныған да жоқ. Ол адам шыдағысыз аурудан сандырақтап жатыр... Оны бөгде адамдар күтуде. Степанды қазір қозғауға болмайды, — деді Блашко, сондықтан да біз оны үйге ала алмаймыз. Менен сен оның несін сұрайсың? Өзің барып көр. Ол мұны көтере алмайды, жоқ, көтере алмайды!... — Хратская жылап жіберді. Бетка қайын енесінің кеңесін тыңдап, Блашқоларға кетті. Оның әңгімесінің шындығына ол өзі көзін жеткізгісі келді. Степанның соншалық соққыға жығылуы мүмкін емес.

Ол диірменге кетті. Онда бәрі тыныштықта еді, тек қана бір бөлмеде жарық жанып тұр: ол жерде Степан жатыр. Оның боп-боз жүзіне әлсіз жарық түсіп тұр. Бөлмеде тағы біреу бар сияқты, бірақ Бетканың назары бір ғана Степанға ауған. Ол оған қарап тұрып, Степанның өзіне барған жерінен сыйлықтар әкелетінін, шаруашылыққа көмектесетінін есіне алды. Шөп шабу кезінде көбіне ол бұған: «Бетка, балаларға жүре бер. Біз сенсіз

де бітіреміз», — дейтін. Беткаға бірде-бір жаман сөз айтпапты, бүкіл жүрегіңмен жүгін деп мейірбандықпен үгіттейтін... Ол болса, Степанды айыптап, әкесінің алдында оған өтірік жала жапты.

Бетка еңіреп жылады. Ол оны бөлмеде отырған Марьюшка тоқтатып үлгергенше, Степанды құшақтап, кереуеттің алдына тізесімен құлады. Степан ыңқылдап, көзін ашты.

— Степан!

— Қозғама, оған ауыр тиеді, — деп үгіттеді Марьюшка Бетканы, Степаннан айыруға әрекеттеніп.

— Степанко, мені таныдың ба? — деп жалбарына сұрады Бетка.

— Таныдым, Бетка, бірақ мені жай қалдыруыңызды өтінемін, менің соншалық ұйқыым келіп тұр.

— Мені де таныдың ба, Степан? — деп сұрады Марьюшка оның бас жағына еңкейіп. Ірі жас тамшылары Степанның маңдайына тамып жатыр.

— Сені ме? — деп жымыды Степан. — Сенің осы махаббатың үшін Құдай саған бақыт берсін! Бірақ мені жылырақ жауып қойшы, тоңып жатырмын, Марьюшка.

— Сен өте жылы қымталып жатырсың, — деп жауап берді ол, — сен, қалтырап жатқан шығарсың. Мен Андрейден дәрігер шақыруды өтінемін.

Кенеттен ауру тағы көзін ашты.

— Маған дәрігердің керегі жоқ. Ол мені қарап көреді, сұрайды, содан соң бәрі де сыртқа жайылады. Мен бүкіл селоның әкем жайында шу көтергенін қаламаймын. Мен оған бәрін кешіргенмін. Одан да өлгенім жақсы.

Аурудың бетіне қан жүгірді де, ол қайтадан есінен танды. Бетка қорқып кетті. Орнынан атып тұрып, ол үйіне қарай жүгіре жөнелді. Оған асығып келе жатқан күйеуі қарсы кездесті. Бетка оған бәрін айтып берді, өзінің Степанға қалай жала жапқанын да жасырған жоқ. Андрей мұны естігеннен соң қатты күйзелді. Соңғы кезде ол інісімен сирек сөйлесетін, осыған қарамастан оны

жақсы көретін. Енді Степан өлмек пе? Және қалай десейші? Өзінің туған әкесінің қолынан! Андрей ызасын баса алмады. Осы бір жиіркенішті іске әйелінің де қатысқаны сұмдық жайт еді.

Хратский бұл күні кеш оянды. Әрқашан мас болғаннан кейінгідей, басы қатты сынып тұр. Жан дүниесі де зілдей. Ол кеше не болғанын есіне түсіре бастады. Кенет Степанның: «Егер мені өлтіретін болсаң да, мұнымен жаныма зиян келтіре алмайсың», — деген сөздерін есіне алды. Иә, Степан екен ғой! Мойын ұсынбаған ұлы енді не істеп жатыр екен? Мүмкін оны қоймадан ешкім шешіп алмаған шығар? Оған не болғанын барып қарау керек.

Ол ашық қалған қоймаға кірді. Түнде қар жауыпты, қойманың жанында ешқандай іздің белігісі жоқ. Еденде, жартылай қараңғылықта Степанның қан-қан болған күртесі жатыр, қасында кесіліп қалған арқан. Қанды шалшық азаптаудың орнын көрсетіп тұр.

Хратский осы бір сұмдық көріністен көзін ала алмады. Шынымен ол ұлын қан-қан болғанша ұрғаны ма? Степан да соққы үстіне соққы алғанмен, айқайлаған жоқ па? Бірақ ол қазір қайда екен?

Ол кеше ұлын азаптаған жерде тұрғанда, әке жүрегін қорқынышты бір сезім биледі. Неге Степан қорғанған жоқ және ешкімді де көмекке шақырған жоқ? Оның есіне кеше Степанның айтқандарының бәрі түсті. Хратский кешегі кеш үшін адам төзбестей ұятқа батты. Ол мас болмаса, осыншалық аюандыққа бармас еді. Қанды шалшықты сабанмен тез жауып, ол үйіне асықты. Оның Степанды көргісі келген жоқ, бірақ қайда екенін білгісі келді. Ас үйде әйелі түскі ас дайындап жатты. Оның көзіне әйелінің жылаған және мұңға батқан жүзі бірден түсті, әйелінің бәрін біліп алғанын түсінді. Мүмкін Степанды бағаннан ол шешіп алған шығар? Оның көзіне түсу де оған ұят еді.

— Степанға сен не істегенсің? Өзіңде ұят бар ма? — деп бастады Хратская.

— Соншама не болды? Не істесем де ол менің ұлым емес пе! — деп ашулана жауап берді Хратский.

— Егер ол сенің ұлың болса, демек, өлтіріп тастауыңа да болады екен ғой?

— Ол кеше менің ашуымды өте келтірді. Оңбаған! Ол менің мас екенімді көрді ғой!

— Енді саған оның мойын ұсынбайтынына шағым айтуға тура келмейді, — деді Хратская ызғарлы дауыспен. — Ол өлген кезде бәрі де сыртқа шығады, сонда сенің өлтіргеніңді жұрттың бәрі біледі. Бұл үшін сазайыңды әлі аласың. Бірақ оған құр қайғырғаның көмектеспейді, оны бәрібір тірілте алмайсың!

— Өшір үніңді. Одан да оның қайда екенін айт; менің оны көргім келеді. Өлім соншалық тез келмейді.

— Егер оны көргің келсе, Блашконың үйіне қайқай, ол сонда...

— Блашкода ма? Ол онда не істеп жатыр? — деп қорқынышпен айқай салды Хратский.

Істеген әрекеті сұмдық екенін ол сезінді. Бірақ Блашко оның жауы еді ғой...

— Не істеп жатыр дейсің бе? Ол өлім алдында жатыр, ешкімді де танымайды; Бетканы бірер минут қана танды. Сенің онымен не істегеніңді ешкімнің білмеуі үшін, Андрейдің дәрігерге баруына да рұқсат бермеді. Ол одан да өлімді дұрыс көреді...

Хратскийдің тізесі дірілдеп кетті. Оның алдына тағамды қойып, әйелі асыға тысқа шығып кетті. Терезеден ол әйелінің диірменге қарай жүгіріп бара жатқанын көрді.

«Ол сенің не істегеніңді адамдардың білмеуі үшін, өлімге де дайын...» — деген сөздер құлағында шыңылдап тұрып алды.

Хратский әрқашан да тәкаппар адам еді, бірақ оның тәкаппарлығынан қазір із қалмады. Оның жүрегіне қауіп пен қорқыныш ұялап алды. Қаңырап қалған үйде ол сәл отырып, орнынан тұрды, Степанға барып, өзінің не істе-

генін көруді ұйғарды. Ол Степанның шынымен-ақ өлім қалінде жатқанын барып білгісі келді.

Ол Блашконың үйіне кіргенде, Степанға суық басып жатыр екен. Аяусыз соққыдан оның денесі күп болып ісіп кеткен. Өмірінің ақырына дейін Хратский бұл жараның қорқынышты түрін, Марьюшканың өзіне қараған мұңды көзқарасын, ұлының: «Анашым, жылама!» — деп сыбырлап жатқан дауысын ұмыта алмады.

— Ой, Степанко! — деді шешесі, — қалайша сен оның мұншалықты ызасын келтірдің?

— Апатай, оның соншалық қызбаланғаны маған аянышты. Ол менің ақиқат жолынан бас таруымды қалады, бірақ мен оны істей алмадым.

— Ұлым, саған өте қатты ауыр тиіп жатыр ма?

— Иә, ауыр, апа, бірақ Мәсіх те мен үшін дін басының үйінде жазаға төзді ғой. Оның сеніміне кір келтіретін мен бе? Жоқ, ешқашанда! Мен Одан бас тартқанша, тезірек өлім азабына ұшырағанды дұрыс көрер едім. Бірақ, апа, сіздер бәріңіз де әкеме ашуланбаңыздар: ол не істегенін білген жоқ, мен оған бәрін кешіргенмін.

Бұл сөздерді Хратский ешқашан да ұмытпайды. Ол үндемей шығып кетті, оны ешкім де тоқтатқан жоқ... Хратский ондағылардың бәрі өзін жек көргенін сезді, олардікі дұрыс екенін де түсінді. Енді Степанның шынымен өлімге жақын екендігіне оның көзі жетті. Бірақ егер оның ұлы аман қалғанның өзінде, бәрібір ол түзелмейтін зұлымдық істеді. Оның үстіне, Степан соған қарамастан, оған кешірім жасап, Өз жаулары үшін дұға оқыған Құтқарушыға ұқсап, әкесі үшін дұға оқуда. Ол ұлына оның өзіне ақиқатты айтқан кезінде ашуланды. Құдаймен ымыраласқан және Мәсіхтің қанымен жуылған адамның Құтқарушыға ұқсап, өмір сүруі, сүюі, кешіре білуі, тіпті өлуі тиіс екенін Степан айтқан еді. Осының бәрі адамның қолынан келмейді, өйткені Тәңір оның күшін нығайтып, үйрететін Қасиетті Рухты береді.

Енді мұны Степан әкесіне дәлелдеп берді. Иса Мәсіх-

тің өсиеті бойынша өмір сүруге оған үйде мүмкіндік бермеді, енді ол азап шегуде, сүйіп, кешірім ете білуде, бәлкім өлуі де. Ұлында Құдай Рухы бар екеніне Хратскийдің көзі жетті, Дубравкада жұрттың бәрі қорқып жүрген оның «жаңа сенімінің» мәні де осында.

Сол күні Хратский дәрігерге барып, оған бәрін айтып берді. Дәрігер егде тартқан адам еді, кейде өзі де бірлі-жарымды рюмканы тастап жіберетін, сондықтан Хратскийді ол түсінді. Степанды қарап болып, ол басын шайқады.

— Алайда, қалайша сіз оны осыншама ұра алдыңыз? Түсінбеймін, ол неліктен қорғанбаған?

— Ол қорғана алмайтын еді, — деп тұнжырай жауап берді Хратский. — Өйткені ол бағанға байлаулы болатын.

— Бұл адам естімеген іс! Шыдамдылығына қарағанда ол мейірімді жігіт...

— Одан мейірімді жан жоқ, — деп мақұлдады Хратский.

Көз алдында Хратскийдің аянышты да, боп-боз жүзін және көзіндегі мөлтілдеген жасын көріп тұрған дәрігер, одан енді қайтып ештеңе сұраған жоқ.

8. КӨКТЕМ КЕЛЕ ЖАТЫР

Степан үш тәулік бойы өлім мен өмірдің арасында жатты. Ол көп қан жоғалтты; оның үстіне салқын тигізіп алды, ал жарасы күшті қабынып кетті. Дәуіт патшамен бірге ол: «Мені мен өлімнің арасы бір-ақ адым», — деп айта алатын еді. Өмір Степанға өте баяу оралды. Хратский ұлының жақсы болып келе жатқанын білісімен, жеміс сатуға жүріп кетті. Үйде оны ешкім ұстаған жоқ. Ол кетісімен бәрі де жеңіл дем алып қалды, оның өзі де үйде жүргенде бәрін ыңғайсыз жағдайда қалдырып жүргенін сезінетін.

Степан тағы бір апта Блашконың үйінде болды. Шешесі күн сайын сонда барып жүрді. Үйге әкелген кезде, ол қолынан келгенше Степанның көзқарасынан оның қалауын білуге тырысты. Степанның тәбеті орала бастағанда, ол оған ең тәтті тағамды беру үшін барын аяған жоқ. Құдай Сөзін оқуға енді оған кедергі келтірмеді. Егер ол оқып жатса, үйдегілер оның бөлмесінің жанынан аяғының ұшымен өтіп жүрді. Әсіресе оның тыныштығын Бетка сақтап жүрді. Егер бұрын ол балалары Степанмен әңгімелесіп жатса, жақтырмайтын, егер Степан олармен бірге Құдай Сөзінен шумақтарды жатқа оқыса, ашуланатын. Енді оның өзі Степан зерікпес үшін әр күні ертеңгісін балаларды оған әкеліп жүрді. Осы арқылы ол өзі Степанға келтірген зұлымдығын жуып-шаюға тырысып, оған қуаныш әкелгісі келді.

Бұл кезде Хратскийлерге Степанның шешесі жағынан әжесі көшіп келген еді. Бұған дейін ол ұлының қолында тұрды, бірақ келіні жаман қарағандықтан, Хратская оны өзіне алуға ұйғарды. Ол Степанды балалық шағында көрген жоқ еді, қазір ол да оның маңынан Хратский қарт сияқты айналсоқтап шықпады. Ұзақ жылдар бойы оның да тәкаппар жүрегін Құдай жуасытқанша, тайғақ жолдармен алып жүрген еді.

Степанның денсаулығы сәл жақсарған кезде, Құдай Сөзін бірге оқу үшін достары кешкілікте оның бөлмесіне жинала бастады. Степан оларға оқығанын түсіндірді. Кейде оның керемет түсіндіретіні соншалықты, оған мәңгілік шымылдығының артына үңілуге рұқсат берілген сияқты болатын, сондықтан барлық кереметтерді, сол жерде көрген барлық киелі нәрселерді ол енді өз тыңдаушыларына жеткізетін. Достары оның сөзін ашқарақтықпен тыңдайтын, ал әжей болса, оның әрбір сөзін қалт жібермеу үшін, аурудың төсегіне өзінің ұршығымен мүлде жақындап отыратын. Степанның әрбір сөзі құнарлы топыраққа түскен дән сияқты сіңіп жатты.

Блашко да мұнда балалармен келіп жүрді. Ол Сте-

панмен бұдан әрі сөз таластырмайтын, жас жігіттің сенімі өзінің тақуалығынан күшті екенін көріп жүретін. Блашко енді Степанның әрбір сөзін қалт жібермей, ашқарақтана тыңдайтын. Сондай-ақ ол өз күнәсі үшін Иса Мәсіхке сеніп, өз күнәсіне кешірім алды, адамның жер басып жүріп мұны істеуге тиісті екендігіне көзін жеткізді.

Бетканың шешесі, Петровичка келінімен бірге ауруға қатынап жүрді, көп кешікпей олар да жиынға қосылды. Кейіннен бұл оқуға Бетканың ағасы да қатысты. Петір Крачинскиймен бірге Павел Петран да үнемі келетін. Ақыр аяғында, бұл оқуға келуге, — шешесінің келісімін алуға Петірге сәті түсті. Блашко өзінің туысқанын, ол да диірменші болатын, қызы Сузкамен бірге ертіп келіп жүрді. Осылайша аурудың бөлмесі біртіндеп, кешкілікте Құдай Сөзін оқуды аңсайтын тыңдаушылармен толды.

Қатысушылардың барлығы Степанның ауруының себебін білетін, бірақ бұл жайында ешкім де әңгімелемеді. Олар Степанды түсіне алмайтын, бірақ оны құрметтейтін. Степан барлық қатысушыларға олардың өмірін ашықтан-ашық және қорықпастан көрсететін, Құдай өсиеттерімен салыстырып, осы арқылы күнәларын сезінуге мәжбүр ететін.

Степан аурудан кейін алғаш рет ортақ столға келіп отырғанда, бүкіл семья оған қатты қуанды. Степанның денсаулығы дұрыстала бастағандығы бәрін де қуантты. Бірақ Степан достарының ішінен оның сауығуы кім үшін мереке екенін біліп және көріп жүрді. Ол көбіне көз алдынан бақыт нұрын шашқан нұр сәулелі көздерді көретін.

Степан алғаш рет баққа шыққан кезде көктемгі күн жерді қыздыра бастаған: мұздың үстінде алаңқайлар пайда болып, қар даладан аз-аздап еріп кете бастады, әуеде құстар шықылықтады. Осының бәрінен көктемнің жақындағаны байқалды. Оның жас өмірінің тұтастай бір қуысы аурумен және азап шегумен өтті! Осы уақыттың бәрі текке өтіп кеткені ме? Хратский қазір үйінде, бірақ ұлымен қысқа сәлемдесуден басқа, әлі сөйлескен жоқ.

Степан баққа кірді. Бұл жерде де, әне бір жерде де жап-жасыл шөп бойлап шығыпты. Осының бәрі не деген жақсы? Степанның жүрегі Тәңірге деген алғысқа толды. Құдай бәрін қалай өзгерткен, уақыт ауруды қалай жарылқаған! Қазір Степанның достары қаншама десеңші! Олар енді оған тар жолмен жүруге кедергі келтірмейді, керісінше, одан бұл жол туралы сұрап, көмек сұрауға келеді. Ал қазір Блашко ағай қандай сүйкімді досқа айналды! Кейде олардың пікірлері әлі де әр түрлі болғанымен, ол содан былай Степанмен ешқандай пікір таластырған жоқ.

Ал сүйкімді қайырымды атай! Ол ақиқатқа қызмет етуге қандай құштарлықпен тырысады десеңші! Әжей де Құтқарушыны бар жан-тәнімен сүюде! Бетка да елеулі өзгеріске ұшырады; ол жайдары, ізгі бола түсті. Тек шешесі ғана осы дүниенің қам-қаракетіне берілген, бірақ ол да Құдай Сөзін тыңдауға ынталана келеді. Степан бірде оған кіргенде Андрейдің айтқан сөзін еске алды.

— Степан! Мен енді арақ ішпеуге және трактирге бармауға ұйғардым. Маскүнемдіктің неге жеткізетінін көрдім. Менің балаларым бар, олармен де сен сияқты жағдайдың қайталануын қаламаймын.

Қуанғаннан Степан, ағасына не айтуды білмеді. Тәңір қалай ізгі және қайырымды! Тек сол ғана адам жүрегін осылай өзгерте алады.

Степан ойланған күйінде, ағашқа сүйеніп тұрып қалды. Кенет оған шешесі әкесін шақырған сияқты көрінді. Шақыру қайталанды. Әкесі қоймада еді, қырманның шуынан ол шақыруды естіген жоқ. Степан әкесін шақыруға кетті. Қоймаға кіре беріп, ол түшкіріп қалды. Сол бір сұмдық күннен кейін ол мұнда алғаш рет кірді. Хратский сабан жаюмен айналысып, ұлын көрген жоқ.

— Сәлеметсіз ба, әкей! — деп үн қатты Степан. — Шешем шақырып жатыр...

— Степан!...

Хратский мұны күтпегендіктен бір жағына ырғып кет-

ті. Бір сәт әкесі мен ұлы бір-біріне қарсы қарап, үнсіз тұрып қалды. Көктемгі күн оларға жарығын түсіріп тұр; екеуінің де есінде қалған ғаламат қайғының ескерткіші — бағанға да жарық түсіріп тұр. Кенет Хратский ұлына жақындап, оның боп-боз, бірақ айқын жүзіне тіке қарады. Оның көкірегі қысылып, ол қинала, сыбырлап, былай деді:

— Степан! Кешір мені!... Құтқарушының азабы үшін, өтінемін сенен, кешір мені!

Степанның жүрегін қуаныш кернеп кетті, толқығаннан оның аяғының астындағы жер қозғалып кеткен сияқты болды.

— Әке! О, менің әкем! Мен сізге ешқандай да ренжімеймін!

— Мен білемін, бірақ солай болса да кешір мені. Өз әрекетіңе өкінесің, — деп сен маған дұрыс айттың. Мен қатты өкінемін, бірақ болған жағдайды ешқашан да жөндей алмаймын. Иә, сен мені кешіргеніңмен, саған аюаннан бетер істеген қылығымды ешқашанда ұмыта алмаймын. Сен де басқа адамдарға ұқсап, менен қашып жүретін боларсың...

Степан әкесін сүйіспеншілік білдіре құшақтады.

— Егер сіз менімен тек қана татуласқыңыз келсе, мен бұл жөнінде ешқашан да еске алмаймын.

— Ой, Степан, Степан!... — деп еңіреп, жылап қайталай берді Хратский.

— Әкетай, жыламаңыз! Енді сіз маған Құдай қалай қаласа, солай өмір сүруге мүмкіндік бересіз ғой?

— Не істегің келсе, соны істе, енді саған менен қорқудың керегі жоқ, саған ешуақытта кедергі келтірмеймін. Сендер оқуларыңды Блашконың үйіне ауыстырғыларың келіп жүргенін естіп жүрмін. Бұл мен үйге келген себепті ме?

— Сіз бұған жол бермейсіз, — деп ойлап едік, әке. Егер сіз бұған келісім берсеңіз, онда біздің үйде қуана-қуана жиналамыз. Онда сіз де біздің арамызда болатын шығарсыз, солай ма?

— Иә, егер сен мені шақырсаң, сөзсіз барамын.

Хратский ұлын шын жүректен құтықтады, сөйтіп, олар қоймадан бірге шықты. Степан тізерлеп, отыра кетті. Тәңір оған қасірет шегу дәмін аяғына дейін татуға жазған еді. Құдайға мойын ұсынып, осыны істегенде оның қайғысы қуанышқа айналды. Степанның қасірет шегуіне қарап, бәрі жылады. Бірақ оның өзі жылаған жоқ. Енді бақыттың жасы оның көзінен ағып жатты.

— Тәңірім, Сенің әкемді Өзіңе жүгіндіретіңді білемін, — деп, дұға оқыды ол, — осының бәрі үшін Саған жеткілікті түрде алғыс айта алмай тұрмын. Сен менің өмірімді қайтарып бердің. Ол да Сенің даңқыңа және менің жақындарыма бата беруге айналсын. Енді мен мәңгі Сендікіпін!

Бұл күні сонымен Степан Петірдікінде болған жоқ. Ойға шомған ол, бақшамен жүріп келе жатты. Олардың бағын Блашконың бағымен жалғастыратын көпірдің жанында тұрып қалды. Оның көзқарасы оны бақытсыздық күндерінде қабылдап, қамқорлық пен мейірімге бөлеген көршінің қонақжай үйіне тоқтады. Осы естелік оған көктем күндері табиғатқа қалай әсер етсе, солай әсер етті. Оның көз алдында қауіпті күндерде күн демей, түн демей көз жасын төгіп, мұның тілеуін тілеген сүйкімді жүз пайда болды. Марьюшканың бұл үшін істеген еңбегіне ол ештеңемен де жауап қайтара алмайды.

— Степан, бұл сен бе? — деген таныс дауыс оның қасынан естілді.

Марьюшка жерге себетін қойып, Степанның қасына келді. Жүзі бал-бұл жайнады.

— Сәлеметсің бе Марьюшка! Бұл жерде не істеп жүрсің? — Мен бір жаққа жоғалып кеткен тауығымызды іздеп шығып едім, бірақ бұл онша маңызды емес. Сен көшеге шығыпсың, өзің қалайсың?

— Құдайға шүкір, едәуір жақсымын, егер Құдай бізге осындай ғажайып та, жылы күнді сыйға тартса, үйде қалай отырарсың?

— Иә, — деп ойға шома үн қатты Марьюшка, — Ол сені сауықтырғаны үшін мен Құдайға қандай алғыс айтарымды білмеймін.

Шын жүрегімен айтылған бұл сөз Степанның жүрегін терең қозғады.

— Тәңірге мен алғыс айттым, Марьюшка, бірақ мен әлі күнге дейін алғысымды айтуға үлгермеген бір адам бар.

— Ол кім екен? Менің әкеме алғыс айтып едің ғой...

— Ал сен ше?...

Степан қыздың жүзіне үңілмекші болып еңкейді. Марьюшка сөйлеп тұрған жігітке қарап, сәл қызарды.

— Сенің маған алғыс айтқаның қажет емес, Степан. Менің саған алғыс айтуым керек. Сен ауырғанға дейін Құдай Сөзін тек ақылмен ғана қабылдағанымды мойындауға тиіспін, енді мен оны бүкіл жүрегіммен қабылдап жүрмін. Егер мен дүние жолындағы адамдармен ғана өмір сүрсем, бәлкім, онда бәрін ұмытар едім. Бірақ Мәсіх үшін сен ұшыраған азапты және сенің қалай кешірім ете білетініңді көргенде, мен сонда ғана алғашқы азап шегушілердің сенімін түсіндім. Өлім сағатында Құдайдың саған жақын екеніне сендім, сондықтан Иса Мәсіхтен маған кешірім етуді және маған ашылуды сұрап, дұға оқи бастадым.

— Ол сені естіді ғой, солай емес пе?

— Иә, Степан. Мен енді сенің маған қыста қойған сұрағыңа жауап бере аламын. Тәңір Исаны қашан сүйесің, — деп сонда сұраған едің. Міне, енді жауабым: мен Оны бүгін сүйемін, ертең де сүйетін боламын, иә, Оны өлгенге дейін сүйуге Құдай көмектесетін болсын. Бірақ біз неге тұрмыз? Біздің үйге барайық! Әкем мен Мишко сені біздің үйден көргенге тағы да қуанатын болады.

Олар көпірден өтті.

— Сен неге үндемей қалдың? — деп сұрады Марьюшка үнсіз қалған серігіне.

— Білесің бе, Марьюшка менің бақытқа бөленгендіктен айтар сөзім жоқ.

— Сен де сондай бақыттысың ба? Ондай сезім менде ғана ма деп ойлап едім.

— Сенде де солай ма, Марьюшка?!

— Менің қуанатын себебім жоқ деп ойлайсың ба? — деп жауап берді жүзі жайнаған Марьюшка, — сенің денің сау және өзімнің жанымда келе жатқаныңды көріп келемін. Мен сенің қазір күздегідей жалғыз еместігіңе және достарыңның сені түсіне бастағанына қуаныштымын. Біздің балалық шағымызға қайта келген сияқтымыз. Егер біздің төртеуіміздің біреуіміз бірдеңе істесе, біз мұны бірге істеуші едік. Сенің бізді Құдайға жүгінуге көндіргеніңе мен енді таң қаламын. Өйткені сен біздің құруға бет алғанымызды, Мәсіхсіз құтқарылудың жоқ екендігін білдің ғой. Ал енді Ол туралы адамдарға соншалық айтқың келеді...

— Сенің айтқаның дұрыс, Марьюшка, — деп қостады оны Степан, — біз үндемей отырмаймыз. Бұрын сен менің өзіңе алғыс айтқанымды қалаған жоқ едің, бірақ енді сен маған бұлай істеуге бұдан былай кедергі келтіре алмайсың. Өлім халінде жатқанда сен мен үшін көп қайырым жасадың. Бірақ менің өмірге қайта оралуымды құттықтаған сенің қуанышыңмен салыстырғанда бұл деген не? Мені түсінетін адамның бар екенін, әрі ол адамның дәл сен екенін білу маған қандай қуанышты. Мен Мәсіхтің махаббатын баяғыда-ақ танып білдім, бірақ ол түсінік маған бүгін бұрынғыдан да кеңірек ашылды. Мен сол бір күзде өліп қалсам, жердегі мұндай бақытты бастан кешіре алмай өтер едім.

— Бұлай деме, Степан, — деп басын шайқады Марьюшка. — Иса Мәсіх мен үшін ондай қайғыға жол бермейді.

— Шынымен-ақ мен туралы сен қайғырар ма едің? — деп қуана сұрады Степан оның көзіне қарап.

Степан Марьюшканың жауабын естіп үлгере алмады, өйткені кездесуге жүгіріп келе жатқан Мишко, Степанды құшақтауға ұмтылды. Бірақ бұл жерде сөздің керегі жоқ еді: Марьюшканың жауабын оның сүйкімді жүзінен

оқуға болатын. Жаңа бақытқа, кездескендері мен көктемге қуанып, үшеуі де үйге кірді.

9. ЖОЛДА

Хратский көрші П. қаласына жәрмеңкеге жиналды. Ораза болғандықтан тиімді сауда жасауға үміттенген ол, сол жерге атын сатқысы келіп еді.

— Бұл істі маған тапсырыңыз, — деп ұсыныс жасады Степан. — Бәрібір менің үйде көп жұмыс істеуге күшім жоқ.

— Ұлым, бұл сені шектен тыс шаршатады, — деп жауап қайырды Хратский. — Сен әлі онша сауыққан жоқсың ғой.

— Өтінемін, жіберіңіз, мен әлдеқайда жақсымын. Құдайдың көмегімен мен онда ақырындап жетемін, ал сонымен бірге Прибовская тәтейге де соға келемін. Мен оны бес жыл бойы көрген жоқпын ғой. Бір жағынан оны осындай көңіл көтеруден айырғысы келмегенімен, үйдегілер Степанды алыс жерге жіберуге қорықты.

— Иә, ол жаяу жүрмейді ғой, — деді кенет Хратский. — Ол арбамен бара алады. Қыста Андрей ағаштан ондай-мұндай жасаған болатын, соларды қалада еврейлерге сатуға болады. Сонымен бірге жүгерінің қалғанын да Степан сата алады. Бәрі жақсы болады.

Әйелдер қуанып қалды, ал Степан әкесін құшақтап, оның қамқорлығы үшін алғыс айтты.

Осы кезде Петір Крачинский келді.

— Мені де ала кетші! — деп өтінді ол Степаннан.

— Мен өз кездемеді ол жерде жақсы сата аламын, айтпақшы маған қағаз сатып алу керек, ал П. қаласының қағазы жақсы.

— Ризашылықпен қабыл аламыз! — деп келісті Степан.

Степанның жалғыз бармайтынына Хратскийлер қуа-

нып қалды. Жас жігіттерді жолға керекті барлық жабдықыпен қамтамасыз етті. Үш үйден де оларға үлкендер ғана емес, сондай-ақ балалар да тапсырмаларын берді. Ақыр аяғында, бәрімен қоштасып, олар жолға шықты. Олардың кемінде үш күннің арасында үйге қайтуларын күтпеді.

Олар ақырын әңгімелесіп, табиғатты тамашалап, баяу жүріп келеді. Жол бойында олар жол ақысынсыз, бірлі-жарымды жолаушыларды жолшыбай алып келеді. Олардың қайырымдылығы үшін батасын берген қарт қайыршыны келесі деревняға дейін әкеліп тастады. Құдайдың адамға сыйлаған бақыты туралы әрбір жолыққан адамға айтып отыру мүмкіндігін Степан қалт жіберген жоқ. Ол Құдайдың махаббаты, Құдай Ұлының құрбандығы, құтқарылу туралы айтты. Мұның бәрі де адамдар үшін жаңалық еді. Степанның бұл айтқандары кейбіреулерге ұнады, бірақ олар адам күнәдан безіп жаңа өмір бастай алады, — дегенге сене алмады. Сонда әңгімеге Петір кірісті. Ол өзінің бұрын қандай азғын және масқара өмір сүргені туралы әңгімеледі, тіпті төбелестен кейін қалған жарақаттың орнын да көрсетіп қойды. Егер Степан оны тауып алып құтқарып, құруға апаратын масқара тіршіліктен арылтпағанда, маскүнемдік пен соққыдан сөзсіз өліп кететіні туралы да әңгімелеп берді. Содан соң қазір жын-шайтаннан аулақтап, Құдай мен Иса Мәсіхке қызмет етуге кіріскенін, қазір ол бақытты екенін өз тыңдаушыларына қуанышты түрде айғақтап берді.

Степан мен Петірге адамдар таң-тамаша қалды. Олардың айтқаны бұлар үшін мүлде жаңалық еді. Кейбіреулері естігендерін көп кешікпей-ақ ұмытып қалды, бірақ көбісі айтқандарына үстірт қараған жоқ. Оның есімін уағыздап, Құдайдың күнәдан қайтқан күнәкарды тиісті жазадан құтқарып қана қалмай, сондай-ақ күнәға да зауқын шаптырмайтынын әркімге түсіндіре отырып, жас жігіттердің Оған шын жүректен қызмет еткенін Тәңір көріп тұрды.

Олар Р. деген елді мекенге жеткен кезде қараңғылық

түсіп кетті, сондықтан олар осында түнеуге ұйғарды. Бұлардың көлігімен келген сол селоның тұрғыны, бұларға өзінің үйінде түнеуге ұсыныс жасады. Үйдің бәйбішесі оларды қонақжай қарсы алып, қолда барын беріп, сыйлады; аттарға да орын табылды. Бұл адамдар өте кедей еді; оларға жақында жалғыз сиырын сатуға тура келді, еврей өгіздерін алып кетті. Үй қожалары Степан мен Петірге өз бастарына түскен ауыр қайғы жөнінде айтты. Стол басында Степан оларға — Інжілден шумақ оқығанда, оның тыңдаушыларының көзіне жас келді. Қайғыға ұшыраған үй қожаларының жүрегін қонақтардың жанашырлығы жылытты. Степан оларға Иса Мәсіхтің қайырымдылығы мен ізгілігі туралы, «Ол кеше де, бүгін де және мәңгілікте де солай болып қалады», — дегенді оқыды. Содан соң олар тізелерін бірге бүкті, Степан дұға оқыды. Степанның дұғасы үй қожаларын таң-тамаша қалдырды.

— Құдай бізді естіп тұр, Оның Жалғыз Өзіне үміт етіп, біздің өз қажеттерімізбен Оған келгенімізді Тәңір қалайды, — деп түсіндірді Степан.

Бәйбіше шаршағанымен, ерте жатқысы келмеді, ол балаларын жатқызып, қонақтарға тағы да, қайтып келді. Осылай әңгімелесіп, олар түннің бір уағына дейін отырды.

Келесі күні, ертеңгісін кетер алдында Степан оларға жүгеріден қалдырып, онымен қаздарын бордақылап, одан соң қалада сатуға кеңес берді. Петір де қарап қалмай, олардың балаларына жейделік кездеме кесіп берді. Өз жақындарына көмектескеніне бақытты болған олар, әрі қарай жүріп кетті. Кедейлер оларға баталарын беріп жолға аттандырды салды.

Қалаға келген соң, Степан атын ойлағанынан қымбатырақ сатты. Оған жүгері мен басқа заттарды тиімді сатудың сәті түсті. Петірдің де жолы болды. Ол балаларға жейделікке берген кездеменің құнын артығымен алды. Құдай жолына садақа берудің маңызды іс екені оған енді түсінікті болды.

Арба мен аттарды Петірге тапсырып, Степан дәріхана қызметкерінің үй қызметшісі болып істейтін Прибовская тәтейін көруге кетті. Ол жиенін бірден танымай қалды, ал таныған соң өте қуанып қалды.

— Қош келдің, Степанко! Сен қайдан жүрсің? Жалғыз өзің келдің бе? — деп сұрақты жаудырды ол.

— Біздің үйден мен жалғызбын, тәтей. Мен ат сатуға келіп едім. Әжемнен, атамнан, әке-шешемнен және біздің бүкіл үй-ішімізден сізге ізгі сәлем әкелдім. Біз сіз жөнінде көптен хабар ала алмадық, сондықтан да сіздің қалай тұрып жатқаныңызды білмекші болып, соғып едім.

— Дұрыс, балақай, біз көптен көріскен жоқпыз. Ойбай-ау, отырсайшы, отыр! Мен, Құдайға шүкір, жақсы тұрып жатырмын. Ал сіздердің қалдарыңыз қалай?

— Құдайдың рақымының арқасында біз де тегіс аманшылықта жүріп жатырмыз. Тәтей, қалай деп ойлайсыз, дәріханашы аттарды аулаға қоюға рұқсат берер ме екен? Менің аттарды жемдеуім керек, ал қонақ үйіне апарғым келмейді.

— Әрине, балақай. Үйде мырза жоқ болғанымен, ол сенің аттарыңды ықыластана қабылдайды. Сен оларды тіпті біздің ат қораға қоя аласың, қазір ол бос тұр. Мырза қайтып келген соң екі ат сатып алуға ниеттеніп отыр. Аттарыңды сен қайда және кімге қалдырдың?

— Менің жақсы бір жолдасым Петір Крачинский дегенге. Мен оны көлігімен құдықтың басында қалдырдым. Мен оған қазір барамын.

— Несіне барасың оған? Мен бала жүгіртіп жіберемін.

Прибовская дәріханашының жас шәкіртін Петірге жіберді, содан соң ас үйде тамақ істеуге жарлық беріп, өз қонағына қайтып келді. Степан қандай әдемі болған және қалай ақылды сөйлейді! Оны тек Степан жүзінің жүдеулігі таң қалдырды, дәл бір жақында ауыр науқас-тан тұрған сияқты.

— Меніңше, ұлым, сенің денсаулығың онша емес тәрізді. Әскери қызметте болғаныңда сырқаттанып қалған

жоқ па едің? — деп қамқорлықпен сұрады ол Степаннан.

— Жоқ, әскери қызметте ауырған жоқпын, тәтей, бірақ Туу мейрамына қарай сырқаттанып, ұзақ ауырып қалдым. Қазір Құдайға шүкір тағы да саумын, бірақ әлі әлсізбін. Менің өмірімді сақтап қалған Тәңірім, менің күшімді өз уақытыңда қалпына келтірер.

— Қызық екен, сен сияқты жас жігіттің осындай ауыр науқасқа ұшырағаны неліктен? Бірақ егер менің мырзамның ұлы да ауырып қалған болса, сендердің сондай тұрмыстарыңда одан қалай сақтанарсың... — деп ойға шома пайымдады Прибовская. — Ал жас мырзаға не болған еді? — деп сұрады Степан.

— Ой, бір-екі сөзбен айта алмайсың. Міне, мырзаның ұлымен бірге қайдағы бір сумен емделуге кеткеніне төртінші апта болды. Дәрігер, біздің дәрішіге жас жігіт енді тұрып кетеді, — деп жазып жіберіп еді, бірақ ол жердің ауасы оған жақпайды екен, сондықтан олар көп кешікпей қайтып қелер. Байғұс Каримский мырза! Егер жас мырза өліп кетсе, қалай ол сарыуайымға салынады десеңші...

Прибовская Степанға жас Каримскиймен болған оқиға жөнінде қысқаша әңгімелеп берді. Бірде әкесі баласымен дәрі дайындаған. Жас мырзаның су ішкісі келген, бірақ қателесіп, су орнына бір улы сұйықты ішіп қойған.

— Уайымдамаңыз, тәтей, — деп жұбатты оны жиені. — Құдай адамдарға ешқашан да үлкен ауыртпалық түсірмейді, сондықтан да ол жазылып кетеді. Оның бәрін жақсыға қарай бұруға күші жетеді.

— Степанко, сен біздің мырза сияқты сөйлейсің!

— Шынымен, қазір дәріхана жабық па?

— Жоқ, әзірге істі біздің дәріші жүргізуде. Міне, адам, — деп соны айт, оны менің мырзама Құдайдың Өзі жіберген!

Степанға қараған сайын Прибовская қуанышын жасыра алмады.

Әскер қызметінің сені бұза алмағаны және сенің Құ-

дайға сенімді жоғалтпағаның үшін мен қандай қуаныштымын десеңші!

— Ой, тәтей, — деп мұндана жауап берді Степан. Мен Құдайды мүлдем ұмытып, ауыр күнәға бата жаздадым. Мен оңбаған және құдайсыз тірлік кештім. Бірақ Иса Мәсіх маған аяушылық білдірді; Ол менің күнәмді кешіріп, Өз Қанымен жуды және Аспандағы Әкемізбен ымыраластырды. Қасиетті Рух күшімен Ол менен жаңа адам жасап шығарды. Осының бәрін сізге айтып, сіз Иса Мәсіхті, сізді сүйген Оның сүйіспеншілігін таныдыңыз ба, — деп сұрау үшін мен бүгін сізге келдім, тәтей. Сізге сыйланған құтқарылу үшін Оған ізгілікпен қызмет етесіз бе?

— Ой, ұлым, менің! Егер сен осы сұрақты бірнеше апта бұрын қойған болсаң, мен сені түсінбеген болар едім, мүмкін ашуланған да болар ма едім, — деп жауап қайтарды көңілі босаған кемпір. — Мен бұрын Құдайды білмейтін және Оған қызмет етпейтін де едім. Бірақ қазір де мен діни сенім жағынан әлсізбін, жылдар бойы ешкім менің жанымды қозғаған жоқ. Сондықтан да маған кейде Құдай сөзін ұғыну қиынға түседі. Бірақ дәріші мырза егер біз жүрегімізді Мәсіхке ашатын болсақ, Ол бізді бәріне үйретіп, бізбен бірге болады, — деп үнемі айтады.

Степан қуанып қалды.

— Мен бұны сізден естігенім үшін қандай бақыттымын! Демек, дәріші мырза да Құтқарушыны біледі және сүйеді екен ғой? Егер ол сізді Тәңір жолына үйретсе, демек, бұл жол оған белгілі болғаны ғой?

— Ой, Степан! Егер осындай адам Құдайға қызмет етпесе, онда мен басқалар не істейді, — деп шүбәланар едім.

— Қымбатты, Тәтей! Менің онымен танысуыма бола ма?

— Бұл қиын іс емес. Ол сондай сүйкімді және жайдары адам! Мен барып, оны осында шақырып келейін. Егер оның бос уақыты болса, ол саған келеді.

Прибовская шығып кетті, ал Степан қуанышпен күтіп, терезенің жанында тұрып қалды. Сол бір тар жолмен жүретін адамға кездесетініне ол қандай қуанады десеңші!

Ол бейтаныс дәрішіге не айтатынын ойлаған да жоқ. Ол жан-жүрегімен күтпеген қуаныш үшін Тәңірге алғыс айтты. Ақыр аяғында есік те ашылды. Степан жалт қарады...

— Степан!

— Урсини мырза!

— Шынымен, сен Степаның ба? Мұнда қалай келдің?

Досының құшағына енген Степанға қуаныштан шығып кеткен көз жасын тию қиын болды.

— Менің бұл жерге келгенім таң қаларлық іс емес, бірақ мен сізді осы жерде кездестіремін деп ойлаған жоқ едім.

— Құдай жолы, осындай, туысқан. Сен қалай тұрып жатырсың және өзіңді қалай сезінесің?

— Мен өте бақыттымын. Иса Мәсіх үнемі менімен бірге; Ол мені күнәдан сақтап, қорғап келеді. Ол мені жалғыз қалдырған жоқ, бірақ сіз сонда айтқандай, Оның шақыруына келген жандарды маған жіберді. Ал, сіз, қымбатты Урсини мырза, қалай тұрып жатырсыз?

— Сүйікті Степан! Сен неге мені — мырза, — деп атайсың? Туысқандарға бір-бірін бұлай атау лайықсыз іс.

— Жоқ, Урсини мырза, құрмет лайықты адамға керек. Бірақ сіз менің сұрағыма жауап берген жоқсыз.

— Жақсы, Хратский мырза, мен сізге қазір жауап қайтарайын. Қалай, сізді осылай атау ұнай ма?

— Жоқ, жоқ, бұлай болмайды! Жарайды, онда: қымбатты туысқан, қалай тұрып жатырсың?

Урсини Степанды құшақтап, сүйіп алды.

Біраздан соң Прибовская келді. Ол өз көзіне сенбеді: Урсини мырза мен Степан стол басында отырып, туысқандарша әңгімелесуде. Оның оларға кедергі келтіргісі келмеді, бірақ Петір де осында еді, Степанның да аттарға баруы керек; дәріші мырзаның да дәріханада шаруалары көп болатын.

Қайырымды кемпір Степан мен Петірді жақсылап тамақтандырды. Олардың жүруі туралы естігісі де келген жоқ.

— Ертең жүресіңдер! — деп үзілді-кесілді мәлімдеді ол.

— Тәтей, сізде Аспан Патшалығындағыдай сияқты екен! — деп қосып қойды беріле бастаған Петір.

Түскі астан кейін Урсини мырза, — Степан тәтейімен оңаша сөйлессін, — деп Петірді өзіне алып кетті. Осы жерде Прибовская Степан әскери қызметін өтеп жатқан К. қаласында қарт уағызшыға жиі келіп жүрген дәрішімен Степанның қалай танысқанын білді. Қорқынышқа бөленген Степан жанын жұбатуды іздеп жүрген сол кеште Урсини мырза жиналыста сөйлеген еді. Уағызшы оған Құтқарушысын анық көрсеткен, Степан Оны сол жерде өз жүрегімен қабылдаған. Кішкентай қала қауымы Урсини мырзаны өте сүйетін, өйткені ол арқылы көбі Тәңірді таныды. Оған уағызшылар курсына түсуге де кеңес бергендер аз болған жоқ, бірақ ол келісім бермеген. Оның кәрі әкесі бар болатын, жас жігіт өзі тарығып жүрсе де, соған бар айлығын жұмсайтын. Қарт көбіне ұлына қысым жасайтын, бірақ Мәсіхтің сүйіспеншілігі көп кешікпей бәрін жеңді, ал әкесі болса, күнәсі кешіріліп ұлының құшағында өлді.

Қазір азат және тәуелсіз Урсинидің уағызшылар курсына неліктен түспегенін Степан түсінбеді. «Мүмкін, — деп ойлады Степан, — ол алдымен өзін тұрмыс жағдайын жақсартып алғысы келетін шығар?»

— Оның курсқа бармағаны жақсы болды, — деп күрсіне айтты Степанға Прибовская, — онда ол бізге жолықпай, Құдай сүйіспеншілігі туралы хабар бермес те еді!

Дәріші өмірінің егжей-тегжейін біліп алған Прибовская, оны одан әрі құрметтей түсті. Әкесіне сүйіспеншілігі үшін ұлының өзін құрбан еткені, Степанға әбден табиғи нәрсе болып көрінгені оны таңқалдырды. Оның ойына жиенінің өз сенімі үшін өмірімен қоштаса жаздағаны келмеп еді, бірақ бұл жағдайда ұзақ шыдам мен сүйіспеншілік оның әкесін де Құдайға әкелгеніне күдіктенген жоқ.

Оның есесіне Петір Степанның әскерден оралғаннан

кейін Дубравкада кездескен бүкіл қиыншылықтары туралы Урсиниге майын тамыза әңгімелеп берді. Ол бұрынғы жолдастарының Степаннан қалай теріс айналғанын әңгімелеп, өзінің Степан арқылы Құдайға жүгінуін, Блашконның үйіндегі дұға оқу жиындары туралы да айтып берді. Хратский қоймасында болған сұмдық оқиғаны да мәлім етті. Мұны естіген дәріші сұмдықтан құп-қу болып кетті. «Ол қысқа ғана атүсті ауру жайы осы екен ғой... — деп мұндана ойға батты Урсини. — Қандай табандылық және сонымен бірге қандай қарапайымдылық».

Петір Степан ауырғаннан кейін оның туысқанары мен таныстарының ішінен енді оның сөзіне ешкім қарсылық етпегені жайында әңгімелеп берді.

— Көрдің бе, Петір, — деді, ақыр соңында, Урсини, — мәңгі абыройлылыққа деген шын Мәсіх жолын қушының жолы тек Ғолгота арқылы өтеді. Егер біз басқаларды құтқарғымыз келсе, біздің Тәңірге ұқсап, өзімізді құрбандыққа шалуымыз керек.

10. ЖИНАЛЫС

Уақыт өтіп жатты, Степан мен Петір де кештің қалай түскенін байқамай қалды.

— Сағат жетіде дайын болу үшін аттарыңды азықтандырыңдар. Бізде шағын жиын болады, — деді Урсини достарына. — Біз осы жерден Құдай Сөзін естуді аңсайтын бірнеше лютеранды кездестіріп едік. Біз аптасына екі рет оқу үшін жиналамыз. Енді Тәңірдің рақымының арқасында біздерге католиктер де келе бастады. Біз пәтерінде жиналып жүрген әйел де католик, оған да Құдай Патшалығына жету алыс емес. Оның қызы лютеран мұғалімге күйеуге шыққан екен, сондықтан оның немере қызы да лютеран. Ол қыз әжесінің үйінде тұрады және біз ән шырқағанда ортада ойнап, жиынымызға көмекте-

седі. Оған арналған үйді бір жарылқаушы әйел жалдап алған, сол үйді жиналыс өткізу үшін беріп, әлгі әйел бізге де жақсылық жасап жүр.

Мәсіхші ағайындар жиынында тағы да болу Степан үшін қандай бақыт десеңші!

Сағат жетілерге қарай дәріханадан жиынға үш жас жігіт Прибовская кемпір, дәрішінің шәкірті Индрик, кіші шәкірті Ферко және үй қызметшісі әйел кетті.

Степан оған көп айтқан мәсіхшілермен кездесуді күтуге Петірдің шыдамы жетпеді. Ол, Урсинидің уағызын естимін, — деп күні бұрын қуанды.

Степан мен Петір үйден аттанғанда, ол жерде өздерін күтпеген жағдайға ұшыраймыз, — деп ойлаған жоқ еді. Олар П. қаласына қуана-қуана шықты, бірақ өздерін онда не күтіп тұрғанын білген болса, қанат біткендей ұшар еді.

Ақыр аяғында достар жесірдің үйіне де жетті. Ауыз үйден өтіп, олар боялмаған орындықтар қатар-қатар қойылған жарық бөлмеге кірді. Барлық орындықтар дерлік бос емес екен. Терезелер арасында Киелі кітап жатқан стол тұр. Қасында орган бар, оның жанында қалаша киінген байсалды жас қыз отыр.

Осы бір қарапайым, жұпыны жағдай мен жиналғандарға қарап, Петір өзін көк жүзінде жүргендей сезінді. Бұл жерде өзіңді қандай жақсы әрі бейбіт сезінуге болады! Олар бөлмеге кірген кезде, бәрі де Урсинимен құрметпен амандасты. Степан мен Петірге алдыңғы орындыққа жайғасуға тура келді. Үйден шығарда оларға Урсини: «Мен сөйлеп болған соң, бәріміз рухани жырды шырқаймыз, Сен Степан бізге сөз айтарсың. Петір, сен де жиынның алдында жоғарыдағының рақымы жөнінде әңгіме айтарсың», — деді.

Жиын алдында Индрик бәріне ән жинақтарын таратты; Анна деген жас қыз ойнай бастады да, қатысып отырғандардың бәрі ән шырқады. Петір көзін жұмып, ән тыңдады. Әсіресе, тәубеге келуге шақырған бір гимн

оның жанына жылы тиді. Тәңірді танып, Оған сенгені үшін Петір неткен бақытты десеңші! Әкесінің үйінен ұзақ уақыт бойы кетіп, ол қаңғыған ұлдың сезімін бастан кешті. Әкесі оны қуанышпен қарсы алып, бәрін де кешіруде; сондықтан ол қандай бақытты десеңші! Урсини Інжілден Мәсіхтің шеккен азабы туралы оқып, жиналғандарға оқығанын түсіндіре бастады. Петір бірде-бір сөзді жібермеуге тырысып, тыңдады. Урсини балаларға түсіндіргендей, анық та қарапайым түсіндіруде. Соған қарамастан, оның сөздері соншалық махаббат пен сұлулыққа толы десеңші! Петір оны азанға дейін де тыңдай алар еді. Оның жүрегі күнәкар жан үшін азап шеккен Құтқарушыға деген махаббатқа толды. Ал бұл азаптың есесіне Ол Петірдің әлсіз, күнәлі жүрегінен басқа ештеңені де талап еткен жоқ. Жас жігіттің осы ойға берілгені соншалықты, уағыз бен одан айтылатын ән аяқталғанда барып, ұйқыдан оянғандай болды.

Ол Степанның таныс дауысын естіп, селк ете қалды:

— Менің өсиеттерім кімде болып, кім оларды ұстаса, сол Мені сүйеді; ал кім Мені сүйсе, сол Менің Әкемнің сүйіспеншілігіне бөленеді. Мен де оны сүйемін және оған Өзім келемін!

Қатысып отырғандардың барлығының көздері Степанға қарап қалды. Шамалы ойланып, сәл үнсіздіктен кейін Степан оқуды жалғастырды:

— Иуда (Искарриот емес) Оған былай деді: «Тәңірім, бұл не, Өзіңді дүние-әлемге емес, бізге көрсеткің келе ме?» Иса оған былай деп жауап қайырды: Кім Мені сүйсе, сол Менің Сөзімді ұстайды; Менің Әкем де соны сүйеді. Біз оған келеміз және сол жерде шіркеу жасаймыз. Мені сүймейтін жан, Менің Сөздерімді ұстамайды (Жохан 14,21-24).

Сіздердің және менің қымбатты досым Урсини маған осы жерде бірнеше сөз айтуды ұсынды. Маған мұны жасау қиын емес, бұл оқылған өлеңдер сіздермен әңгімелесу үшін бай тақырып болады. Осы жерде отырған біздің

барлығымызға Құдай өсиеттері мәлім. Бірақ біз соларды орындап жүрміз бе?

Содан соң Иса Мәсіхтің сүйіспеншілігі туралы айтты. Ол Құдай Ұлы Өзі шеккен азаптың орнына, бізден Оған деген махаббатты ғана күтетінін түсіндірді.

— Иса Мәсіх Оның өсиеттерін орындаған адам ғана Оны сүйетінін айтты. Ол біз туралы да осылай айта ала ма? Сіздер Оны сүйесіңдер ме, қымбатты достар? Оған деген махаббаттарыңызды немен дәлелдейсіңдер? Бұл жерде отырғандардың бәрі бірдей сүймей ме, — деп қорқамын. Мен әлі кәрі емеспін, бірақ менің артымда да құдайсыз өмір жатыр. Осындай өмір сіздердің де арттарыңызда бар. Сендер жаңа өмірді бастадыңдар ма? Егер солай болса, Мәсіхке деген сендердің махаббаттарың неден көрінеді? «Кім Мені сүйсе, — дейді Мәсіх, — сол Менің Әкем үшін де сүйікті болады».

Мұның өзі нені білдіреді, — деп сендер қашан болса да ойладыңдар ма? Үйде, қызметте, бір сөзбен айтқанда, сіздің өміріңіздің әрбір минутында «сүйікті болу», — деген нені білдіреді? Бұл сөздің астарына үңіліп көріңдер ме?

Құдайдың қатысуы күнәкар және аянышты адамдарды, бізді барлық жерде қарсы алатынын, бірақ, соның өзінде де әкесі өз балаларын жақсы көргендей бізді жақсы көретінін білу қандай қуанышты. Егер Ол маған рақымды болса, маған қандай жамандық болады? Егер Тәңір маған Өзінің жарылқаушы қолын ұсынса, маған кім зиян келтіруі мүмкін? Ол менің қайғы-қасіретімді жеңілдетуге көмектеседі, мұқтаждық пен ауру туған шақта мені күн сайын қолдап отырады. Ол — менің тірегім. Өлім сағаты соққанда Ол мені Өзінің ғажайып та, мәңгілік отанына алып кетеді.

Әскери қызметтің алғашқы жылында менің өте үйге қайтқым келді. Мені туған жерім, туған тауым мен ормандарым өзіне шақырды. Міне, үйге де келдім. Мен бұрынғысынша тауларым мен ормандарымды сүйемін,

бірақ менің жүрегім, басқа, аспандағы отанымның биік тауларына қарай ұмтылады. Менің жаным сонда ұмтылады, өйткені онда мені сүйген Әкемнің мәңгілік мекен-дейтінін білемін. Сонымен, Иса Тәңірдің өсиеттерін ұстаныңыздар, сонда Аспандағы Әкеміз де сіздерді сүйеді! Сонда сіздердің бақыттарың да тыныштықта болады.

«Мен де Оны жақсы көремін және оған Өзім келемін», — дейді одан әрі Иса шәкірттеріне. Ол Құтқарушы жай, оқымысты емес адамдарға мұндай сөздерді айтқанын шәкірттері түсіне алмады. Олар Оны бұл дүниенің ұлы, данышпаны болып ашылады, — деп күтті.

Иса Мәсіх туралы көп білуге және сонымен бірге Оны жеке танымауға болады. Бүкіл дүние жүзі Құтқарушы жайында біледі, бірақ Ол Қасиетті Рух болып ашылған Онымен жеке өзі таныс адамдар аз. Салыстыру үшін мынандай мысал алайын: мен біздің тауда өсетін көп өсімдікті білемін, бірақ олардың әрқайсысы неге жарамды екенін білмеймін. Менің әжем болса, сол өсімдіктердің әрқайсысының емдік күшін біледі. Сонымен, мұны білмегендіктен мен оларды оп-оңай басып, аяғыммен таптауым мүмкін. Бірақ менің әжем олай істемейді. Ол бұл өсімдікті жұлып алады және пайдасына жаратады. Кейбір адамдар Оны аяғымен басатынын күйіне отырып айтуым керек. Ол сіздердің әрқайсыңызға келді ме? Ол ие болып отырған емдік күш сіздерге таныс па? Бұл күш бүкіл күнәлі қайғы-қасіреттерді емдейді.

Әжемнің өсімдіктермен не істейтінін мен жиі-жиі таңқала бақылаймын. Алдымен оларды жуады, содан соң қашан шырыны бөлінгенше жаншиды. Тек сонда ғана емдік дәрі қолдануға дайын болады.

Иса Мәсіх осы жерде кіршіксіз, қасиетті өмір сүрді. Содан соң, сіздердің білетініңіздей біз үшін Ол Өз қанын төкті, ол қан біздің күнәлі жарақаттарымыз үшін емге айналды. Сол зәмзәмді жүректеріңізге қойыңыздар, сонда сіздер жазыласыздар. Сіздер Иса Мәсіхті танып, Оны сүйесіздер.

Бірде мен жарақаттанып қалдым. Мен жарама бұрын ешқашан пайдаланбаған май жақтым. Енді мен ол майдың маған қандай пайда әкелгенін білдім. Сондықтан да мен енді бұл дәріге немқұрайды қарай алмаймын: ол мен үшін мүлдем қымбат. Иса Мәсіх қанын күнәмен ластанған жүректі емдейтін сол зәмзәмді бағалауға үйренулеріңіз үшін Құдай жарылқасын. Сіздер сонда жақыннан жеккөрінішпен қарап өте алмайсыздар, сіздер Иса Мәсіхті танып, Оны сүйесіздер.

Шәкірттері Құтқарушыдан Ол Өзін бүкіл дүние жүзіне емес, тек соларға ғана неге көрсеткісі келеді, — деп сұрағанда ол: «Мені кім сүйсе, Менің Сөзімді сол ұстанды...» — деп жауап берген. Сол «кім» мен де, ол мүмкін сен де боларсың, тыңдаушым. Бір сөзбен айтқанда, Оның өсиеттерін ұстанатын кез келген адам болмақ.

«...Менің Әкем де оны сүйеді, сондықтан біз Соған келеміз, сонда сиыну үйін жасаймыз». Бұл сөздің сенімділігі ешқандай шүбә тудырмайды. Иса Мәсіхтен күнәларыма кешірім алып, мен Оны сүйдім және Оның өсиеттерін тыңдауға тырыстым. Сонда Тәңір маған берген уәдесін орындады. Өзінің Қасиетті Рухымен Ол — мен, өз тарапымнан Оған жүрегімді бергенімде, мені Онда болуға үйрете бастады. Бұрын менің жүрегімде жын-шайтан мекендейтін және мен де соның еркімен әрекет істедім; енді менде және менімен Тәңір Өз еркімен әрекет етеді. Менің шат-шадыман жүруім де осыған байланысты.

Осында жиналған біздің бәріміз қарапайым және сауаты аз адамдармыз, бірақ Тәңірдің біздерге де ашылығысы келеді. Ол — адамдар Оның емдік күшін қабыл алмайтын, ақылды, тәкаппар әлемге келуді қаламайды. Мен әскери қызметте осы ақылды әлемге қарап көрдім: менің офицерлерімнің ешқайсысы да Құдайға да, Иса Мәсіхке де сенген жоқ. Сонда мен: егер бұл оқымысты адамдар Құдайға сенбесе, шала сауатты шаруа маған да Оған ешбір сенудің керегі жоқ, — деп ойлағанмын. Осы ой мені құрып кетуге дерлік апарды. Егер Құдайдың игі

ниеті мен менің Құтқарушымының сүйіспеншілігі болмаса, онда, сол әскерде өз күнәларым үшін өліп кеткен болар едім.

Осы оқымысты мырзалардың біреуі де Иса Мәсіхті таныған жоқ. Дүниеге қызыққан олар күнә мен жын-шайтанға қызмет етті. Ал мен қадірсіз жан күнәдан Тәңір арқылы сауығып, аман қалдым және азат болдым. Сіздердің бәріңізді Тәңір құтқаруды аңсайды, сіздердің әрқайсыңыз үшін Құтқарушының Қаны төгілген. Бірақ біз кез келген сәтте «Мен Құдайды жақсы көремін», — деп айтуға құқымыз бар, — деп ойламаңыздар. «Кім Мені сүйсе, ол Менің Сөзімді ұстанады», — деп Тәңір сақтандырған. Біз өз махаббатымызды іспен дәлелдеуіміз керек. Егер сіздердің өмірлеріңіз Құтқарушыға деген бұл махаббатты дәлелдемесе, демек, Ол сіздерге әлі де келмеген. Аумин.

Отырғандардың көпшілігі — Аумин! — деп бір кісідей қайталады.

Урсини жиынды шынайы дұғамен аяқтады. Соңынан ол жиналғандарға арнап, тағы да қысқаша сөз сөйледі:

— Иса Тәңірге жүректеріңді емдеуге беріңдер! Менің досым: «Иса — күнәлі қайғы-қасіреттерді шынайы емдеуші», — деп жаңа ғана айтты. Тек дені сау адам өзінің азаматтық міндетін орындай алады. Рухани саладағы заң да осындай: тек күнәдан сауыққан адам ғана Құдай өсиеттерін орындай алады; тек жүрегі жаңарған адам ғана өзінің Құтқарушыға деен махаббатын дәлелдей алады. Егер сіздер рухани сауығуды іздейтін болсаңыздар, Иса Мәсіхке баруға тиістісіздер: Ол — дәрігер және сіздердің жандарыңыздың сауықтыратын күші. Оған біз де осындай жолмен келгенбіз. Сіздердің іштеріңізден бүгін кім Құтқарушының соңынан ілесіп, Оған Өзінің ауру, көп жапа шеккен жүрегін бергісі келеді? Онда мұндай жан алға шықсын.

Жылап бір жесір әйел, оның соңынан тағы да екі еркек шықты. Қалған жиналғандар да жылап, тәубеге

келушілермен бірге дұға оқыды. Осы жерде Петірге де жиналғандар алдында Тәңір туралы ашық әңгімелейтін жағдай туды.

Степан мен Петір мұнда ұмытылмас сағаттарды бастан кешірді. Бірақ оларды да, жаңа ғана алдарында олар Тәңір туралы куәландырған қарапайым да, анық айғақ болған кішкене Мәсіх жолын қуушылардың қауымы ұмытқан жоқ.

Достар қайтқаннан кейін әлі де түннің бір уағына дейін әңгімелесті. Ақыр аяғында Петір ұйықтауға, ал Степан әлі де шамалы сөйлесу үшін Урсинидің бөлмесіне кетті. Степанда Дубравкада ешкім оған жауап бере алмайтын сұрақтар көп еді. Степан Урсиниді мүмкіндік туа қалған күнде Дубравкаға қонаққа келіп қайтуға шын жүректен шақырды.

— Біз ол жерде бақташысыз қойлар сияқтымыз, — деп шағымданды оған Степан.

Урсини Степанға қарады, ол бұл көзқарастан: «Қымбаттым менің, олар бақташысыз емес, әзірге сен барсың», — дегенді оқи алар еді.

Достарға келесі күні қоштасу қиынға соқты. Прибовская тәтей де Степанға Дубравкаға келуге уәде берді. Көлік баяғыда-ақ көзден таса болды, ал дәріші Урсини болса, жолда әлі де тұрып, кеткендердің соңынан ойға бата, қарап қалды.

11. ОРАЛУ

Степан мен Петір Дубравкаға риза және бақытты болып оралып келе жатты. Олар кездескен адамдармен өз бақыттарын бөліскілері келді. Жол бойында олар шаршаған жолаушыларды көлігіне мінгізіп отырды. Оларға шектен шыққан бір маскүнем кездесті. Бұл адам барлық жерде бірінші сотқар және жанкешті бұзақылығымен

баршаға белгілі еді. Бірде, қыста, ол соңғы тиынына музыканттарды жалдап, соларды биік ағаштың басына шығарып, сонда ойнауға мәжбүр еткен екен. Оның өзі осы кезде ағаштың түбіндегі қарға жатып, музыканы сол жерден тыңдапты. Достар оның жарақаттанған аяғын таңып беріп, арбаға жатуына көмектесті. Степан оған, Құдай адамды Өз бейнесіне ұқсас етіп жаратқан және дүниеге Өзінің Ұлы Иса Мәсіхті құтқару үшін жіберген, — деп түсіндіре бастады.

Әуеліде маскүнемнің аузынан Құдайға, адамдар мен Степанның өзіне қарсы қарғыстар мен балағат сөздер жауды. Бірақ Степанның ашуланбай, қайта өз үгітін үлкен сүйіспеншілікпен айтып келе жатқанын көргеннен кейін, ол ұрсуын да қойды. Степан мұндай өмірмен оның жын-шайтанға қызмет етіп келетінін және ол жүріп келе жатқан жол құруға апарып соқтыратынын түсіндірді. Ақыр аяғында ол адам жылап жіберді де, жолдың қалған бөлігінде аузынан бірде-бір сөз шығарған жоқ. Олар оның үйіне жеткенде маскүнем арбадан түсе алмады, оның ауру аяғы жансызданып қалған еді. Достар оны қолтықтап, үйіне кіргізді.

— Оған, ұрыспаңыз, шешей, — деді Степан оның анасына, — бұл ештеңе білмейді, мен де бұрын осындай жағдайда болғанымда, менің шешем ұрысып қарсы алатын, онысымен ол тек өз жанына зиян келтіретін; оның ұрысы менің ызамды қайнататын. Одан да дұрысы, оған ыстық сорпа беріп, ауру тізесіне дымдалған салқын шүберек басыңыз.

Әйел Степанның қайырымдылығына таң қалды. Бірақ Степан олардың жұпыны үйіне көз тастап, баласына:

— Дегенмен сендердің үйлерін қандай көңілсіз. Түктерің жоқ, ал осының бәріне кінәлі шарап. Жалаңаш қабырғалар, салдыр-салақ төсек, лас киім, қаңыраған бөлме; ал осының бәрінің себебі шарап. Сіздер хаюандарға ұқсап, аянышты тіршілік етіп жатырсыңдар. Тәңір сіздерді маскүнемдіктен құтқару үшін, қане, бірге дұға оқып, жал-

барынайық: Оның мұны түзету қолынан келеді! Ол мені жын-шайтанның ықпалынан құтқарды, Ол мұны сіздерге де істей алады, — дегенде ол одан әрі таң қалды.

Степан мен Петір баяғыда кетіп қалды, ал байғұс әйел, олардың мұнда тізелерін бүгіп, онымен бірге Құдайдан өзі мен ұлына көктен көмек жіберуін сұрап, жалбарынғанын есіне алды. Ұлы да үйдегінің бәрінің жұпыны және адам көргісіз екенін тұңғыш рет көрді. Ол бұған дейін хаюандарға ұқсап өмір сүргенін сезініп, терең ұйқыдан ояғандай болды. Оны адам төзгісіз ұят мазалады. Жалаңаш қабырғалар оны: сен әйеліңнің өзімен бірге әкелгеніңнің бәрін ішіп қойдың, — деп айтып тұрған сияқты. Ал байғұс әйелі! Үйленген кезде ол әйелін сүйді, бірақ содан соң іше бастап, өзінің қаталдығымен оны титықтатты. Егер бұл өзінің соққысымен оны молаға тығып тастамаса, ол бүгін де өмір сүріп жатқан болар еді. Енді ол мұны Құдай алдында кінәламақ...

Ол еңіреп жылады. Шешесі жұбатқысы келіп, жақындағанда ол оны дөрекілікпен итеріп жіберіп:

— Сен мені ішуге үйреттің! Жас күнімде маскүнемдіктен неге сақтандырмадың! Сен маған ешқашан да Құдай туралы айтқан жоқсың: бәріне де кінәлі тек қана сен! — деді.

Бақытсыз әйел оның сөзінің дұрыстығын сезінді, сондықтан да ешқандай қарсы сөз айтқан жоқ. Оның өзі де баяғыдан шарапқа үйір болды және баласына да беріп тұратын. Бірақ ол аз ішетін, сондықтан бұл оған жұмыс істеу мен шаруашылықты жүргізуге кедергі келтірген жоқ. Ұлы болса, маскүнемдікке салынып, үйдегі бүкіл мүлікті ысырап етіп құртты. «Бәріне сіз, сіз кінәлі!» — деген айыпты тозақта ыңырсыған балалардың аузынан ата-аналарға естуге тура келеді, — деген бір ойдың өзі жаныңды түршіктіреді.

Біздің жолаушыларымыз бұл кезде үйлеріне жеткен еді. Петір қалада өзі сатып алған заттарын алып, үйінің жанынан түсіп қалды. Степанмен қоштаып, тезірек көрі-

суге келісім жасап, ол үйіне көңілдене кірді. Ұлы кездеме сатудан түскен ақшасын үйге әкелер ме екен, немесе тағы да ішіп қояр ма екен? — деп ойға батып Крачинская плитаның жанында тұр. Ішіп қойды, — деген сөз оны ешбір таңдандырмайтын, өйткені бұл жылдан-жылға қайталанып отыратын.

Петір шешесіне көңілді және шын жүректен сәлем беріп, ас үйге кірді:

— Сәлеметсің бе, шеше! Қалай тұрып жатырсың?

— Құдайға шүкір, жақсы, ұлым! Өзің қалай барып келдің, олжалы қайттың ба? Олар таяуда әктелген бөлмеге енді. Жүгін еденге қойып, Петір түйіншекті шешті де Прибовская кемпір пісірген самсаны шешесіне берді. Сонан соң ол өзі шешесіне сыйлыққа сатып алған орамалды оған берді, ол көптен бері осындай орамалды алғысы келіп еді. Ол Прибовскаяның оларға қандай қайырымды болғанын және шешесіне қалай шын жүректен сәлем айтқанын әңгімелеп берді.

Қуаныштан Крачинская жыларын не күлерін білмеді. Ұлын қуана құшақтап, оны қатты сүйді. Ұлының қамқорлығы оны терең тебірентті. Әбігерге түскен ол ұлына түскі ас дайындауға кірісті. Түскі ас үстінде ұлы оған кездемені қаншаға сатқанын және жүн мен қағаз үшін қанша төлегенін әңгімеледі. Прибовскаяның Каримский мырзаға арнап орамалдар мен ас үйге арналған сүлгі жасау үшін кездеменің үлкен бөлігін әкеліп беруін тапсырғанын айтты.

Сатудан қалған ақшаны Петір толығымен шешесіне берді.

— Бәрін берме, өзің үшін азын-аулақ қалдыр, — деп үгіттеді шешесі.

— Сенің бергеніңді бар ықыласыммен аламын, — деді Петір, — бірақ өзім бірде-бір тиын алмаймын. Бұрын сатудан түскен ақшаның бір бөлігін жымқырып, сені алдағаным да жетер. Мені сол үшін кешір!

Петірдің шешесіне жалбарына қарағаны соншалықты, тіпті кемпірдің көзіне жас келді.

— Жол бойында сен туралы ойладым. Менің саған қаншалықты уайым келтіргенімді өлгенімше ұмытпаймын және Құдайдың көмегінен үміттеніп, өзіңнің туған ұлың болмасам да мұны дәлелдеуге тырысамын...

— Ой, мұны несіне айтып тұрсың? — деді Крачинская мұндана сөйлеп. — Өз баламның өлімінен кейін сені үйге әкелгеннен бері, сен менің жұбанышым болдың. Маған өзімнің балдырғаным қайтып келген сияқты көрінді. Бірақ сен үшін ақы төлеп жүргенде, маған жат адам сияқты сезім мені үнемі мазалайтын. Сен үшін ақша әкелуді тоқтатқаннан кейін, менің меншігіме айналдың, — деп қуандым. Одан бері қаншама жылдар өтті, сенің менің ұлым емес екеніңді мүлде ұмыттым. Алайда, қызық, сенің әке-шешең тірі ме екен?

— Менің әке-шешем бе! — Толқығаннан Петір орнынан қарғып тұрды. — Егер әке-шешем мені Құдай сотының алдында талап етсе де, оларды білмеймін, — деп жауап берер едім. Ал сенің қолыңнан алып: «Міне, менің анам!» — деп айтар едім.

Крачинская бұл сөздерді ешқашан ұмытпақ емес, айтылған сөздердің шынайылығына да шек келтірмеді. Ұлының дауысынан қорланған жанның бар қайғысы естілді. Оған ашуланғанның бәрі, мейлі жас болсын, мейлі кәрі болсын, әрқайсысы оның тегінің белгісіздігін Петірдің көзіне басып, оған бала шағынан азап шегуге тура келгені таң қаларлық емес. Өкінішке орай, осылай жиі болады: ата-анасы Құдай заңынан аттап өтеді, ал күнәсіз балалары кейіннен ұят таңбасын бүкіл өмір бойына алып жүруі керек. Осы таңба ата-ана мейірімін білмегені Петірдің маңдайына сәби шағынан-ақ жазылды.

Анасы мен ұлы түннің бір уағына дейін әңгімелесті. Осы кеште Крачинская, оның үйінде трактир ашылмайды, — деген оймен біржола келісті. Ол Петірдің «арманшыл» болғанына да енді өкінген жоқ. Ол қазір мүлде басқа жанға айналды. Осыған дейін ол шешесіне қызмет те, сүйіспеншілік те көрсеткен жоқ.

Хратскийдің үйінде де жарық әлі жанып тұрды. Мұнда да ешкім ұйықтауға асыққан жоқ. Әрқайсысының қуанатын себебі бар еді. Степан бірде-бір тапсырманы ұмытқан жоқ және бәрін тиімді сатқан еді. Бірақ бұл да бәрі емес еді: ол шешесіне Прибовская тәтейден кофе мен қант, балаларға Урсиниден суреттер, атасына жөтелдің, әжесіне ревматизмнің дәрілерін әкелді. Степан оған жан-жақтан қойылған сұрақтарға әрең жауап беріп үлгерді. Оның қожайыны саяжайға кеткенде, тәтейдің оларға келуге уәде еткені бәрін қуантты. Бірақ бәрінен де олар Степанның келгеніне, оның сапарының соншалық сәтті болғанына қуанды.

Ақыр аяғында бәрі ұйықтауға кеткенде, Степан әкесімен оңаша қалды. Ол әкесінің алдында есеп беріп, саудадан түскен ақшаларды бергісі келген еді. Степан ақшаны санап жатып, кенет қысылып қалды да, оның беті қып-қызыл болып кетті.

— Сен байқаусыз есептен жегізіп қойған жоқсың ба? — деп сұрады Хратский.

— Әке, — деп жауап берді оның көзіне тік қарап Степан, мен сатпаған жарты дорба жүгері жетпейді.

— Сатпадың ба?... Неге? — деп таң қалды Хратский.

Степан жүгеріні қайда қалдырғанын қысылып айта бастады. Содан соң былай деп қосып қойды:

— Сіз маған жаңа қалпақ алуға ұрықсат беріп едіңіз, бірақ мен қалпақты сатып алған жоқпын: ескісі де жарайды. Менің сол бір кедей адамдарға көмектескенімді Құдай қалады. Сіз маған ашуланбаңыз?

— Ой, Степан, Степан! — деп күрсіне сөйледі Хратский. — Мен саған жасаған зұлымдықты ешқашанда кешірмейсің? — деп айтқан жоқпа едім? Сен мені үнемі зұлым болып қалады және ешқашан түзелмейді, — деп ойлайсың ба?...

Степан бірден жауап бермеді. Ол әкесінен кешірім сұрағысы келіп еді, бірақ ойланып қалды.

— Мен сіз жөнінде ешбір жамандық ойлаған жоқпын,

әке, бірақ сіздің жүрегіңізді Ол толық жүгіндірсе екен, — деп Тәңірден сұраймын, мұны Оның жасайтынына да сенемін. Сіздің өзіңіз бар жаныңызбен Тәңірге қызмет етуді қалайсыз ба? Соны ғана түсінбеймін. Сіз мұны сөзіңізбен де, ісіңізбен де көрсетпейсіз. Сіз Иешуа Навинмен бірге «Мен және менің үйім Тәңірге қызмет етеді», — деп айтқыңыз келмей ме? Сіз жақсы диқансыз, сіздің ісіңіз, өзіңіз білетіндей, үнемі жақсы жүруде, өйткені жұмыста біздер, ұлдарыңыз үнемі сізді тыңдап келеміз. Тәңірге қызмет етуді бастаңыз, сонда біз де сіздің соңыңыздан ереміз. Сонда біздің ішімізден ешкім де Құдайдың еркімен әрекет істеуден және қайырымдылық жасаудан қорықпайтын болады. Бүгін шешіңіз, әкей: «Мен және менің үйім Тәңірге қызмет етеді!» — деп айтыңыз.

Хратский құп-қу болып кетті.

— Маған сен, ұлым, мен Құдайға қызмет етер едім, бірақ Оған жарамаймын ба, — деп қорқамын, өйткені мен күнәкар адаммын ғой.

— Мұны Тәңірге бірге айтайық, әке, — деп үн қатты Степан тізесін бүгіп.

Хратский де ұлының істегенін қайталады.

— Тәңірім, — деп жалбарынды Степан шын жүрегімен, — менің әкем Саған қызмет еткісі келеді. Ол өзін күнәкармын, деп санайды; оның күнәсін кеше гөр, Тәңірім. Өйткені Сен құрып бара жатқандарды жазаға тартуға және құтқаруға келдің ғой. Сонымен, оған осы күннен бастап Саған қызмет етуге көмектес. Аумин.

Біраз уақыт олар үнсіз тізерлеп тұрды. Ақыр аяғында Қасиетті Рух Хратскийдің аузына сөз салды.

— Құдайым, мен күнәкарға кешірім ете гөр, — деп ыңырсыды ол. — Менің ауыр күнәмді кешір, Степанға келтірген зұлымдығым үшін кешір. Мен де өзімнің үйіммен бірге Саған қызмет еткім келеді. Маған осыған көмектес және Өз рақымыңды түсіріп, мені қабылда! Аумин.

Ертеңіне оған Хратский келгенде Блашконың таңда-

нуында шек болған жоқ. «Оған не керек екен?» — деп ойлады Блашко ішінен. Степан ауырған кезден бері бұл семьялардың арасы анағұрлым жақындағанымен, әлі де еркектері анда-санда өзара тіл қатқаны болмаса, бір-бірінен қашып жүретін.

Адамға өзі ұзақ уақыт бойы шеттеп жүрген кісімен әңгіме бастау қиын. Хратскийге де Блашкомен әңгімелесу қиынға соқты. Блашко мынандай сөздерді естігенде қалай таң қалды десеңші:

— Көрші, мен саған кешірім сұрауға келдім. Мен өткенде сені межедегі тасқа бола босқа ғайбаттаппын. Оны сенің қозғамағаныңды білемін, өйткені сен өте адал жансың. Кешір мені және бәріміз де, бұрынғыша қайырымды көршілер болып қалайық!

— Иә, бір-бірімізді кешірейік, — деді көңілі бұзылған Блашко Хратскийге қолын беріп жатып. — Сенің өзің келгенің мені қуантты. Мейлі бәрі де бұрынғыша болсын!

Соншама жылдардан кейін бір-біріне достық көзқараспен тағы да қарай алғандарына екеуі де жеңілденіп қалды.

12. ҚОНАҚ

Уақыт тез өтіп жатты. Степан мен Петір сапардан келгеннен бері бірнеше апта өтті. Дубравкадағы өмір өз кезегімен жүріп жатты, әркім өз ісімен шұғылданды.

Петір Крачинский де өз жұмысымен айналысуда. Міне, ол орман тыныштығына рақаттанып, түйіншегін арқалап, орман ішімен жүріп келеді. Ол әлгінде ғана сатып алушыларға кездеме өткізіп, енді үйіне жаңа тапсырмалар алып қайтты. Тапсырма берушілердің көп болғаны соншалықты, ол жұмыстарды орындауға әрең үлгеруде. Одан: «арманшыл» болғаның рас па?» — деп сұрағанда, ол: «Мен бұрын Құдай ақиқатын білмей, шындығында да

сондай болғаным рас. Енді маған Құдай кешірім етіп, мені қабылдады. Мен бақыттымын: Иса Құтқарушы, Құдай Ұлы маған ашылды!» — деп шын көңілімен жауап қайтарды.

Көптеген адамдар Петірге сенген жоқ, бірақ ол адамдардың қалай дегенмен де бір күні оның сөзі туралы ойланатынын ол білді.

Петірді көптен бері бір ой мазалайтын, сондай-ақ Дубравканың әйелдері де жиі оның жанына тиетін:

— Тыңда, Крачинский, сен баяғыда-ақ әскери қызметті атқарып болдың, енді неге үйленбей жүрсің? Сенің өгей шешең қартайды, көп кешікпей, оның шаруашылықты жалғыз жүргізуге күші келмейді.

— Үйді жөндеп алған кезде үйленем, — деп жауап беретін Петір, сөзшең әйелдерден бірдеңе етіп құтылғысы келіп.

Петірдің өзі де бұл жөнінде ойланатын. Ол көптен бері жазда өйтіп-бүйтіп өз үйін жөндеп алып, оған жалғыз шағын бөлме салғысы келетін. Бұл іске оған Степан, Мишко және Павел Петран көмектесуге уәде берді. Блашко мен Хратский тас беруге ұйғарды. Петір екі тас қалаушымен де келісіп қойған, ал Степан осының бәрі оған қаншаға түсетінін есептеп берді. Осындай көмекпен іс әрине тез алға басады. Бірақ содан соң ше? Оның шешесімен екеуіне үлкен үйдің не керегі бар?

«Әйелдер дұрыс айтады», — деп ойлады Петір. — Шындығында да анам қартайды, оған көмек керек. Ол қазір маған бұрынғыдай тоқуға да көмек бере алмайды. Иә, Құдай көмегімен қарызға батпай, мына үйді дұрыстап алудың сәтін түсірсем, мен дереу үйленемін. Бірақ Марьюшкадан басқаны алмаймын!»

Осы жөнінде бүгін ғана мойындағанымен, ол бұл туралы жылдан астам армандаған еді. Екеуі де өмірдің тар жолына түскен кезде, осы ой оның жүрегіне ұялаған. Бұрын Петір Блашкодан оның қызының қолын сұрауға ешқашан да бата алмас еді. Бұл жөнінде оған ойланудың

да қажеті болмады. Бірақ ол қазір басқа адамға айналды, семьясын асырайтындай шаруашылығы да түзеле бастады. Оның үстіне Марьюшка да әкесінен алыс кетпес еді. Әзірге Мишко үйленбей тұрғанда, Марьюшка тіпті әкесіне шаруашылық жағынан көмектесе алатын еді.

«Бірақ бұл жөнінде қазір ойланбайын және күні бұрын қуанбайын, — деп өз арманын тежеді Петір. — Кім біледі, оның өзінің маған сәті түсе ме? Ал егер маған рұқсат бермесе, оған қалай төземін. Осының бәрі жөнінде Степанмен сөйлесіп көрейін, ал ол өз пікірін айтсын. Бірақ Марьюшка мені сүйе ме? Бала кезімізден бір-бірімізді жақсы көрдік. Мен қазір де оны қолыммен көтеріп жүруге және барлық қалауын орындауға дайынмын. Иә, Степанмен сөйлесіп көру керек, содан кейін...»

Осы кезде оның ойын жақыннан естілген біреудің жүрісі бөліп кетті. Петірдің алдында жақсы киінген бір мырза тұр. Петір тағзым етті, ал бейтаныс адам оның басынан аяғына дейін тез шолып кетті. Петір өзінше өте сымбатты еді, мұндай әдемі жігітті табу да оңай болмайтын. Бірақ Петір де бейтаныс адамға қарап, оған сүйсінді.

— Айтшы, досым, мына жол қайда апарады? — деп сұрады Петірден бейтаныс адам.

— Дубравкаға.

— Сен маған ол жерден екі-үш күндей аялдауға болатын ұй көрсете аласың ба? Мен ақысын жақсы төлеймін. Менің осында тауда шамалы тұрғым келеді.

— Неге болмасын! — деп жауап қайырды Петір. — Айталық диірменші Блашконның үйінде болады... Оның жақсы бөлмесі бар, онда сізге ыңғайлы болады. Сіздің бізде де қоныстануыңызға болады, бірақ сізге ұнай ма екен... Біз кедей тұрамыз. Бірақ біз сізге үлкен бөлмені берер едік; шешем ас үйде болады, ал мен қоймада түнеймін.

— Мен сендерде аялдауға келісемін. Менің чемоданыма көмектесуіңді өтінемін, ал қалғанын келісе жатармыз.

— Жақсы, мырза.

Жарты сағаттан кейін олар диірменнің жанымен өтетін

жолмен келе жатты. Петір артынан жол таяғына сүйеніп келе жатқан бейтаныс адамның жүгін алып келеді.

— Сенің түйіншегіңдегі нәрсе кездеме сияқты. Тоқымашы екенің рас па? — деп сұрады бейтаныс адам Петірден.

— Иә.

— Ал сенің шаруаң қалай жүруде?

— Құдайға шүкір, жақсы. Мен жаңа өмір сүре бастағаннан бері, Құдайдың көмегімен бәрі жақсы жүруде.

— Ол қандай жаңа өмір? Сен, шамасы, біреумен тиімді шарт жасап, өз өкіміңді пайдамен өткізіп жүрген шығарсың?

Петір күлді.

— Мен шындығында да кезінде шарт жасағаныммен, мүлдем олай емес. Бұрын мен бір қожайынға қызмет ететінмін, ал қазір басқаға қызмет етудемін. Алғашқысы мені күйзелтіп, азапқа салып, менен бәрін тартып алды. Енді менің қайырымды Қожайыным бар: Ол оның үстіне менің жұмысыма көмектеседі және көл-көсір ақы төлейді.

Бейтаныс адам жас жігіттің балғын жүзіне қызығуын жасырмай қарап қалды.

— Бұл екі мырза деп кімді айтып тұрсың?

— Менің бұрынғы қожам — жын-шайтан мен дүние-шілдік еді, ал қазіргі Қожам — Иса Мәсіх. Мырза, сіз маған ашуланбаңыз, және маған бұлай таң қала қарамаңыз. Мен шындықты айтып тұрмын, қазір рұқсат болса, бәрін де түсіндіремін.

— Иә, түсіндір, әйтпесе, мен сені маған күліп тұр екен, — деп ойлаймын, бейтаныс адам қатал жауап берді.

Петір өз әңгімесін бастады. Ол өзінің балалық, жастық шағы туралы; өзінің қалай ұзақ уақыт жын-періге қызмет еткенін, бірде жолда мас күйінде жатып, үсіп кетуге сәл-ақ қалғанын, Степанның оны қалай жөнге салып, Мәсіхке жол көрсеткенін әңгімеледі. Осыдан соң ол жаңа жолға түскенін, қазір Мәсіхке қызмет ететіні үшін өзін бақытты санайтынын айтты.

Осы жөнінде және өзінің әсерлері жөнінде бейтаныс-

пен бөлісе келіп, Петір барған сайын өткірленіп, өзіне тарта түсті. Бейтаныс адам оған бірнеше рет қадала қарады.

«Кім біледі, бұл мырза да маған Степан әңгімелеген адамдардан шығар. Бәлкім, ол да Құдай мен Иса Мәсіхке сенбей, тек өз көзімен көргендеріне сенетін болар». Петір бейтаныс адамға күнәдан ғана емес, сондай-ақ мәңгілік өлімнен де азат ететін қуатты Құтқарушы — Иса Мәсіх туралы қызулана әңгімеледі.

— Сені бұдан былай азғындық өмір, маскүнемдік, би және басқалары қызықтырмай ма?

— Жоқ! Иса Мәсіх мені мұның бәрінен азат етті. Ал қазір бұрын жақсы көргендердің көбін жек көремін, бұрын білмегендіктен жек көргендерім мен аяққа басқандарымды — жақсы көремін. Егер сізден мынандай сұрақты батылдығым барып сұрасам ашуланбаңыз, мырза: сіз менің Құтқарушыммен таныссыз ба және соған қызмет етесіз бе? Сіз құтқарылдыңыз ба?

Бейтаныс адам мырс етті.

— Онымен мен таныспын ба? Мен лютеранмын ғой. Бірақ сенің тікелей сұрағына ашық жауап бергім келеді, мен Оған қызмет ете қояр ма екенмін. Ал құтқарылу жөнінде, егер бұл сұраққа сенің түсінігіңмен қарасақ, мен құтқарылған жоқпын.

— Жоқ па? Сіз үшін Өз өмірін берген Иса Мәсіхке қызмет етуді қашан бастайсыз?

Таң қалған бейтаныс Петірдің жүзінен жалбарыну мен жазғыруды оқыды.

— Бәлкім, ешқашанда! — деп жауап берді ол. — Егер мен дүниеден мүлдем аулақтайтын болсам, оның мен үшін сәті түспейтін де шығар. Сіздерге мұндағы тауда Мәсіхке қызмет ету оңай; ешкім кедергі келтірмейді. Бірақ бізге... Егер менің дүниеде қандай орын алып отырғанымды білсең, онда менің Мәсіхке қызмет ете алмайтынымды түсінер едің.

— Өтінемін, мырза, өзіңіз туралы айтыңыз; сіздің қателескеніңізді дәлелдеп көрейін.

— Сен мұны маған дәлелдегің келе ме? Қызық екен. Онда біліп қой: мен — жол қатынастары қызметінің инженерімін. Менің жарты өмірім күні-түні жұмыс барысында разъездерді аралауға кетеді, ал қалған уақытта ақсүйектер қоғамында боламын. Бір қарағанда, бұл қоғам сіздердің кабактарыңыз сияқты соншалық жеккөрінішті емес, бірақ шындығында ол, бәлкім, одан да нашар. Өзің ойлап көрші, мен қалай Мәсіхке қызмет ете аламын?

— Әй, мырза, сіздің менің Қожаммен таныс емес екеніңізді байқап тұрмын. Өйткені Ол: «Мен сіздермен үнемі біргемін», — дейді ғой. Ол сіз үшін өлді, Ол жөнінде мен ойламағанымда, менімен бірге болғанындай, Ол үнемі сізбен бірге болды. Егер біздің үнемі бізбен бірге болатын Қожамыз болса, онда бізге Оған үнемі қызмет ету мүмкіндігі де берілген.

Бейтаныс адам басын шайқады.

— Тіпті күнәлі, құдайсыз ортада ма? — деп таңғала сұрады ол.

— Сіз сол ортада қалуға міндетті ме едіңіз?

— Иә, әйтпесе мен өз қызметімді жоғалтамын. Немесе саған түсінікті тілмен айтсақ, күнделікті нанымнан айрыламын.

— Ой, мырза, бұған сенбеймін! «Арманшыл» болғандықтан адамдар — наныңнан айрыласың, — деп маған да айтқан. Мәсіхке сенбейтін адамдар бізді осылай айтады. Бірақ мен Тәңірге үміт арттым: шынымен Ол маған аштықтан өлуге мүмкіндік бере ме екен? Сонымен не болды дейсіз ғой? Бәрі маған келетін болды, өйткені мен жақсы тоқимын. Егер сіз жақсы инженер болсаңыз, онда сіз тақуалығыңыз үшін және күнәға бататын ойын-сауық орындарына бармайтын болғандығыңыздан өз лауазымыңыздан ешуақытта да айрылмайсыз.

Бейтаныс Петірге қызығып, қымиды.

— Сен, алайда, өз көзқарасыңды жақсы қорғай біледі екенсің. Атың кім?

— Петір Крачинский.

— Крачинский?

— Сіз бұл есімді естіп пе едіңіз? Әбден мүмкін, Крачинскийлер көп; бірақ олар менің шешемнің туысқандары емес.

— Иә, маған бұл есім таныс. Менің жұмысшыларымның біреуі Крачинский болуы да мүмкін. Сенің әкең тау-кен ісімен айналысқан жоқ па еді?

- Менің әкем бе? Білмеймін.

Петірдің жүзінен мұң мен қайғы табы білінді. Бұл бейтаныс адам үшін елеусіз қалмады.

— Қалайша сен мұны білмейсің? Ол, бәлкім, сен әлі сәби кезінде өлген шығар?

— Оның әлі де тірі болуы мүмкін...

— Қалайша? Демек, ол сенің анаңды тастап кеткен бе? Немесе ешқашан қайта оралмау үшін словактардың істейтініндей, мүмкін, Америкаға кеткен шығар? Үмітіңді жоғалтпа, ол әлі саған қайтып оралады.

— Құдайым, мені қашан да болсын онымен кездесуден сақта! — деп қызулана үн қатты Петір.

— Сен өз әкеңе ашулысың ба? Бұл үшін сенің Қожаң не айтар екен? — деп әзілдей сұрады бейтаныс адам.

— Мен оған қаскүнемдік тілемеймін, керісінше, егер әкем тірі болса, Тәңірден оның жанын Өзіне шақыруын сұраймын. Егер онымен Құдай тағының алдында кездесетін болсам, өте қуанамын. Бірақ бұл жер бетінде онымен кездескім келмейді. Балалық шақтан бөтен есімді иеленудің қаншалықты ауыр екенін бір Құдайдың өзі біледі. Менің әке-шешемнің құрметке лайықсыз адамдар болғаны үшін мен кінәлі емеспін. Бірақ менің әке-шешемнің Құдай алдында күнәға батуға ұялмай, күнәға батқан соң адамдардан ұялғаны жаныма бәрінен қатты батады. Өздерінің күнәларын жабу үшін олар мені бөгде адамдар тәрбиесіне берді. Алғашқы жылдары олар менің тәрбием үшін ақша беріп тұрды, бірақ кейіннен оны төлеуді қойды. Егер мені паналатқан бөтен әйелдердің

жүрегі қайырымды болмаса, мен аштық пен суықтан өліп қалған болар едім. Мен бұны сізге айтпай-ақ қояр едім, мырза, бірақ әкемді көргім келмейтінім, Тәңірге қызмет етуіме кедергі бола алмайтынын сізге түсіндіргім келіп еді... Міне, енді біз көп кешікпей үйде боламыз.

— Сонымен, өзің, анам, — деп жүрген әйел сенің шешең емес екен ғой? — деп сәл үнсіздіктен кейін сұрады бейтаныс.

Ол, шамасы, жүруден ыстықтаған сияқты, сондықтан, ол маңдайынан аққан терін орамалымен жиі сұртті.

— Адамдар алдында ол менің анам емес, бірақ Құдай алдында ол осы атқа ие, өйткені мені оның бір өзі тәрбиеледі.

— Мүмкін, менің сіздерде тоқтайтынымды әуелі ескертерсің оған? Мен осы жерде күте тұрайын.

— Сіздің қалауыңыз білсін, мырза! Тек бұл жердің шөбі ылғал, сіз ыстықтап тұрсыз, сізге суық тиюі мүмкін.

Петір өзінің түйіншегін шешіп, жамылғыны шығарды да, оны шөпке төседі. Жүгін қайтадан арқасына салып, ол үй жаққа қарай тез жүріп кетті. Бірақ ол бейтаныс адамға кездескенге дейінгідей көңілді болған жоқ.

«Бүкіл өмірімді оған несіне айттым екен?» — деп ойлады Петір. — Оның жат адамға керегі қанша еді? Қрачинский деген есімін менің тек кездейсоқ алып жүргендігімнің оған қажеті қанша? Дегенмен, мұны бәрі білетін болса, бөгде адам да оны білсін. Бірақ бөтен есімді алып жүрген маған Марьюшка күйеуге шығар ма екен?»

Осы ой оның жүрегіне инедей қадалды. Бірақ бұл жолы оған осы ой төңірегінде ұзақ бас қатыруға тура келген жоқ. Оны біреу шақырды. Жалт қараған ол, Марьюшканы көрді. Ол жүзі алаулап, қызбен кездесуге қуана-қуана қарсы жүрді.

— Сенің сатып алмағаның жоқ қой, Петір! Шындығында да осының бәрі сенің қолөнеріңе ме? — деп сұрады ол оның жүзіне сұраулы жүзбен қарап.

— Жоқ, олай емес!

Петір қызға өзінің бейтаныс адаммен кездесуі жөнінде қысқаша айтып берді.

— Білмейтінім, біздің нашар үйшік оған ұнай ма екен? — деп қосып қойды ол.

— Ой, Петір, қалайша бұлай деп сен айтып тұрсың? — деп қарсы болды Марьюшка. — Өйткені Құдай Ұлының тіпті басын жастыққа қоятын жері болған жоқ, ал сен өз үйшігіңе ұяласың. Иса Мәсіх бізбен бірге үйімізде мекендейді, Ол бізбен үнемі бірге, — дейді Степан. Өзіңнің тоқыма станогіңе отырғанда да, Ол сенімен бірге, Ол сенің жұпының үйшігіңде де болады. Бала кезімде мен сіздердің үйге келуді жақсы көретінмін, өйткені сенің анаңның бөлмесі үнемі таза тұрушы еді.

— Сонымен, саған біздің үйде болу ұнаушы ма еді, Марьюшка? — Петірдің жүрегі қуаныштан лүпілдеп кетті. — Бірақ мен өз үйшігімді сіздің үлкен қонақ бөлмемен салыстыратын болсам, біздің үйдің соншалық жұпыны екенін көрмей тұра алмаймын. Осының бәрі менің кінәмнан. Егер мен жаңа өмірді бұрын бастаған болсам, біз басқаша тұрған болар едік. Бірақ мен Құдайдың көмегімен әлі де бір бөлмені қосып тұрғыза алсам, сонда орын да мол болады. Алайда, күтпеген қонақ жөнінде анама ескертуім үшін маған асығу керек.

— Мен де сенімен бірге барайын Петір, шешеңе көмектесейін, — деп ұсыныс жасады Марьюшка. — Қалай бәрі орынды болған десеңші: кеше ғана мен шешеңе көрпелерге жаңа тыс кигізуге көмектесіп едім. Мырза, шамасы, шаршаған шығар, бірақ ол жақсы ұйықтайтын болады!

Осылай тату әңгімелесіп, олар үйге жақындады. Крачинская ыдысты жаңа ғана жуып, шкафқа қоюға үлгермеген екен. Петір оларға уәде берген ақы жөнінде ескертпесе де, ол қонақты қабылдауға шын пейілмен келісімін берді. Марьюшканың көмегін де қуана қабылдады.

— Тәтей, еденді мен сыпырайын.

— Не істегің келсе, соны істе, Марьюшка, тек бәрі

жақсы болсын. Ал сен, Петір, өзіңнің етігіңді алып кет, станокты жина, өйткені сен енді бүгін тоқымайсың ғой.

— Мен бәрін істеймін! — деді Марьюшка. — Оның ұзақ күтпеуі үшін, Петір, инженерге жүре бер.

Марьюшканың шаруашылықпен қалай айналысып жүргенін көру үшін Петір үйде қуана-қуана қалар еді, бірақ ол екі айтқызбай мырзаға кетті.

— Инженер бірдеңені жазып, жерде отыр. Петір жақындағаннан-ақ ол өз кітапшасын жауып, оған қарсы қарай жүрді.

— Иә, не болды? Түнейтін орын алатын болдым ба, сендерден? — деді Петірдің қолынан алып жатып.

— Шешем сізді қуанышпен күтуде!

Оның өздерінің кедейлігіне енді кешірім сұрағысы келген жоқ. «Егер біздің үй Марьюшкаға ұнайтын болса және Құдай Ұлының Өзінің мұнда мекендеуі мүмкін болса, онда біздің жағдай бұл мырза үшін де жақсы», — деп ойлады Петір.

Көп кешікпей, Петірдің Хратскийлерге баруына тура келді. Ол олар үшін Б. мекенінен тапсырма алып келген еді. Крачинская бұл кезде қонақтың өтініші бойынша жұмыртқа қуыруға кетті. Инженер басын мұңая салбыратып, терең ойға беріліп, орындықта отыр. Барлық айналадағы заттарды есінде сақтап алғысы келгендей, ол бөлмені мұқият көзқараспен қарап отыр. Барлық жағынан да кедейліктің табы байқалады. Кішкене терезе арқылы еніп тұрған жарық ас үйдегі аспаптары ілінген аласа қабырғаға жарығын түсіріп тұр; бұрышта изразец пеш көрінеді. Ас үй жанында кіршіксіз таза тыспен қапталған көрпелер жиналған төсек тұр. Басқа бір бұрышқа тоқыма станогі қойылған. Оның үстінде кітап қойылған сөре бар, оның қатарына киім ілінген. Қабырғаны бойлай орындықтар тұр, ал олардың бірінің алдында таза дастархан жабылған емен стол қойылған. Столда нан, оның жанында Киелі кітап жатыр. Есіктің аласа болғаны соншалық, одан өте бере, Петірге үнемі еңкеюге тура

келді. Осындай аласа үйшікте осындай бойшаң жігіт өсті деуге сенгің де келмейді.

— Бұл мүмкін емес! — деп үн қатты өз-өзіне кенеттен мырза. Мен енді бұны білуім керек. Ал шынында да егер «ол» болып шықса ше?

Осы сәтте Крачинская кіріп, оның ауыр ойын бөліп кетті. Ол мұның алдына қуырған жұмыртқа, сүт пен жаңа піскен нан қойды. Ол мұны словактарға ғана тән кең пейілділікпен сыйлады.

— Сіз де столға отырыңыз, — деп шақырды мырза Крачинскаяны.

Біраз ауа райы, әр түрлі жағдайлар жөнінде сөйлескеннен кейін мырза, кенеттен үй иесі әйелден:

— Сіздің ұлыңыз біреу ғана ма? — деп сұрады.

— Біреу, сіздің тілеуіңізді берсін, оның үстіне ол менің туған ұлым емес.

— Шамасы, онда ол сізге туысқан болуы керек?

— Жоқ, ол бақытсыз байғұс, ешқашанда өз әкешесін білген емес. Сіз мені түсінесіз бе?

— Иә, түсінемін. Бірақ бұл бала сізге қалай келген? Венадан расында көп балаларды мұнда словактарға тәрбиелеуге берді ғой. Бұл да сол жақтан емес пе?

— Жоқ, мырза. Ол жақтан бала алуға батылым бармас еді, — деп жауап берді Крачинская. — Мен бұрын Ц. қаласында жұмыс істегенмін. Бірде мені өзіне дәрігер әйел шақырып, менен тәрбиеге бала алатын дені сау әйел табуымды өтінді. Мен адал баланы маған көрсетуін өтіндім, ал сәбиді көрген кезде өзіме алмауға дәтім бармады. Біз күйеуіміз екеуіміз кедей едік, маған ұсынған ақы да жақсы медеу болатын еді. Бала әлі мүлде кішкентай еді және ана мейірімі мен күтімін керек ететін. Құртақандай нәрестені Петір деп атадық. Алғашқы үш жыл бойы дәрігер әйел маған уәде еткен ақшасын ұқыпты төлеп тұрды. Белгілі бір күндері Ц. мекеніне өзім барып, баланы бірге апарып жүрдім. Байғұс дәрігер әйел, жаны жәнатта болсын, әрқашан балаға қарап, көзі тоймайтын.

Мен оны соңғы рет көргенімде Петірдің ата-анасы туралы сұрадым. Олар әлі де некелерін қия алмай жүр, бірақ той өтісімен баланы өздеріне алады, — деп жауап берді ол. Бірақ бұл уәдесін олар осы күнге дейін орындамады.

Күзде дәрігер әйел кенеттен қайтыс болды. Мен ақы үшін келгенімде, ақшаны оның күйеуі төледі. Сол жерде ол менің адресімді баланың шешесіне жібергенін және алдағы уақытта ақшаны соның өзі жіберіп тұратынын айтты. Бірнеше рет, шындығында, мен ақшаны, ал кейде сәбиге арналған киім-кешекті де почтамен алып тұрдым. Бір рет ханым көп кешікпей сәбиді өзіне алатынын айтып, хат жазды. Мен күттім, бірақ ұзақ уақыт ақша да, хабар да ала алмадым. Мен не жағдай болғанын дәрігерден білу үшін Ц. мекеніне тағы бардым. Бірақ онда енді басқа адам дәрігер болыпты. Бала сонымен менде қалды. Көршілерім маған баланы Венаға апарып, балалар үйіне өткізуге кеңес берді. Мен өзіміздің дін қызметкеріне бардым. Ол маған газетке хабарландыру жазуға кеңес берді. Бірақ мен келіспедім. Менің балам жоқ еді, нәліктен онда тастанды баланы тәрбиелеп алмасқа?... Бірақ, мырзам, сіз неге тамақ алмай отырсыз? Сіз, бәлкім, жолдан өте шаршаған шығарсыз? Жатып дем алғыңыз келмей ме? Сізді өзімнің ұзақ мылжыңыммен мазалағанымға кешіріңіз.

Алайда Крачинскаяның қырағы көзінен оның әңгімесін естіген сайын қонақтың жүзі бозара бергені тыс қалмады.

— Сіз мені ешқандай да мазалаған жоқсыз, — деп жауап берді қонақ орнынан тұрып жатып. — Бірақ егер сізде Петірдің шешесінің хаты әлі де сақталған болса, сіз оны маған көрсете аласыз ба? Ал балаға шешесі жіберген заттардан ештеңе қалған жоқ па екен?

— Иә, хат пен кейбір заттар менде әлі сақталған. Жіберген бір киімі Петірге кіші болып, оған симай қалған. Сөйтіп бір кезде шешесі келіп баласын танитын шығар, — деп ойлап, мен оны тығып қойдым.

Крачинская сандықтан хат пен киімді іздеуге кетті де, көп кешікпей қолына түйіншек алып, қайтып келді.

— Міне, олар!

Қонақ заттарды іріктеді, ол кезде оның қолы толқыныстан қалтырап кетті. Әйелдің әдемі қолымен жазылған хатты оқи бастаған инженер, бұдан былай өзін билей алмады. Ол орындыққа асыға отырды, қолдары дірілдей түсті.

Крачинская заттарды тағы да сандыққа салып қойды.

— Бұл заттарды неге сақтап жүргенімді білмеймін. Петірдің шешесі, әрине, ұлына енді ешқашан келмейді, — деп үн қатты ол.

— Жоқ, келмейді! — деген сөз шығып кетті қонақтың аузынан. — Ол баяғыда-ақ өліп қалған. Ол осы хат жазылған жылы-ақ өліп қалған.

— Сіз не айтып тұрсыз, мырзам?! — деп дауыстап жіберді Крачинская, қолдарын сілкіп. — Сіз оны білетін бе едіңіз?

— Иә!

— Егер сізден бір нәрсені батылданып сұрасам ашуланбаңыз, мырза. Демек, сіз Петірдің әкесін де білдіңіз ғой?

Қонақ тек мақұлдап басын изеді.

— Ол тірі ме, әлі?

— Иә, ол тірі...

Екеуі де үндемей қалды, бөлмеде тыныштық орнады. Крачинскаяның сұрақтарды әрі жалғастыруға батылы жетпеді. Кенет оның әңгімелесуші серігі орнынан тұрып:

— Осы кезге дейін Петірдің әкесінің өз ұлына қамқорлық жасауға мүмкіншілігі жоқ еді, — деді. — Дәрігер мен баланың шешесі өлгеннен кейін, ол оның барлық ізін жоғалтып алған болатын. Енді сізді кездестіргенімде, мен өз борышымды өтеймін...

Бейтаныс адам әмиянын суырып алды.

— Менің сізбен қазір есеп айырысқым келеді.

Осыны айтып, ол Крачинскаяның алдына едәуір сомаға үш чек қойды.

— Әзірге өзіңізге осыны алыңыз, ал содан соң әрбір

жарты жыл сайын М. почтасына сізге ақша жіберіп тұрады. Сіз енді өлгенше қамтамасыз етіліп тұрасыз.

— Бірақ, мырзам, сіз маған неге осыншама көп бересіз? Сіз өте қайырымдысыз, мырза! Петірдің әкесіне бұл жайында білу ұнай ма?

— Мен мұның оған жағымсыз болмайтынын білемін. Сізден өтінемін, әсіресе, мен осында жүргенде бұл жайында ешкімге айтпаңыз. Бірақ сіз дұрыс айттыңыз: мен шаршадым, енді барып жатайын.

Болған оқиғаға қатты таң қалған Крачинская әлі көпке дейін өзінің шаруасымен айналыса алмады. Осы күні болған оқиғаның бәрі, оған іске аспайтын түс сияқты болып көрінді. «Қартайғанымда, мен жақсы қамтамасыз етілемін», — деп кім ойлаған? Петірдің өзі үйге оның ата-анасын жақсы білетін адамды әкелгені де таң қаларлық емес пе? Сонымен, Петірдің шешесі өліп қалған,... сондықтан ол ұлына келе алмады. Демек, оны айыптауға болмайды. Бірақ маған осыншама ақша қайдан келгенін Петірге қалай түсіндіремін? — деп ол өз ойын жалғастырды. Ол өз әке-шешесін жаратпайтындығы сонша, тіпті олар туралы естігісі де келмейді. Мүмкін, ол бұл ақшаны қабыл алмас. Ал бұл ақшалар үй салуға қалай керек болар еді!»

Петір үйге келгенде, шешесінің өте жақсы көңіл күйін байқады. Қонақ енді ғана ұйықтаған. Жүргеннен шаршап келген Петір де пішен сарайға дем алуға кетті. Ол түнде қонақтың оған еңкейіп, Петірдің әдемі кескінін өз жанында мәңгілік сақтап алғысы келгендей, жүзіне зер салып қарап тұрғанын білген жоқ. Бейтаныс адамның жүзін қайғы бұлты торлады. Петірге түсініксіз тілде ол: «Мен баймын, өзімнің жеке сарайым бар; ал менің өмірімді бақытқа толтыратын менің ұлым, жалғыз балам сабанның үстінде ұйықтап жатыр! Ол көшеде оңай үсіп қалатын шаруаның баласына ұқсап өсті. Оны жоғалтқанымды дүниенің бүкіл қазнасы алмастыра алмайды!» — деп күбірледі.

13. БЕЙТАНЫС АДАМ

Бейтаныс адам Дубравкаға келгеннен кейін бірнеше күн өтті. Терең ойға батқан Петір Крачинский үй жанындағы ескі талшын ағашына сүйеніп тұр. Соңғы уақытта оны әр түрлі ойлар мазалады. Осындай білімді мырзаға Құдай туралы айғақ беретін жағдай келеді, — деп ол ешқашанда ойлаған жоқ! Мұны Степан істесе, онда сөз басқа! Алайда кеше күні бойы оның инженермен Құдай ақиқаттары туралы әңгімелесуіне тура келді. Олар тау мен орманды аралап, көп жүрді. Ал инженер мырза қандай тамаша адам десеңші! Тіпті одан айырылғың келмейді.

П. мекенінен достары келгеннен кейін, Степан тағы да сенбілік оқуларды ұйымдастырды. Аздап ұялса да, Петір қонаққа кешкісін Блашконың үйіндегі жиынға баруды ұсынды. Петірдің зор қуанышына қарай инженер келісе кетті. Крачинская да онда баруға тілек білдірді. Оқу басталғанша әзірге кешігіп жатқан Сузка Полакты күтіп отырғанда инженер жиналып отырғандардың кейбіреуімен әңгімеге кірісіп, оларға шаруашылықтары мен сауда істеріне байланысты тәжірибелік кеңестер берді. Инженердің Марьюшкаға ұнағаны Петірді қатты қуантты. Инженер де оған айрықша көңіл аударды. Бірде инженермен әңгімесінде Петір оған Марьюшканың өзінен жас болса да, бала кезінен бастап өзін қайырымдылыққа бағыттағанын әңгімеледі.

Кеше орманда инженер Петірден, — үйленуді ойладың ба? — деп сұрады. Жас жігіттің өз ниетін айтып, өзінің кімге үйленуді ұйғарғанын да айтуға тура келді. Ол тіпті Марьюшка өзі сияқты жарлы адамға күйеуге шығуға келісімін білдірер ме екен, — деген күдігін де айтты. Блашколар әрқашан ауқатты болды және өз қыздарын да күйлі адамдарға беріп отырды. Ал Петір болса, кедей қолөнерші кезі келгенде, біреу болмаса біреу оған өзінің меншікті есімі де жоқ, — деп бетіне басады. Бұл сөздер-

дің инженерге ыңғайсыз әсер еткенін байқап қалған Петір әңгімені ауыстыруға асықты.

— Ал сіздің семьяңыз бар ма? — деп сұрады ол инженерден.

— Менің әйелім бар, басқа ешкімім де жоқ, — деп жауап берді анау. Бірақ менің ұлым да болған. Көріп тұрсың ба, біздің семьялық жағдайларымыз ұқсас: сенің әкең жоқ, менің ұлым жоқ. Тек біздің айырмашылығымыз: сен жассың, жуырда үйленіп, семья құрасың; ал мен болсам, әрқашан да жалғыз болып қаламын.

Петір өз әңгімесін аяды.

— Сіздің ұлыңыздың өлгеніне көп болды ма?... — деп аяушылықпен сұрады Петір.

Бірақ осы сәтте орманнан аңшы шыға келді де, олар әңгімесін үзіп, аңшымен әңгімелесулеріне тура келді.

Сенбілік кешкі жиында Степан Құдай Сөзінен адасқан ұл туралы нақылды оқып, осы тақырыпқа қысқаша уағыз айтты.

— Олар өз өмірлеріне міндетті болған әкені — әкем, — деп айтуға ұялып, балалары одан теріс айналған әкеге қандай ауыр болады десеңші! Ал мәңгілік өмір сыйлаған Оны адамдар білгісі келмесе және басқалар алдында Одан ұялса, бұл жәйт біздің Аспандағы Әкемізге де ауыр тимей ме? Бірақ ұлы адасатын жағдайлар да болады. Бұл да әкеге ауыр тиеді. Бірде біздің полкімізде офицердің кішкентай ұлы жоғалды. Ол жөнінде әкесінің қалай мазасызданғанын көрсеңіздер ғой. Сәбиді тапқанша біздің бәріміз аяғымыздан тік тұрдық. Сонда қанша қуаныш болды десеңші! Біздің Аспандағы Әкеміздің де адасқан ұлдары көп. Олар жөнінде ойлағанда Оның жүрегіне мұң мен қан толады. Оларды ойлап Құдай қайғырады! Бізді Әкеміздің үйіне қайтару үшін Ол дүниеге Өзінің Жалғыз Ұлын жіберді. Оған жоғалған баланың бірін қайтарудың сәті түскенде, аспанда қандай үлкен қуаныш болады десеңші!

Егер қазір де біздің арамызда туған үйін тастап кеткен

адасқан ұл немесе қыз болса, Тәңірге өздеріңді табуға мүмкіндік беріңдер! Иса Мәсіх біздерді іздеуде! Ол құрып бара жатқандарға жазасын беріп, құтқару үшін келді. Өздеріңді өз ұлын құшақтап, оны өз жүрегіне қыса алмай жүрген әкенің орнына қойып, көздеріңе елестетіп көріңдерші...

Инженер Степанды басын салбыратып, мұңая тыңдады.

Келесі күні жиынға жиналып жатып, Петір қонаққа өзімен бірге жүруді ұсынғысы келді. Бірақ ол Петірден бұрын, жексенбілік оқуда болғысы келетінін айтты.

— Сендер сиыну үйіне бармайсыңдар ма? — деп сұрады ол Петірден.

— Жиыннан кейін қалаған адамдардың М. сиыну үйіне баруына болады. Бірақ Степан бармайды, мен де көптен бері онда болған жоқпын, өйткені бізге жастар тыныштық бермейді. Оның үстіне мен дін қызметкеріне енжар қарай алмаймын. Ол жолда мені қалдырып кеткенде менің үсіп кетуге сәл-ақ қалғаным есіме бірден түседі. Мен оның уағыздарын бұдан былай тыңдай алмаймын. Бірде ол Дубравкада пайда болған «арманшылдар» туралы «уағыз айтты». Бұл Степанның аурудан кейін оңала бастап, біздің Хратский үйіне жиналып жүрген кезіміз еді. Егер бізді сиыну үйінің мінбесінен «арманшылдар», — деп келе-междейтін болса, онда ол жерге не іздеп бармақпыз?

— Иә, өсекке әрқашан да ұлғайтқыш әйнек арқылы қарайды, — деп қостады Петірді инженер. — Кім біледі, сендер туралы сиыну үйі қызметкеріне не деп айтқанын, ал ол бұған сеніп қалған. Алайда онымен бұл келіспеушілікті неге ешкім барып, айтып түсіндірмейді? Өйткені сиыну үйі қызметкері мүмкін сіздердің сөздеріңіз бен әрекеттеріңізді мақұлдайтын болар. Мен сіздердің әрекеттеріңізден ешқандай жалған ілімді көре де, таба да алмай отырмын.

Петір осы ұсынысты Степанға айтып берді. Степан мұнымен ұзақ уақыт бойы келіскен жоқ, бірақ жиынның қалған қатысушыларымен ақылдасқан соң, ортақ пікірге келісім берді.

Петір Бұл шешімге қуанып қалды, өйткені сиыну үйінен келген Крачинская сиыну үй қызметкерінің бұларға қарсы бүгін уағыз айтқанын әңгімелеп берді. Ол, оның сөзінше, қатты ашуланып; «Құдайдың халқы, өздеріңнің адасуларыңа жол бермеңдер!» — деген сөздерді айтып, мінбені жұдырығымен ұрып жіберіпті. Олар әлі де бұл тақырып төңірегінде сөйлесті, бірақ Крачинская Петірдің «жаңа өмірінің» бәрімен келісе берген жоқ.

Бұл кезде олардың қонағы Блашконьң үйінде еді. Ол су дөңгелекке жақсы құйылуы үшін, диірменді қалай қайта құру керек екенін диірменшіге көрсетуге уәде берді. Содан соң олар бір кезде таласқа айналған меже тасы тұрған шалғынға Хратскиймен бірге барды. Шабындықты көктемгі тасқыннан қалай сақтау керектігі жөнінде екі көрші де одан кеңес сұрады. Хратский жақсы қожайын еді; егер ол бір жаңалықты көріп, еститін болса, онда оны қуана пайдаланатын. Блашко болса, керісінше, барлық жағынан да ескі дәстүрді ұстанатын. Өз шаруашылығында бір жаңалықты енгізуге ұйғарым жасатуға оны итермелеу жай адамның қолынан келмес еді, бірақ ол инженерге сенетін.

Петір бұл кезде қонағының келуін мазасыздана күтіп отырды. Шешесі олардың қонағының үйде тағы да бірнеше күнге қалуға ниет білдіргенін Петірге жаңа ғана хабарлады. Бұл хабар Петірді өте қуантты, бірақ оның бұл хабардың дұрыстығын инженердің өз аузынан естігісі келді.

Степан жиыннан кейін Боровскіге кетті. Ондағы орманда жазға дәріханашы Каримский өзінің ауру ұлы — Николаймен бірге қоныстанған еді. Степанның әжесі соларға қызметке кірді, ал Степан соған барып келуге кетті. Сонымен бірге ол Урсини мырзадан жас Каримскийге арналған хатты тапсырғысы келді. Урсини, Степанға аурумен сөйлесуге және біраз жұбату сөздер айтуға сәті түсер, — деп үміттенген еді. Степанға арналған өз хатында Урсини Каримский және оның ұлымен болған

жағдайды қысқаша жазған болатын. Бұдан бірнеше жыл бұрын дәріханашы Каримский әйелімен ажырасқан еді. Әйел бұдан соң көп кешікпей барон Рейнерге тұрмысқа шықты. Баронесса бірінші некеден туған ұлының П. мекенінде қатты ауруға ұшырағанын білген кезде, егер онымен кездесе алмаса да, онда ең болмаса оның ауруының жай-жапсарын сол жерден білу үшін асыққан еді.

Жағдай былайша болды, дәріші Урсини дәріханашының бұрынғы әйелімен танысты, соның арқасында шешесіне Боровскіге жүрейін деп жатқан ұлын көрудің сәті түсті. Бірақ сол жерде оның өзі күтпеген жерден ауырып қалды да, енді ауру әйел өз шешесінің бұрынғы қызметшісінің пәтерінде жатты.

Урсини жас Каримскийге шешесінің ауруын хабарлады және сондай-ақ, мүмкіндігінше, барон Рейнердің таяу күндерде ауру әйеліне келіп қалатыны жөнінде мәлім етуді жөн көрді. Өз әйелін аса сүйетін баронның өзі әйелінің П. мекеніне ауру баласымен жолығу үшін сапарға кеткенін білген жоқ. Әйелі емделіп жатқан жердегі суға оны қысқа мерзімге қалдырып, барон өз ісімен бірнеше күнге кетіп қалды. Ал баронесса ауырып қалған кезде баронның қызметшілерінің ешқайсысы да мырзаға әйелінің ауруы туралы хабар бере алмады, өйткені олар оның кеткенін білмеді.

14. КҮТПЕГЕН ЖАҢАЛЫҚ

Блашко мен Хратский ұзақ талқылаудан кейін инженердің кеңесін қабылдауды ұйғарды. Енді үшеуі де үйге риза болып қайтты. Хратский үйінің алдында инженермен ізгі құрметпен қоштасып қалды. Әрі қарай Блашко мен инженер екеуі бірге жүрді.

— Мен сізге бір сұрақ қояйын деп едім, — деді инженер өз серігіне.

— Не туралы болса да сұрай беріңіз, өтінемін, мырза, — деп жауап қайырды таңданған диірменші.

— Петір маған сіздің қызыңыздың қолын сұрағысы келетінін айтты, бірақ оған батылы жетпей жүрсе керек. Ол сізді бетін қайтарып тастайды, — деп қорқып жүр, өйткені ол өзі кедей және шыққан тегі де мәлімсіз. Айтыңызшы, сіз оған қандай жауап берер едіңіз?

Блашко түнеріп кетті. Ол қызының күйеуге шығуы мүмкін екендігі жөнінде ойлағысы да келмейтін. Оның өзіне Марьюшка шаруашылық үшін қажет еді. Ол қызын Мишкоға қуана берер еді, өйткені бұл жағдай оның семьясына көп өзгеріс келтірмейтін.

Инженер Блашконың жүзінің түнеріп кеткенін байқап қалды, мұны көрген оның да беті бозарып кетті.

— Демек, Петір қателеспеген екен ғой? Сіз қызыңызды оған күйеуге бермейсіз бе? Бірақ неліктен? — деп Блашкоға қарап сөйледі инженер.

— Айтыңызшы, тілеуіңізді берсін, Марьюшканың күйеуге шығып несі бар? Шындығын айтқанда, мен оны Петір үшін тәрбиелеген жоқпын. Петірге қарсы мен ештеңе де демеймін, ол қыс ішінде өте түзелді. Бірақ Дубравкада Марьюшкадан басқа көптеген қыздар бар. Тіпті әйел көмегін қажет ететіндей, оның шаруашылығы да соншалық үлкен емес, — деп көп мән бере жымия қосып қойды Блашко.

— Сонымен, басты кедергі — оның кедейлігі ме? — деп бөлді оның сөзін инженер.

— Иә, бәлкім, кедейлігі де болуы мүмкін, — деп жауап берді диірменші. — Әзір мен тірі тұрғанда, мен қызыма ешқандай елші бере алмаймын, ал құр қолдарымен олар өмірді қалай бастайды? Марьюшка күндік жұмыс істеуге үйренбеген ал қазіргі уақытта бір тоқыма станогімен өмір сүре алмайсың.

— Бірақ сіз Петірдің есебінде сақтаулы ақша бар екенін білсеңіз, бұл жағдайда да оның бетін қайтарар ма едіңіз?

— Инженер мырза, Петір сіз арқылы жақсы қорғау-

шы тапқан екен, — деп күлді Блашко. — Бұл Марьюшканың өзі оған күйеуге шығуды қаласа және қызымның онымен жақсы болғанына көзім жетсе, мен онда өз тарапымнан «жоқ», — деп айтпас едім.

— Егер Петір оған ұнаса, сіз қызыңызды басқа ешкімге бермеймін, — деген мақұлдау белгісі ретінде қолыңызды беріңіз маған. Мен оның семьясын әбден қамтамасыз етуге жарайтын орын тауып беремін, — деп уәдемді беремін.

Блашко әңгіменің күтпеген жерден күрт бұрылғанына өте таң қалды. Ол инженерге келісім белгісі ретінде қолын берді, бірақ сонымен бірге: «Бұл мырзалардың бәрі, алайда, есінен ауысқан! Біреу оларға дереу ұнай қалады, не болмаса тез жалықтырады», — деп сенімсіздікпен ойлады.

Олар осылайша қоштасты. Инженер олардың әңгімесі туралы Блашкодан үндемеуін өтінгенімен, ол бұл жөнінде ешкімге айтпауды ұйғарды; өйткені ол өзі естігеніне әрең сенді.

Петір бұл кезде бақта кітап оқып отырды. Оның оқуға берілгені сондай, қонақтың жақындағанын қасындағы шөпке отырғанда ғана байқады.

— Сіздің киіміңізде жасыл дақ қалуы мүмкін, — деп қамқорлықпен үн қатты Петір.

— Оқасы жоқ, саған қарағанда маған жаңа киім тапқан оңай, — деп жауап берді инженер. — Ал сен өз киіміңді былғауға қорықпайсың ба?

— Мен өзіме жаңасын тоқып аламын, — деп көңілдене күлді Петір, — ал сізге сатып алу керек!

— Петір, сен өз қолөнеріңді өте сүйесің, бірақ өмір бойы онымен айналысқың келе ме?

— Басқа немен айналысуым керек? — деп таң қала сұрады Петір. — Ол шынында өте тиімді болмаса да, мен осы қолөнерге үйренгенмін. Бірақ елші Пауыл тоқымашы болғанында өз жұмысымен көп пайда таба алмаған шығар, — деп ойлаймын. Алайда ол өзін ғана тамақтандырып қоймай, сондай-ақ мұқтаждық көрген жандарға да бөле алды ғой.

— Жарайды, елші Пауыл менің ойымша, сенен көп тапқан шығар, — деп күлді инженер. — Маған, Петір, сенің үйленуге асықпауың жөн сияқты. Егер сен оған құр қол бармасаң, Блашконның саған Марьюшканы беруге ризалықпен келісетініне мен сенімдімін. Марьюшкамен, — деп қосып қойды инженер Петірдің қуарып кеткенін байқап, — қазір де сөйлесуіңе ешкім кедергі келтірмейді. Егер ол сені сүйетін болса, екі-үш жыл күтуге келіседі. Өйткені сендер әлі жассыңдар ғой.

Петір жеңіл күрсінді, бірақ сол сәтте басын тағы да мұңды салбыратты.

— Бірақ Блашко ағайды риза қылу үшін маған екі-үш жылда жеткілікті қаржы табудың сәті түспейді. Мүмкін, ол жүрегінің қайырымымен маған өз қызын беруге келісер.

— Сен қателесесің. Егер сен менің кеңесімді тыңдайтын болсаң, Блашконы риза қылуыңның сәті түседі.

— Маған қандай кеңес бересіз? — деп таңдана сұрады.

— Менімен бірге жүр!

— Сізбен бе? Бірақ қайда?

— Германияда саяхаттап жүріп, мен онда ересек жас адамдар қабылданатын оқу орны барын естідім. Міне, мен сені осындай оқу орнының біріне үш жылға орналас-тырғым келеді. Сен ол жерде неміс тіліне үйреніп, ақыл-ой жағынан сауаттанасың. Содан соң мен саған тамаша айлығы бар орын тауып беремін. Осының арқасында сенің екі мүмкіндігің болады: біріншіден, сен училищеде Құдай ақиқатын тереңірек оқи аласың; екіншіден, училищені аяқтағаннан кейін мен саған көп адамға Тәңір туралы айғақ беру мүмкіндігіне ие болатын орын беремін. Степан да бүгін ертеңгісін сол туралы айтқан еді ғой.

— Бірақ егер маған онда барудың сәті түссе, мен үшін кім ақша төлейді? — деп одан әрі таңданды Петір.

— Сені кім апарса, сол төлейді.

— Сіз бе? Бірақ сіз неге мен үшін ақы төлейсіз?

— Бүгін ертеңгісін Степанның айтқанын естімеп пе

едің? Мәсіх жолын қуушыларға рақымшылық жасау, яғни жақындарына, бір-біріне көмектесу керек. Мен де өзімді Мәсіх жолын қуушы ретінде санағанмен, бірақ осы кезге дейін өз өмірімде қайырымды ештеңе істемедім...

— Сіздің игі ниетіңіз үшін Құдай жарылқасын. Бірақ бұл сіз үшін өте қымбатқа түспей ме?

— Бізді өмірде не күтіп тұрғанын ешқашан күні бұрын білуге болмайды, — деп қойды инженер. — Мүмкін, қартайған шағымда білім алу үшін саған бергенімді өзім де пайдалануыма тура келер.

Петірдің жүрегі үлпілдеп кетті. Ол инженердің сөзінің шынайлығына күмәнданған жоқ. Инженер дұрыс айтады: кімнің қашан пайда келтіретінін білуге болмайды.

— Бұл дұрыс, — деп көңілі босаған Петір, — сіздің ұлыңыз жоқ, ал менің әкем жоқ. Қазір сіздің маған көмек бергіңіз келеді, менің де бір кездерде сізге пайда келтіруіме Құдай рақымын берсін.

— Сонымен, сен менімен бірге барасың ғой?

Инженердің дауысынан қуаныштың нышаны естілді.

— Неге бармасқа? Мені жақсы жер қызықтырмайды. Құдайдың жарылқауымен біз Марьюшкамен бірге тоқымамен де күн көрер едік. Бірақ мен Құдай Сөзін шындап оқу мүмкіндігіне қуанамын. Мен адамдарға ақиқатты жайғым келеді. Бірақ... — Петір кенет мұңая түсті, — шешеме не болады? Өйткені біз үй салуға жиналған едік қой!

— Оның құрылысы қанша уақыт алады?

— Алты аптадан сегіз аптаға дейін.

— Онда дереу іске кіріс. Училищеге бәрібір сені қыр-күйектен бұрын қабылдамайды. Мен өлшемін істеп, жоспарын жасайын, сонда сен ертеңнен бастап құрылысты бастауыңа болады. Жүр орынды көрейік!

Олар тұрып, үй жаққа кетті, бірақ онда жетіп, қарап көрудің сәті түспеді.

— А, Степан! — деп қуана үн қатты Петір оған қарсы асығып келе жатқан досын көріп. — Сенің әжең қалай тұрып жатыр?

— Жақсы, Құдайға шүкір. Бірақ мен сізге асығып едім, инженер мырза.

— Маған ба? — деп таңдана сұрады ол.

— Иә. Сіздің фамилияңыз Рейнер ме?... Кешіріңіз, барон Рейнер?

— Иә, бірақ онда тұрған не бар?

— Бары сол, мырза сізді барлық жерде іздеп жатыр.

— Мені іздей ме? Кімдер?

Инженер маңғаздана бой түзеді.

— Сіздің хатшыңыз қайда хабар жіберуді білмеді, оны мен сізге әкелдім. Сіздің әйеліңіз, баронесса, өте қатерлі ауру үстінде және П. мекенінде жатыр.

— Менің әйелім бе? П. мекенінде ме?...

Барон таңдана кейін шегінді.

— Менің әйелім П. мекенінде ме? — тағы да таңырқай қайта сұрады ол.

Менің досымның хатын оқыңызшы, одан сіз бәрін де түсінесіз. Сіз станцияға жүріп кету үшін мен барып, тезірек аттарды жегейін. Сіз әлі жедел поезға үлгересіз.

— Асыға көріңіз, өтінемін, Степан! Менің сол поезға мінуім керек! — деп айқайлап жіберді инженер алыстап бара жатқан жас жігітке.

Оның беті боп-боз болып кетті. Хаттан ол баронессаның П. мекеніне ұлымен кездесуге келгенін түсінді, бірақ ол сонда қатты ауырып қалды. Мұны қызметкерлерінің ешқайсысы оған хабарламады, өйткені оның қайда жүргенін білмеді.

Барон құп-қу болған бетінен шыққан сұп-суық терді сүртті. Ол сұмдық күйзеліс үстінде еді. Инженерге қарап тұрған Петірге ол аянышты бола түсті, Петір оны жұбатуға әрекеттенді. Кенет инженер Петірді қатты құшақтай алды, оның кеудесін мұңға толы терең күрсініс жарып шықты. Петір оның қайғысына күйзеліп кетті.

— Бұлай қайғыға салынбаңыз! — деп жұбатты Петір оны. — Тәңір мұндайға да көмек береді. Ол сіздің жұбайыңызды сауықтыра алады: біз ол жөнінде дұға оқиық!

— Иә, өтінемін сіздерден, дұға оқыңдар! Егер ол өліп кетсе, маған не болатынын білмеймін! Мен оны неге ғана жалғыз тастадым екен? Бұл сапарға не үшін шыққанымды оған неге хабарламадым екен? Өйткені ол менен хабар күтті ғой! Ол алыс жолға неге шықты екен? Ол соншалық әлсіз болатын... Ұлымен кездесу оны қатты толқытқан еді, сондықтан бұл да оның денсаулығына әсер етті. Онда оның тіпті басын сүйейтін жер де жоқ! Менің байғұс Натальям, сен ол жаққа неге жалғыз кеттің екен? Бірақ мен неге асықпай тұрмын? Степан!... Степан қайда? Тезірек, тезірек! Менің заттарымды жинастыруым керек... Қандай жағдай болмасын мен П. мекенінде болуға тиістімін!

Петір өз қонағын танымай қалды. Инженерді олардың күтпеген жерден тастап кететіні және оның басына осындай қайғы түскені Петір үшін адам төзгісіз аянышты бола түсті. Осы кеште Петір ауру баронесса Рейнер туралы шын жүректен дұға оқыды. Тәңір бұл дұғаға қашан және қалай жауап бермек? Ол Тәңірден баронессаны сауықтыруды сұрап, жалбарынды, бірақ сауықтыру екі жақты: уақытша және мәңгілік болады.

15. СИЫНУ ҮЙ ҚЫЗМЕТКЕРІНДЕГІ ҚОНАҚ

Сиыну үй қызметкеріне барып келмек болып Степан үйден шыққанда, тамаша бір ертеңгілік уақыт еді. Жарқыраған күн нұры орман шеті мен бітік өскен егіндікке түсіп тұр, соның жанынан бұраңдап өтіп жатқан жолмен жас жігіт кетіп барады. Оның төбесінде шайдай ашық аспан әуеде қарлығаштардың шырылы естіледі: анда — мұнда меже арасынан жақындап келе жатқан қадам дауысынан үріккен құстар ұшып шығады. Степан ауаны рақаттана жұтып, жүріп келеді. Ақырын ескен жел бетті еркелете аймалайды.

Алыстан төбелердің арасынан М. қалашығы да көрінді. Осы төбелердің әрқайсысында зират бар. Бір төбенің үстінде шағын бір сиыну үйі көрінеді, оған қарай жан-жағында Мәсіхтің азабын бейнелейтін мүсіндер қойылған жол жатыр. Зираттың солтүстік-шығыс жағында еңкіш баспалдақтары гуситтер кезіндегі мұнараға апаратын, жартылай қираған дуалмен қоршалған басқа бір екінші зират созылып жатыр. Тыныштық орындарына айналған осы зираттарда жатқандар: «Бұл жерде жанжал мен жәбір-жапа мәңгілікке тынған. Бұл жерде бәрі тең: сүйек тозаңға айналады!» — деп айтып тұрған сияқты. Ақырында жаңа дуалмен қоршалған, оның сыртынан жалпы түрін бүлдіріп тұрған ор қазылған үшінші зират жатыр. Бұл зиратта Мәсіхтің өтелу құрбандығы жөнінде ештеңе де еске түсірмейді. Бірде-бір ағаш, бірде-бір бұта бұл жерде жан кіргізіп тұрған жоқ. Бұл еврейлер зираты еді. Өлі тыныштық қуылған Құдай халқының рухани жайкүйін жақсы көрсетіп тұр. Бірақ осында жерленген барлық адамдар ақиқаттың, адасушылықтың бар екенін енді біледі.

Осы үш зираттың арасындағы аңғарда М. қалашығы жатыр. Қалашық ортасымен жағасында тұт ағаштары өскен өзен ағады. Елді мекеннің шетінде ғасырлық жөке ағаштарымен қоршалған лютеран сиыну үйі көрінеді. Сол жерде жөке ағаштарының аясында дін қызметкерінің үйі мен мектеп орналасқан.

Мұнда, осы бір көктемгі шуақты күн қандай тамаша еді! Степан осынау тартымды көрініске еріксіз еліге түсті. Бірақ оның жүзінен мұң табы байқалады. Ол мұнда Құдайдан безген адамдарды Оған әкелуге тырысатындығына сиыну үй қызметкерінің алдында ақталмақшы болып келді. Бұл адамдар Құдай туралы ойламайды; олар үшін Құдай жоқ сияқты. Қалашықтағы ең әдемі үйлер не трактирлер немесе күнәкарлық пен бұзықтық ордасы — жын-шайтан мекендері екен.

Степан малақайын шешіп, Құдайға өз халқы, өзі де

соған қарайтын осы қалашықтың бүкіл тұрғындары мен бүкіл қауымы үшін шын жүрегімен дұға жасады. Ол Тәңірден адамдарға ақиқат танымын сыйлауды, оларды адасу мен күнә құлдығынан Өзіне жүгіндіруді сұрады. Сол сияқты ол Тәңірден сиыну үй қызметкерімен болғалы тұрған алдағы әңгімеге ақылдылық беруін де сұрады. Ол шіркеуге жақындағанда қоңыраулар ертеңгілік намазға шақырып жатты.

Степан сиыну үйіне кірді. Ол мұнда көптен бері болған жоқ! Құлшылық етудің басталуын күтіп, ойға бата маңайын байыптады. Бұл сиыну үйінің алғашқы мүшелері, осы жерде Мәсіх жолын қуушылардың ізбасарларын «арманшылдар» деп атап, ашық қарсы шығып, қудалайды деп ешқашан ойлаған жоқ шығар. Тәңір асына сиыну үйінен тікелей қабаққа баратын және кешкісін үйіне мас болып оралатын ұры-қарылар, қаңғыбастар, құмарпаз ойыншылар мен маскүнемдер келеді, — деген ой олардың басына тіпті де келген жоқ. Степанның мұңға батқаны сонша, бетін қолдарымен жауып, тізесімен жүгінді.

Бұл кезде халық сиыну үйіне жинала бастады. Бірнеше әйел мен екі егде еркек кірді; олардың түріне қарағанда әр күні кімге қызмет ететінін байқауға болар еді. Содан соң тағы да бірнеше қайыршы кірді. Мезбақтың жанына сиыну үй қызметшісі жайғасты. Шіркеудегі әншілер тұратын орынға жас мұғалім кірді, оның артынан шәкірттері мен бірнеше бала еріп келді. Киінетін бөлмеден, сиыну үй қызметкерінің жөтелгені естілді.

Мұғалім органға отырды. Рухани ән музыкасының орнына жеңіл әуенді чех музыкасының дауысы естілді. Бұдан соң хоралды шырқауға кірісті. Алғашқы әуен, шамасы, мұғалімнің талғамына неғұрлым ұнаған сияқты, өйткені ол сол әуенді көңілді және сезімге беріле ойнады; хорал болса, баяу және іш пысырарлық қарқынмен басталды. Хор орындаушылар, керісінше, музыка мен ән салушылардан озып кеткенде сиыну үй қызметшісі, тіпті оларға ілесе алмай жатты.

Степан бұл хоралды жатқа білетін, оның таза дауысы сиыну үйінде сыңғырлап естілді. Ол өзін қоршаған дүниені ұмытып кетті; сыбырласып жатқан әйелдерді де, жан-жағына қарап тұрған сиыну үй қызметшісін де байқамай, тек Тәңірге арнап ән шырқады. Степан өзінің Құдайы мен Құтқарушысына арнап әндетті.

Ән шырқауға таңдап алынған хорал Степанның сезімі мен көңіл күйіне жақсы келді. «Егер біздің сиыну үй қызметкерімен бірігуіміздің сәті түссе, — деп ойлады Степан, — ол біздің жиынға кедергі келтірмеуге уәде береді, біз сонда халықты сиыну үйіне тарту үшін бәрін жасаймыз. Біз оның бос болмауы жөнінде қам жейміз».

Степан уағыз бен Құдай сөзін оқуға бейбіт көңіл күймен дайындалды. Ол сиыну үйіне біреуді сынау үшін келген жоқ; ол Құдай Сөзін тыңдағанына қуанды. Бірақ жиылғандардың санының аздығына орай уағызшы екі ұзақ намазды және өлең түріндегі намазды оқумен ғана шектелді. Степан мұндай насихаттан түңіліп қалды. Құлшылықтың соңғы жағында сиыну үй қызметкері «Жаратушы Әкеміз» бен әрбір Құдайға құлшылық еткенде болуға тиісті бата жасауды асығыс айтып, мінбені тезірек тастауға асықты.

«Жоқ, — деп ойлады Степан сиыну үйінен шыға беріп, — сағаттың төрттен үш бөлігіндей жол жүріп, осындай құлшылық етуде болу, еңбегіңе тұрмайды...» Сөйтіп сиыну үй қызметкерінің үйі жағына осындай көңіл күймен кетті, бірнеше минуттан соң ол енді сиыну үй қызметкерінің кеңсесінде болды.

— Менде не жұмысың бар, Хратский? — деп сұрады Степанның келуі туралы сиыну үй қызметшісімен алдын ала ескертілген сиыну үй қызметкері.

— Мен, қауым қызметшісі мырза, сізге біздің қауымның мәсіхші адамы ретінде келдім, — деп бастады Степан әңгімелесушінің жүзіне ашық та, байсалды қарап.

— Маған ба? Сен арқылы, — дүниеге жаңа елші келді, — деген хабар естіліп жатыр, Степан еріксіз қызара-

тындай жеккөрінушілікпен сөйледі қауым қызметкері. — Сені, соншалық ақылды, — дейді, біздің қауым сені бұдан әрі қанағаттандыра алмайды екен, сондықтан сен жаңа сиыну үйін құрыпсың. Оның үстіне, сенің жақсы ұл болғаныңнан өз әрекетіңмен адал әкеңді күйіндіргенің соншалықты, оған қолына қамшы алуға тура келді. Бірақ меніңше, — деп жалғастырды қауым қызметкері оның самайындағы сіңірлері білеуленіп, көзі қаталдық отымен ұшқын ата дауысын көтеріп, — меніңше, ол сабақ сені ештеңеге де үйретпеген сияқты. Әкең сені түзей алмады, қайта, керісінше, қыңыраюыңды күшейте түсті. Бірақ алайда, сен маған неге келдің?

— Қауым қызметші мырза, өзіңіздің маған қарсылығыңызды аузыңыздан жеке естиін деп келдім? Сіз маған қарсы неге соншама ашуланасыз? Өйткені Құдай Сөзінде: сіздер, Мәсіх адамдары, ондайды момындық рухында тәрбиелеңіздер, — деп жазылған ғой.

— Сен, боқмұрын, мені Қасиетті Жазуда не жазылғанына үйретпекшімісің?... Мен саған неге қарсымын? Осынау бейбіт тауға мазасыздық уын әкелген сен емес пе едің? Сандырақтаған «арманшылдарды» таратып жүрген сен емессің бе? Неліктен, сен менің жүзіме қарап отырып, өзіңе тағылған айыптаулардан бас тартуға ұйғарасың?

— Ешқандай сандырақты таратып жүрген жоқпын, қауым қызметшісі. Біреу-міреу, мүмкін, қаскүнем оймен мені сізге ғайбадаттаған шығар, — деп ойлаймын. Мен сізге бүкіл шындықты айту үшін келдім. Мені тыңдауыңызды өтінемін, егер адасқан болсам, ақиқат жолына салыңыз! Степанның дауысы шынайы шықты да, қауым қызметкері сәл тынышталды. Өзінің астында сықырлап жатқан орындыққа салмақпен отырып жатып, ол дегенмен де наразылықпен:

— Айт, тек тезірек! Менің уақытым жоқ! — деді.

Степан әскери қызметтен қайтқаннан кейін Құдай Сөзін өз атасымен бірге қалай оқи бастағанын әңгімелейді. Содан соң бұл оқуға Құдай Сөзін тыңдауды қалаған

басқа адамдар да келе бастады. Ол өз ауруы туралы, аурудан соң олардың жиынына адамдардың да көп жинала түскенін әңгімеледі. Жексенбіде олардың жиыны сиыну үйіндегі ертеңгілік Құдайға құлшылық ету басталғанға дейін-ақ аяқталады, мұның өзі тілек білдірушілердің сиыну үйіне де үлгеруіне мүмкіндік береді. Қалған жиындар сенбі күні кешкілікте және жексенбіде өтеді.

— Қауым қызметкер мырза, осыдан соң бізді ақымақшылық істеп жүр деп айта аласыз ба? Құдай Сөзінде: «Жазуды зерттеңдер», — деп айтылған ғой. Біздің ата-бабаларымыз да соны істеген болса, адамды қалай «арманшыл» деп атауға болады? Жалынамын сізден, өзіңізді алдауға жол бермеңіз! Біз күпірлер де және «арманшылдар» да емеспіз. Біз Құдай Сөзін сүйеміз және өз өмірімізде шынайы Мәсіх жолын қуушылар болып қалуды тілейміз. Біз Мәсіх қалай талап етсе, солай өмір сүргіміз келеді.

— Құдай Сөзін оқу, — деп жауап берді, жөтеле қауым қызметкері, бұл — мақтанарлық іс, ол — әрбір лютеранның парызы. Бірақ сиыну үйі бар емес пе, неліктен сиыну үйіне келмейсің? Әлде сен дін қызметкерін енді қажет етпейтін өзіңді данышпан деп санайсың ба?

— Мен сиыну үйіне келгенмін, — деп байсалды жауап берді Степан, — бірақ менің келемеж бен жеккөрініштілікке ие болғаным соншалық, онда бармауға ұйғардым. Тіпті сиыну үйінде де маған тыныш дұға оқытқысы келмеді. Содан соң мен ауырып қалдым. Ауырып жатқан кезімде сиыну үйінде маған және «арманшылдар», деп аталатындардың бәріне қарсы сөз айтылатыны туралы құлағымға сыбыс жетіп жатты. Осындай жағдайда сиыну үйіне баруға бола ма? Мен Құдай Сөзін үйде оқып немесе басқаларға түсіндіріп, одан да үлкен рақат табамын.

— Түсіндір, түсіндір! — деп айқайлап жіберді наразы үнмен қауым қызметкері. — Қалай сен түсіндіресің? Мұжық оқуға шамасы әрең жарайды, ал соған қарамай Құдай Сөзін түсіндіргісі келеді? Өйткені Киелі кітапті сенің өзің түсінбейсің ғой!

— Құдай Сөзінде: «Бәрін де Құдай үйретеді», — деп айтылған. Біз, қауым қызметкерлердің ғана Құдай Сөзін оқуға құқысы бар, — деп ойлайтын католиктер емеспіз ғой. Біздің Аспандағы әкеміз бәріне де Өз Сөзін береді. Егер біз ол сөзді түсінбейтін болсақ, оны несіне алғанбыз? Бірақ Иса Мәсіх: «Оның еркін кім орындатқысы келсе, ол Құдайдан ба, әлде Мен Өзім Өз атымнан айтып тұрмын ба, сол — ілім туралы біледі», — деген ғой. Сонымен, Құдай еркін орындатқысы келген кім де болса, Мәсіх ілімін түсінеді.

— Мүмкін, сенің өзің бірдеңе түсінетін шығарсың, бірақ басқаларды несіне үйретесің! — деп сұрады қауым қызметкері неғұрлым бейбіт үнмен, орнынан тұрып жатып, — мұны өзіңде ұста.

— Жоқ, — деп қарсы болды Степан. Иса Мәсіх бұлай үйретпейді. Ол: «Інжілді барлық тірі жанға уағыздаңдар», — дейді. Мен кейіннен Одан менің мақау болғанымды есіткім келмейді...

— Қалай?! Бұл сөз өзіңе тиісті, — деп ойлайсың ба? Қауым қызметкерінің ісі емес пе, ол?

— Сіздер — бекзат әулиелерсіздер, — дейді елші Пауыл өз Хатында бүкіл мәсіхшілерге. Демек, Мәсіх туралы айғақ болу әрбір Мәсіх жолын қуушының міндеті. Егер Иса сізге ашылса, онда сіздің ісіңіз — Ол туралы мінбеден сабақ беру. Ал біздің ісіміз — Оны орман мен дала, үймен алаңдарда уағыздау.

— Сен, күнәма кешірім алдым және құтқарылдым, — дейсің ғой, солай ма? — деп қазбалады қауым қызметкері Степанға қадала қарап, оның жанына үңілгісі келгендей.

— Иә, бұл үшін Тәңірге алғыс айтамын, — деп қуана жауап берді анау. — Аспандағы Әкеміз Өз рақымымен Иса Мәсіхтің төгілген қанының үрметі үшін мені Өз Ұлдарының қатарына қабылдады. Мен енді Құтқарылғанмын және бір кезде өзім батқан күнә батпағына батып бара жатқан адамдарға бұл жөнінде үндемеуге хақым жоқ. Сондықтан да өлім сәтіне дейін оларды: «Иса Мә-

сікке келіңдер! Ол мені кешіргендей сіздерді де кешіргісі келеді. Ол маған сыйлағандай сіздерге де мәңгілік рақат сыйлағысы келеді!» — деп шақырудан тынбаймын.

Ызаланғаннан қауым қызметкері қолдарын соғып жіберді.

— Оыны сен «арманшылдар», — деп ойлайсың ба? Не деген парызшылдық екі жүзділік: оған күнәсі кешіріліпті-міс! Ол құтқарылған! Күнә кешірілуге деген сенімділікті сен қайдан алдың? Құтқарылғаныңды сен немен дәлелдейсің? — деп айқайлады қауым қызметкері аяқтарын тарсылдатып.

— Сенімділік пе? — деп қайталап сұрады Степан. — Бұл жөнінде сіз менен қалай сұрап тұрсыз? «Израилдегі ұстазсыз, соны да білмейсіз бе?» Бұл сенімділік бұрын менің күнә мекендеген жүрегімде өмір сүреді. Құдай Сөзінде де: «Сендерге жаздым, балаларым, өйткені сендердің күнәларың Оның Есімінің құрметі үшін кешірілді», — делінген. Өзімнің құтқарылғанымға дәлелді мына сөздерден табамын. «Құдай Ұлына сенгендер өзіне-өзі айғақ болады; Құдайға сенбейтіндер Оны жалған көреді, өйткені Құдай Өз Ұлын айғақ еткен айғаққа сенбейді». Тағы да: «Ұлы бардың өмірі бар», «Маған сенгендер мәңгілік өмір сүреді». Тәңір айтады: «Аспан мен жер өткінші, ал Менің Сөзім өткінші емес», — дейді...

— Жетеді! — деп гүр ете қалды қауым қызметкері, Өзі осында болса, Ол да сені иландыра алмас еді. Менің бұдан әрі мұндай менмен парызшылмен басымды қатырғым келмейді. Маған дәлелің жетер, сен нағыз «арманшылсың!» Мен саған өзіңнің жалғыз іліміңді біздің маңайымызға таратуыңа тиым саламын. Сені әкеңнің үйретуі жеткілікті болмаған екен, бірақ мен сені тіліңді тістеп, үнсіз отыруға мәжбүр ете аламын! Біздің қайырымды словак халқын таза Інжілдік елшілер сиыну үйінен мұндай жалған ілім арқылы айыруына мен жол бермеймін. Мен оны қарғыс атқан секталарға жол бермеймін. Бізде азаматтық та, қауымдық те өкімет бар:

Солар тәртіп пен тыңшықтықты да сақтай алады! Ал енді, жақсылықпен кеткің келмесе, доғар сөзді, жолың анау!

Степан далаға шықты. Дубравкалық «арманшылдар» үшін бейбіт келіссөз аяқталды. Дегенмен, Степан қауым қызметкерімен дидарласудың ештеңе әкелмейтінін алдын ала сезгенмен, өзінің онымен ымыраласу әрекетінің тез де, сәтсіз барысына қапаланып, мұңайып қалды. Келе жатқан Степанды алыстан көрген Петір өз жолдасының ренжігенін бірден байқады.

— Сен, шынымен, оны үйінен жолықтыра алмадың ба? — деп сұрады ол Степаннан.

— Жоқ, жолықтырдым!

Степан ағаштың түбіндегі шөптің үстіне отырды, Петір де соның істегенін істеді. Бірақ Петір орнында ұзақ отырған жоқ. Степанның әңгімесінің Петірді толқытып, ызаландырғаны соншалық, ол орнынан әр сәтте тұрып, өзінің назарылығын айтумен болды.

— Көрдің бе, енді сен, — деді Степан, — мен бұл істе ештеңені де ыңғайластыра алмадым, тек керісінше, оны бүлдірдім. Қауым қызметкерінің бізге қарсы назар аударғаны сондай, сиыну үйіндегі адамдарды одан әрі көбірек ызаландырады. Бізді ақиқаттан ештеңе тайдыра алмайтынын білетіндіктен мен біздер, мәсіхшілер үшін қорықпаймын. Құдай Сөзі жүрегінде әрекет ете бастаған адамдар үшін де қорықпаймын. Бірақ мен, енді біздің ақиқатты бұдан әрі тарату мүмкіндігіміз болмайды-ау, — деп қорқамын. Адамдар бізден көптен бері қорқа бастады. Жақында мен Петранға соға кетпекші болғанмын, ал оның үйіндегілер есікті менің көзімше жауып алды. Мұндай адамдарман не істеу керек? Бұл байғұс жандар біздердің шын мәніндегі «арманшылдар» екенімізге сенеді. Сондықтан біздің айғағымызды да қабылдамайды. Осы ой мені мазалайды!

— Бұлайша қайғырма, Степан! — деді Петір досын құшақтап. — Өйткені сен қауым қызметкеріне, оның ісі мінбеден сабақ беру, ал біздің іс егістік пен орманда, —

деп айтқан жоқсың ба? Халық бізді сол жақтан-ақ естиді. Сен бәрінің де жақсы болғанын көресің!

Ертеңгі шық сияқты Петірдің күшті сенімі Степанның жанын жадыратты.

— Сен дұрыс айтасың Петір! Қауым қызметкері үнсіз қалмайды, бірақ біз де үндемей тұра алмаймыз! Әрине, қауым қызметкерінің билігінде көп нәрсе бар. Өкімет те соның жанында, бірақ бізде бес «тас» — Біздің Құтқарушының бес жарасы бар. Тәңірдің атымен Дәуіттің Голиафты жеңгені сияқты бізбен де солай болады. Біз шайқасқа шықпаймыз, тек Тәңірдің атымен, Оның: «Сіздер Менің куәм болыңыздар», — деген қалауына сай жүреміз. Исаның шәкірттері дінбасына: «Құдайдың алдында, Құдайға қарағанда сізді көбірек тыңдау әділдік пе?» — деген ғой.

Достар Құдай алдында өздерінің мұңдары мен үміттерін айтып дұға оқыды, сөйтіп, үйлеріне қуанышты көңіл күймен кетті.

Инженердің Петірге білім беру жөніндегі ниетіне Степан таң-тамаша қалды.

— Білмеймін, — деді Петір, кейінгі болған жағдайдан кейін инженер өз жоспарын өзгертіп жүрмес пе екен? Егер өзгертпесе, Оның Сөзі мен Құдай ақиқаттарын терең үйренуге мүмкіндік бергені үшін Тәңірге шексіз алғысымды айтамын.

Петір досына өзін училищеге орналастыруға инженерді итермелеген себептен басқаның бәрін айтты. Осындай байсалды сұхбаттан кейін, үйлену туралы мәселені қозғау Петірге ыңғайсыз сияқты болды. Степанмен бұл туралы кеңесу үшін ол барынша ыңғайлы, басқа бір сәтті күте тұруға ұйғарды.

16. ҚАУЫМ ІСТЕРІ

П. мекенінде Г. ханымның пәтерінде сенбі сайын кешкі дұға жиындары өткізілетін. Степан қауым қызметкерінде болған күннен бері бірнеше апта өтті. Осы уақыт ішінде олардың жиынына қатысушылар саны едәуір өсті. Құдай Сөзі олардың жүрегіне мұқият болмаса да, ұялай түсті. Көптеген жандарда жаңа өмірдің туа басталғаны сезілді. Бұл жергілікті тұрғындар үшін де елеусіз қалған жоқ.

— Бұрын бізде ешқашанда лютерандар Құдай Сөзін оқуға жиналмайтын, — деді бір-біріне П. мекенінің тұрғындары. — Сиыну үйіне барып жүргендері болмаса, олар бұрын католиктерден ештеңесімен ерекшеленбейтін.

П. мекенінің өзінде қауымы аз болғандықтан лютеран сиыну үйі жоқ еді. Лютерандарға Раковандағы сиыну үйіне баруға тура келетін. Олар онда жазда жиі болатын, бірақ қыста тек үлкен мерекелерге ғана қатнасатын. Үйлерінде олар Құдай Сөзінсіз-ақ тұрып жатты. Ешқашанда оларды рухани өмір қызықтырып көрген жоқ.

П. мекеніндегі кейбір лютерандар ол арқылы неге жететініне немесе не іздеп жүргеніне ешқандай есеп берместен Ракованға сиыну үйіне, Құдайдың жарылқауын тілейтін жоралғыға баратын. Кейбіреулері тіпті конфирмацияны да қабылдамайтын, бірақ жарылқау тілейтін жоралғыға баратын, өйткені осылай ету бұрыннан қалыптасқан еді. Олар қауым жоралғыларынсыз өмір сүре алмайсың, басқалардың істегенін жасау керек, — дейтін. Осы бір киелі істің мәнін көбіне түсінбей-ақ олар осылай өмір сүріп жатты.

Лютеран дініндегі ата-аналардың балалары бұрын католик мектебіне баратын. Лютеран мектебі ашылған кезде ата-аналар өз балаларын сонда жібере бастады. Бірақ ол мектепте Құдай Заңы сабағы жүрмейтін. Осы бір қасіретті қауым ісі мен оны өзгертудің қажеттілігі жергілікті газеттердегі ұзақ талқылаудың сан рет тақырыбы болды. Бірақ П. мекеніндегі адасқан жандарда кімнің шаруасы бар.

Алайда Г. ханымның үйінде ұйымдастырылған шағын жиынға оралайық... Бүгін бұл жиынға айрықша көп адам келетін сияқты еді. Жұмада М. қалашығынан маңызды хабармен қауым қызметшісі келді. Таныстары оны қоршап жиынға шақырғанда ол шүбәлана басын шайқады.

— Сақтаныңдар! Бұл да, бәлкім, біздің таудағы сияқты «арманшылдар» шығар.

Құдай Сөзін оқитындар қалай «арманшылдар» болады? — деп таң қалды адамдар. Олар жиынға шақырып, өз адасушылығына жеке басының көзін жеткізу үшін қауым қызметшісіне бұрынғыдан да көбірек талап қойды. Бәрі де оны Қасиетті Жазумен таныс адам деп санады. Рас, ол кейде ішіп те қоятын; бірақ бұл үйлену тойларында, мектеп емтихандарын аяқтағанда және сол сияқты сирек жағдайларда болатын. Жалпы алғанда, ол ақылды және құрметті адам ретінде белгілі еді. Бұрын ол Оңтүстік Венгрияда мұғалім болды, ал кейде дін қызметкері жоқ кезде оған Құдайға құлшылық етуді өткізуге тура келетін. Сол жаққа қоныстанған словактар онда өсімдік тағамдарын жеумен дерлік өмір сүрді, оларға ешкім де қамқорлық жасаған жоқ. Қауым қызметшісі сияқты осындай ғалым мұғалімге П. тұрғындары шын пейілімен сенетін.

— Біздің тауда, — деп әңгімеледі ол, — әскери қызметтен қайтқанда өзімен бірге жаңа ілім әкелген жас жігіт бар. Қауым қызметкері, — мұндай жаңалықтар бізге Англиядан келеді, — дейді. Бұл жас жігіт біздің халқымызды бұза бастады, оған кейбіреулерді еліктіріп алудың сәті түсті.

— Оның жаңа ілімі қандай?

— Оған барлық күнә кешірілген, біз болсақ, қараңғылықта өмір сүріп жатырмыз дегенді айтады сол Степан. Ол біз Құдайға жүгінуіміз және дәл бір шомылдырылмаған Мәсіх жолын қуушылар сияқты Қасиетті Рух арқылы қайта тууымыз керек дейді... Сонымен бірге ол, біз күнәға батпауымыз керек, — деген пікірін дәлелдейді.

Қолдарында Киелі кітаптары бар тұтас он шақты қауым қызметкерлері сол қыңыр жігіттің бетін қайтара алмай жүр. Оның жолын қуушылардың кейбіреулері барып жүргенімен ол сиыну үйіне қауым бармайды. Сіздерде де осы сияқты бірдеңе өтіп жатқан шығар, бәлкім.

П. мекенінде қауым қызметшісі келетін күнге жиын белгіленген еді. Бұрын ешқашан жиынға осыншалық адам жиналған емес, қауым қызметшісіне мұның өзі қалай әсер етер екен, — дегенді білу бәріне де қызықты еді.

Бұл күні дәріші Урсини Құтқарушы оған имениесін таратып, Өзінің соңынан еруді ұсынған кезде Исадан қайғырса да, аулақ кеткен бай жас жігіт туралы уағыз айтты.

Егер ол Исаның соңына ілесуді ұйғарса, жас жігіт бәрін алар еді, — дегенді көрсетті уағызшы. Бірақ байлыққа деген сүйіспеншіліктің оның жүрегінде орын алғаны соншалық, жас жігіт өз имениесін тастай алмады. Тек осының өзі оның өлуіне себеп болды. Сөйлеуші адам өз тыңдаушыларын Иса Мәсіхке жүтінуге шақырды, тек Иса ғана адамды күнәдан құтқарып, азат ете алады.

— Шүбә жоқ, — деді жиыннан соң қауым қызметшісі, — шүбә жоқ, ол біздің Степан сияқты «арманшыл». Құдай адамдардан бәрін беруді талап етпейді. Ол тек олардың тәртіпті өмір сүргенін ғана қалайды. Сақ болыңыздар!

Сенбіге белгіленген келесі жиынға дейін П. мекенінде «арманшылдар» туралы әр түрлі сыбыс таралып кетті. Сондықтан жиында дәрішіні тыңдауға келген әуесқойлар да көп болды.

— Бүгін бізде дұғалық жиын болады, — деп түсіндірді Урсини қатысушыларға. — Әркім өз жүрегіндегі барын айтып, дұға жасай алады. Біз сондай-ақ менің досымның шешесіне бағыттап дұға жасаймыз, ол менен осы жөнінде өте өтініп еді.

Жиынға Г. ханым — үй қожасы да қатысты. Урсини шын жүрегімен ауру жөнінде беріле дұғалық жасаған кезде ол көз жасын тоқтата алмады. Органда ойнап отырған жас қыз да көз жасын төге дұға оқыды. Ол

Тәңірден Оны әлі де білмейтін жанарды жарылқауды және Өзіне тартуды сұрады. Прибовская кемпір өз мырзалары үшін, Мала жесір өз балалары жөнінде дұға оқыды. Индрик Құдайдан — П. мекенінде рухани ояну басталса екен, — деп тіледі.

Жиын аяғында екі еркек Тәңірден күнәларын кешіру туралы сұрады. Олардың біреуі лютеран, екіншісі католик еді.

Жиналғандардың кейбіреулері, өздері біліп сезгендерімен, көп алдында өздерінің күнәларын ашықтан-ашық айтып, кешірім сұрауға батылы бармағандар жиыннан мұнайып кетіп қалды. Өздерін тақуа санағандар: «Қауым қызметшісі дұрыс айтады, бұлар шын мәнінде «арманшылдар», — деді.

Жиыннан кейін Урсини кешірім алу жөнінде дұға оқыған екі еркекпен әңгімелесті. Олардың біреуі оқи да, жаза да білмейтін лютеран еді. Бұл кезге дейін ол байғұс адамның жаны жөнінде ешкім қам жемеген. Оған — ол күнәкар, оның жаны өлмейді және оны сүйетін Құдай бар, — деп ешкім түсіндірмеген. Бейшара Мәсіхті де, Құдайды да білмей өмір сүрді. Ол бір әңгімеде сөз болатын словак мұжығынан ерекшеленбейтін, жұма күні сиыну үйінен, Құштарлық аптасынан қайтып келген соң әйеліне: «Тыңда әйелім, біреу өліп қалған сияқты! Мен Ол жөнінде сиыну үйінде ғажап сөз тыңдағаным сондай, жылап жібердім», — деді. Әңгіме Құтқарушы туралы, мұның құтқарылуы үшін айқыш ағашта өлген Құдай Ұлы туралы болғанын мұжық білмеді.

— Сізге Иса Мәсіх жаңа өмір бастауға көмектессін, — деп тіледі Урсини іші елжірей жылаған өз әңгімелесушісін құшағына алып. — Осы сәттен бастап, өзіңізге емес Оған тиісті боласыз.

Екінші мұжық, католик, жылдар бойы қайырымдылық істерімен, тауап ету және ораза тұтумен «құтқарылуға» әрекеттенген, бірақ жүрегіне Мәсіхті қабылдамай, Онсыз күнәсінің кешірілуіне қол жеткізе алмаған.

Олардың екеуі де Құдай Сөзінің осындай оқуларында болған, бірақ тек қазір ғана олардың жүрегіне Мәсіхтің жарығы енді. Олар ақыр соңында барлық қайырымдылық пен жарық дүние қайнарына келгеніне және Тәңір алдында өз жүрегін еркін егіл-тегіл ақтарғандарына қуанды. Олар өздері баяғыдан ұмтылғандарына ие болған үйден бақытқа бөленіп кетті.

Бөлмені жинастырып әрі желдеткесін Урсини Германиядағы миссионерлік мектепке жаза бастаған хатын аяқтауға отырды. Оны жазып тастаған соң күртешесінің қалтасынан басқа үш хат алды. Біріншісі қысқаша жазылған: оның достарының Х. мекеніне аман-сау келгенін хабарлады. Екінші хат Ракованың қауым қызметкерінен екен. Урсини хатты ашып, оқи бастады. «Өзіңнің медицинамен айналыс, өзіңнің емдік дәрілеріңді араластыра бер, ал басқаның ісіне араласпа! Сіздің өлкені інжілдендіру қажеттілігі жөнінде жазғаныңыз — тек бірыңғай әдемі сөз тіркестері. Бізде сиыну үйі приходтары (Мәсіх жолын қуашылар сиыну үйінің қарауындағы қауым. — Аудармашының түсініктемесі) бар, біздің ізгі словак халқын азғыруыңызға жол бермейміз. Ал сол азғырушылар кімдер? Қандай сектаға жатады? Біз ол жөнінде ештеңе білмейміз! Егер сіз, елші болуға тиістімін, — деп кісімсінетін болсаңыз, Африкаға барыңыз. Егер сіздер біздерді тыныштықта қалдыратын болсаңыздар, біз ғана емес, сондай-ақ католиктер де қуанып қалады. Сіздер, лютерандарға Раковандағы сиыну үйіне бару алыс, деп жазасыздар. Бұл рас. Бірақ не істей аларсыз? Егер үш қана лютеран қауым болған біздің ата-аналарымыз соларға бара алған болса, мұндай алыс жолға П. мекенінің ізгі тұрғындары да шыға алады. Мұны қаперіңізге аларсыз, — деп үміттенемін. Бірақ бұл дәлелдермен де сіздің басыңыздан жасампаз жоспарыңызды шығарып тастауға мәжбүр етудің сәті түспесе, мен бұл істің жай-жапсарын білетін өкіметке жүгінуге мәжбүр боламын. сектанттық пен жәдегейлікті бар жаныммен жек көремін. Егер сіз өзіңіздің күпірлігіңіз-

ді менің қауымымда таратуды ойластыратын болсаңыз, мұның сәті түспейді. И. И., қауым қызметкері.

Хатты оқып шыққан жас жігіт дұға жасау үшін тізерлей жүгінді. Ол осы жолдарды жазған адам туралы, оның «көркейген» қауымы туралы және «ізгі» словак халқы туралы дұға оқыды. Ол сонымен бірге Тәңірден қауым қызметкерінің қауіп төндіруіне қарамастан, Құдай егістігінде П. мекеніндегі жұмысын жалғастыруына оған мүмкіндік сыйлауын сұрады.

Степан қауым қызметкерімен әңгімелескен күннен бері төрт апта өтті. Шалғындар мен ормандарда бұл уақыт ішінде көп нәрсе өзгерді: ғажайып хош иісін аңқытқан итмұрынға жол берген көктем гүлдері гүлдеп болды.

Дубравкада қызу жұмыс уақыты басталды. Блаш-коның диірмені қайта құрылды; Петір өз үйін кеңейтіп, Хратскийлер оған көмектесті. Шөп шабу мен басқа да дала жұмыстарының уақыты туды; оның үстіне бұл өлкеде қатаң қадағаланатын ағаш тасу мерзімін өткізіп алмас үшін орманға да отынға асығу керек болды.

Дубравкада ешқашанда жұмыс мұндай қызған жоқ. Құдай оларға тамаша ауа райын жіберді, сондықтан жұмыс ынтымақпен алға жылжи берді. Степан, Мишко, Марьюшка, Петір, Андрей және Бетка Хратскийлер бәрінен ерте тұрды. Олар араласқан жұмыстың жанып кететініне қарап тұру жағымды еді.

Еңбек күні басталғанға дейін олар бірлесіп дұға оқу үшін жиналатын; содан соң Степан Інжілден бірнеше шумақтар оқып, артынан бірге талқылады. Көбіне олар жұмысқа әндетіп барды, кейде олар егістікте де ән шырқады. Адамдар олардың қуанышты көңіл күйлеріне таңданды; әсіресе «арманшылдарға» Петірдің үйін салып жатқан жұмысшылар таң қалды. «Арманшылдарда» шындығында да адам өмірін әбден өзгертетін қандай да бір ерекше ілім бар болып шықты.

Жұмысшылар бұл жердікі емес еді, сондықтан олар ешкімге де титтей зияндылығы жоқ адамдарды неліктен

«арманшылдар», — деп атайтынына түсіне алмады. Әуелі өзара, одан соң басқаларға олар: «Біз де осындай болсақ, жақсы болар еді!» — дейтін.

Елеулі өзгеріс Хратский әкейден байқалды. Бұрын ол жиі ішетін, енді ол күшті ішімдіктерге тіпті де қарай алмайтын болды. Бұрын ол өз балаларын жұмысқа қайырымсыз қуатын, ал егер оның талғамына сай келмесе, үйдегілерге қатты ұрсатын. Енді ол өз балаларын қалжырап қалмауға үгіттейтін болды. Әсіресе ол Степан жөнінде әбігерленіп, оған үнемі оңайырақ жұмыс таңдайтын. Қазір Степан оңалғанмен, оның бұрынғы күші жоқ еді. «Оның толық нығаюының сәті түсуі екі талай-ау; бүкіл өмір бойына Мәсіх үшін азап шегуін сезінумен өтетін шығар», — дейтін әйелдер қамқорлықпен.

Хратский жиі-жиі ойға шоматын. Егер Степан мен Марьюшка оны үнемі алдаусыратпаса, ол тек қана шаруашылық жөнінде қажетті жарлықтар беріп, күн ұзағына үндемей жүрер еді. Түскі астан соң Құдай Сөзін оқуға бөлмені дайындау үшін, ол түскі астан үнемі бірінші тұратын; оқуға кейде бөтен адамдар да келетін.

Бірде Хратскийдің әйелі астықты күйеуінің келісімінсіз сатқысы келді. Хратский мұны дер кезінде байқап қалды. Ол түнеріп, әйеліне былай деді:

— Мен ештеңені де бүкпеймін әрі жасырмаймын. Сен мені алдап, Құдайды неге ызаландырасың? Тәңірді ашудандырғанамыз жетер, жаңа өмірді бастайтын уақыт келді.

Хратская ұяла түсті, бірақ ең бастысы, оған күйеуінің ескертуін есту жағымсыз еді.

— Сен қандай тақуаға айналғансың, — деп кекесінмен ескертті ол. — Сен кабакқа қанша ақша апарып тастасаң, мен үйден соншама астық алмаған шығармын!

— Бұл бұрын болған, — деп мұңдана жауап берді Хратский, — бірақ енді бұлай етпеймін. Сен де өзіңнің ақымақшылық ісінді таста!

Бұрынғы кезде егер әйелі осындай үнмен сөйлейтін

болса, қандай шу көтерілетінін ойлаудың өзі қорқынышты еді.

Хратская күйеуінде болып жатқан өзгеріске қуанды, бірақ оны түсіне алмады. Балаларынан қалғысы келмеген ол да көп жағынан өзгерді, бірақ жүрегі әлі бұрынғы күйінде қалды. Хратскийден болса, үлкен өзгеріс байқалды, бұл өзгеріс күн сайын елеулі бола түсті. Ол енді қоймада ұйықтайтын. Оның онда қаншама ұйқысыз түндерді өткізгенін бір Құдайдың Өзі біледі. Ол енді өзінің құдайсыз өмірінің қандай сұмдық болғанын көре білді. Ол тек Құдай Сөзін оқу мен тыңдап қана жанына жұбаныш пен тыным табатын. Көбінесе оқу оның ар-ұжданын одан әрі әшкерелеп, жаны осыдан ауырлана түсетін.

Екі рет ол жұбаныш іздеп, сиыну үйіне барды. Бірақ Степан қауым қызметкерімен сөйлескеннен бері бәрі Құтқарушының: «Бір-біріңді сүйіңдер!» — деген сөзі мінбеден енді естілмей кетті. Керісінше, әр жексенбілікте ол жақтан Дубравкалық «арманшылдарға» қарсы бағытталған уағыз естілетін болды.

— Иса Мәсіхтің өзі, — деді қауым қызметкері, — Иерусалим ғибадатханасынан бүкіл айырбастаушылар мен сатушыларды қамшымен қуған. Бізге де сиыну үйімізден оған нұсқан келтіріп, одан халықты аулақтатып жүргендерді қууымыз керек.

Келесі жексенбіде ол:

— Біз, лютерандар ата-бабаларымыздың таза іліміне негіздеп, еврей терімен сауда жасағандай, біз ілімізбен сауда жасайтын әрекет істемеуіміз керек.

Тыңдаушылар жиналғандардың пікірінше, қауым қызметкерінің өткір теңеуіне күлді. Сиыну үйінен шығып бара жатып, Хратский оның ұлын қалай балағаттап жатқанын естіді.

Степанның жорамалдағанындай, «арманшылдардан» обадан қашқандай жұрт аулақтайтын болды. Егер біреу-міреу «арманшылмен» кездесе, сол сәтте келемеж басталатын.

Блашко сиыну үйіне барған кезде оған әдетте Мишко еріп жүрді. Бірақ одан да бәрі аулақтады. Оның бұрынғы достары бұларды келемеж етіп, Степанды «Дубравкалық қауым қызметкер мырза», Петірді «мұғалім мырза», ал Мишконы «сиыну үй қызметшісі», — деп атады. «Ақшаны көп жинадың ба және диірменнің маңында салынатын жаңа мұнараға қоңырауыңды жуырда көтересің бе?» — деп олар Мишкодан әжуалай сұрады. Мишко сиыну үйіне үнемі күйініп қайтатын. Біртіндеп бәрі қалпына келетінін айтып, әкесі оны жұбататын.

— Ол жаққа несіне барасың? — деп сұрады одан Петір. — Ол жақтан не әкелесің? Онда ағайдың да баратынына таңқаламын. Сіздер, бәлкім, сол жақтан өздеріңді қамшымен қуатынын күтіп жүрген боларсыңдар? Олар біздерді «арманшылдар», — дейді. Бірақ Иса Мәсіхті да дінбасылар: Ол халықты азғырып жүр, — деген. Ал біз Оған тиісті болғандықтан, онда тағы нені күту керек?

— Бірақ біздің ата-бабаларымыз неліктен ғибадатхананы салды? — деп сиыну үйін қорғады Мишко.

— Әрине, оны қазіргідей уағыздау үшін салмады. Мені жаңа мектеп салып жатыр, — деп маған да күлген. Бірақ мұны естіп, мен күлдім де қойдым. Бұған болса, сен бекерге қапаланасың. Егер сен шын жүрегіңмен Исаны сүйетін болсаң, олардың сөзіне соншалық мән бермеуің керек еді.

Мәсіхтің жолына бәрін қиюға келісу үшін, Мишконың әлі де көп нәрсені бастан кешіруіне тура келді. Оның бәрінен де жоғары ұстағаны — қауымның құрметі мен қадірі.

Достарды басқа оқиғалар да қызықтырды. Олар «Петірдің жарылқаушысын» жиі еске алатын, инженерді солай атайтын. Барон Рейнер Дубравкадан кенеттен кеткеннен кейін келесі күні кешкісін оның әйелі қайтыс болды. Петір мен Степан жерлеуге баруға ұйғарды. Олар шын жүректерімен инженердің қайғысын бөлісті. Олар

үйге жақындағанда үлкен топ есік алдында тұр еді. Ракован мен М. мекенінен келген екі қауым қызметкері де сиыну үйі намазы мен дұға оқыды. Хор айтушылар бақта болды. Өлген адамды шығарғанда олар екі хорал шырқады; содан соң шеру темір жол станциясына қарай беттеді. Петір тастың үстіне шықты. Ол жерден өліктің бүкіл туысқандары жақсы көрінді. Ол бүкіл аза қайғырушыларға, әсіресе инженерге терең жанашырлық білдірді.

Қайғыдан тас болып мелшиген барон Рейнер өз әйелі табытының жанында тұр. Күннің өткір сәулесі оның жалаңаш басына түскен, бірақ ол мұны байқар емес. Оның бет әлпеті тіршіліктен мүлде ада болған сияқты.

Инженердің жанына жақындап, өзінің жанашырлық көңілін айта алмағаны Петірдің жанына батты. Ол бароннан алыс тұрды, байғұс мұжық барлық жұрттың көзінше ондай мырзаға қалай жақындай алсын. «Егер ол тек жоғары қараса, — деп ойлады Петір, — бәлкім, онда мені көрер еді...»

Оның тілегі орындалды. Ән шырқау кезінде инженер басын көтерді, топ қаншама көп болса да, Петір баронның өзін байқап қалғанын көрді. Петірдің жүзінен шынайы терең жанашырлықты оқуға болатын, барон да мұны айыра білді. Алғыс белгісі ретінде ол Петірді көргенін және оның қатысқанына қуанышты екенін білдіргісі келіп, басын сәл изеді. Ән тына қалды да, жерлеу шеруі станция жаққа бет алды. Петір де басқалармен бірге кетті, бірақ оған баронды көрудің енді сәті түспеді. Станциядан Петір мен Степан дәріші Урсиниге жолығуға кетті. Ол үйінде жоқ болып шықты, сондықтан олардың күтуіне тура келді. Үйге келгенде достарын көріп, Урсини адам айтқысыз қуанып қалды.

— Тәңірдің өзі сіздерді бүгін маған айдап әкелді, — деп ол сәлемдесті достарымен, — өйткені мен әсіресе бүгін рухани тіректі керек етудемін.

Оның бет әлпеті боп-боз әрі мұңды. Ол Степаннан

Құдай Сөзінен бірдеңе оқуды өтінді. Степан Інжілді ашып, бүгінгі күнге соншалық дәл келетін бірнеше шумақтарды оқыды. Петірге Степан осындай шабытпен бұрын ешқашанда сөйлемегендей көрінді. Содан кейін олар тізелерін бүгіп бәрі бірге дұға оқыды.

— О, біздің Тәңір не деген өлшеусіз кең! — деді Урсини дұғалықтан тұрып жатып. — Ол менің жанымның тіректі аңсайтынын көріп тұр. Егер сіздер бүгін маған келмесеңдер менің әлсірейтінімді Ол біледі. Міне, Ол сіздердің жүректеріңізге П. мекеніне келу керектігі жөнінде қозғау салды.

Достар Урсиниге инженердің Петір жөніндегі ниеті туралы білдірді. Дәрішіні бұл жағдай өте қызықтырып, қуантты. Петір инженер өз қайғысымен мұның ісін ұмытуы мүмкін-ау, — деген қаупін білдірді. Бірақ Урсини оны жақсылыққа сендірді, сондықтан Петір инженерден хабарды байсалдылықпен және шыдаммен күте тұруға ұйғарды.

Достар, сондай-ақ, жас Николай Каримский — дәріханашының ұлы жөнінде де сөйлесті. Соңғы уақыттарда Степан, одан соң Петір де Боровскдегі жатқан оған жиі барып, жылы күндері зембілмен орманға апарып жүретін. Шешесін жерлегеннен кейін оны тағы да саяжайға әкелу керек еді; онда ол өзін үнемі жақсы сезінетін. Николай жас жігіттердің келгендеріне үнемі қуанып қалатын, әсіресе оған Степан ұнайтын. Олардың арасындағы достық күн сайын өсе берді.

Степан Николай Каримскийден инженердің әйелінің толық тыныштықта, Құдай баласына ұқсап өлгенін білді. Бұл жас жігіттерді өте қуантты. Олар енді, сондай-ақ, Құтқарушыны танып, инженер жөнінде үлкен ыждағатпен дұға оқыды.

17. СҮЙІСПЕНШІЛІК, ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТ ЖӘНЕ ЖЕҢІС

Кеш түсті. Степан Боровскийден үйге қайтты, ол жаққа әжесіне барған еді. Ол орман арасымен ойға батып, жүріп келеді. Қазір оған көптеген жағдайларды ойластыру керек. Ол Каримскийдің өз дәріханасын дәріші Урсиниге ол үшін қолайлы жағдайға бергенін қуанышпен білді. Сонымен бірге, Николай Каримский өз есебінен Степанға жиын үшін мекен-жай салуды ұсынды.

Урсинидің істерінің жақсы жолға қойылғаны үшін Степан қуанышты еді. Сынақ күндерінде Урсини Құдайдың даңқын көтере білді. Бірақ ол Тәңірге өмірдің басқа, жақсы жағдайларында қалай қызмет етер екен? Оның тіршілігі мен істерінде қазір де Құдайдың даңқы көтеріле бере ме?

Сондай-ақ, Николай Каримскийдің қарындасының құрбысы келгені Степанның есіне түсті. Николайдың кетіп бара жатқан қызды шығарып салған көзқарасын Степан байқап қалды. Маған Марьюшка қандай қымбат болса, оған ол да сондай қымбат, — деп ойлады ішінен Степан. — Мен де оны бір көргеннен-ақ бақытқа бөленемін. Құдайдың Өзі біздің жүрегімізге айналадағыларға деген сүйіспеншілік етуде. Мен, Құдайға шүкір, барлық адамдарды сүйемін және олар үшін бәрін де жасауға дайынмын, бірақ Марьюшка маған барлығынан да қымбат».

Степан тоқтай қалды. Ол нақ диірменнің жанынан өтіп бара жатыр еді. Осы жерде ол ұзақ уақыт бойы айрылысудан кейін алғаш рет Марьюшканы көрді. Мұнда ол оған өзінің жарылқанғандығын айғақтады. Алайда осы уақыт ішінде бәрі қалай өзгерген десеңші! Ол кезде барлық жерді қар жауып жатқан; енді өскен жасыл шөптер мен тоғандағы гүлдерге су мол құйылуда. Қалың қар қабаты онда бұтақтар мен ағаштарды басып қалған еді; енді жасыл шөптер күн көзінде жалт-жұлт етеді. Ол кезде бұл жерде сондай тыныштық еді, өз демінді де

естуге болатын; енді орманнан құстардың сайрағаны құлаққа келеді, ара гүжілдейді, әр түрлі жәндіктер әуеде шыр айналып жүр, көбелектер гүлден-гүлге шаттықпен қонуда.

Барлық жерде өмір қыз-қыз қайнайды! «Қыс енді өтті, — деп Степан өзінше қайталады Киелі кітаптағы өлеңді, — жауын өтіп кетті, тоқтады; жер бетіне гүлдер шықты,... орман кептерінің үні біздің елімізде естілуде. Інжір бүршіктерін жарды, жүзім шоқтары гүлдеп, хош иісін аңқытуда. Менің сүйгенім тұр, менің тамаша аруым, сыртқа шық» (Әндердің әні 2,11-13).

«Маған не болған?» — деп өз ойын бөлді Степан жаратпаған пішінмен басын шайқап. — Бұл Аспандағы Күйеу мен Шіркеудің бейнесі ғой. Бұлайша тек Ол ғана жан-тәнімен айтады. Адам ойына бұл сөздерді мен қалайша қолдандым?»

— Тәңірім, кешір мені, — деп ақырын үн қатты ол, бетін қолдарымен жауып. — Мен өз сезімімді билей алмай жатырмын, менің маңайымдағы сияқты менде де сондай көктем. Бұл — Сенен, Тәңірімнен! — деп ойлаймын.

Осы сәтте бұта арасынан бұлбұл сайрады. Оның әні барған сайын қаттырақ естілді; бақытты құс махаббат әнін шырқауда. Степан бұлбұлдың — оның құрбысы жасырынған нақ судың үстіндегі бұтаққа салынған ұяда отырғанын көрді. Ол жаққа басын бұрып, құрбысы алысқа құйқылжи сіңіп жатқан үнді тыңдады. «Олар бір-бірін сүйеді! Табиғаттағының бәрі махаббатпен тыныстайды; бәрі... мен де! Иә, мен Марьюшканы сүйемін және оның сүйіспеншілігін аңсаймын. О, егер біз бір-бірімізге осы құстар сияқты тиісті болсақ!»

Степан жүрегі көп үн қатқан бұл жерден өзін күшпен кетіруге мәжбүр болды. Ол шалғынға шығуға асықты. Оның артынан бұлбұлдың әні естіліп жатты. Степан жартас арасынан ағып жатқан және көрші иеліктердің шекарасы болып табылатын бұлақтың салқын суын ішу үшін тікесінен шалғынға шықты. Ол бірде жүргіншілер

шөлін басуы үшін мұнда құмыра іліп қойған болатын. Адамдар мұны кім істегенін білген жоқ, бірақ беймәлім жарылқаушыға жан түкпірінен алғыс айтатын.

Бұлақтың қасында жабайы шиіе ағашы өсті, ал оның екі жағында шырша ағашы бой көтеріп тұр. Бұл қандай көрікті де, әдемі бұрыш десеңші! Жартасқа сүйеніп тұрған Степан ғажайып Құдай дүниесін тамашалай түсті. Бірақ өз ойын бірдеңеге аударуға барлық күш-жігерін салғанына қарамастан, Степан Марьюшка туралы ойға қайта-қайта орала берді.

Барлық аңғар оған жұмақ, алғашқы адамдар Адам-ата мен Хауа-ананың қасиетті мекеніне ұқсап көрінді. Адам Хауаны қалай сүйді екен! Құдай жүзінің алдында олар бір-бірі үшін қалай алаңсыз өмір сүрді екен!

Оның басына бұл жерде шағын үй тұрғызса, қандай жақсы болар еді, — деген ой келді. Бұл үй оның жеке меншігі болып, соған Марьюшканы кіргізер еді. Степан Марьюшкадан ол оның қуанышы мен қайғысын бөлісіп, әйелі болуға келісім бере ме, — дегенді жуырда сұрауға ұйғарды.

Өз ойына берілген Степан бұтақ арасынан шыққан Петірді байқамай қалды.

— Петір сен қайдан жүрсің?! — деп таңдана сұрады Степан.

— Ақыр аяғында сені таптым-ау! Мен сені күтуге шыдай алмай, қарсы алуға шығып едім!

Петір қуанышпен Степанның мойнынан құшақтады.

— Сен неліктен бақыттысың Петір?

— Ой, менде сондай қуанышты хабар! Мен инженер мырзадан хат алдым! — деп салтанатты түрде айтты Петір.

— Шынымен бе? Ол қазір өзін қалай сезінеді? Ол Құдайдан жұбаныш таба ма екен?

— Оны мен білмеймін, өзі туралы ештеңе жазбаған.

Екі дос елді мекен жаққа ақырын жүріп келеді.

— Ал ол саған не жазыпты?

— Біріншіден, ол екеумізге біздің жерлеуде болғанымызға алғыс білдірді. Біздің қатысуымыз оған үлкен сүйемел болды. Содан соң Урсини туысқан өз ісім жөнінде менің шүбәланатынымды оған хабарлады. Ол менің алаңдамауымды өтінеді; ол тіпті мені орналастыруға ниеттенген Германиядағы оқу орнында болыпты. Онда мен үшін бос орын бар көрінеді. Ол күзде өзі мені сол жаққа алып кетуге келетіндіктен, құрлысты тездетуге кеңес берді. Бұған не айтасың, Степан?

— Оның сенің қамыңды жегені үшін Құдайға жеткілікті түрде алғыс айта алмаймын. Тәңір егістігінде кейіннен жұмыс істеу үшін сенің Құдай Сөзін оқып үйренумен шындап айналыса алатыныңа қуаныштымын. Мен әскери қызметте болғанымда менің де сондай училищеге түскім келді. Бірақ мен сонда өзіме алдымен отаныма барып, Тәңірдің менімен не істегеніне өз адамдарыма айғақ беремін, — дегенмін. Енді маған сен үшін неге қуанбасқа? Бірақ, шын мәнінде сенің инженермен бұл жөнінде әңгімені қалай қозғағандықтарыңызды осы күнге дейін білмеймін.

— Менің бұл жөнінде сенімен әңгімелесіп, кеңесінді әлдеқашан сұрағым келген. Бірақ мұнда ешбір өрескелдік жоқ болса да, мен бұл әңгімені бастауға барлық уақытта да бір түрлі ыңғайсыздана беремін. Бұлаққа қайтадан барайық, сол жерде саған барлығын айтамын.

Степан шын пейілімен келісті, достар шиіе ағашының астына жайлы орналасты. Қараңғы түсті. Орманның үстінен кешкі шапақ алаулайды. Бімырт қараңғылықтың қанатына ұқсап, жерге үйірілді. Достар енді бір-бірін анық көрмейтіндей болды, бұл Петір үшін өте қолайлы еді.

— Степан, — деп бастады әңгімесін Петір, — мен Марьюшканы сондай сүйемін, мұны саған да, басқа адамға да сөзбен жеткізе алмаймын!

Степан селк ете түсті және Петірге қорқынышпен қарауға сәл ғана қалды.

— Бір нәрсені білмеймін, — деді, енді сәл жеңілденіп

қалған Петір өз әңгімесін жалғастырып, — Марьюшка мені сүйе ме? Меніңше сүйетін сияқты. Бірақ сен білесің ғой мен кедеймін, ал Блашко болса, өркөкрек адам. Оның қызын маған бере қоюы да екіталай. Қалай болғанын білмеймін, мен бәрін инженер мырзаға айтып бердім, оның маған көмектескісі келді. Училищені бітіргеннен кейін мені темір жол маңындағы жақсы орынға Марьюшкаға үйленуге болатындай етіп, орналастыруға уәде берді. Бірақ мен қалай әрекет етуді білмеймін. Сондықтан да Степанко сенен мынаны сұрағым келеді: ол мені сүйе ме және күтуге келісім бере ме, — дегенді Марьюшкадан қазір білуге сен кеңес бересің бе, әлде бұл әңгімені әзірге қоя тұру керек пе...

Үнсіздік орнады. Степан жерге, бәлкім, бір кезде Адам қарағандай сезіммен қарады. Ол жоғалтқан жұмағын түнектен іздеді және таба алмады. Неліктен Петір оған осы сұрақты қойды? Бұған не деп кеңес беруі керек...

— Сен неге жауап бермейсің, Степанко? — деді таңқалып Петір.

— Бұл істе кеңес беру оңай емес, — деп әрең естілетіндей жауап қайтарды Степан. Жүрегінде сүйікті досына қарсы күйініш тұтанғанымен, ол барынша жұмсақ сөйлеуге тырысты.

— Жүр енді үйге қайтайық. Ертең өз пікірімді айтамын, саған.

Екеуі де тұрды.

— Жақсы, Степан, мен бүгін Марьюшкаға баруға соншалық ынталы болсам да, сенің кеңесіңді тыңдаймын. Сонымен бірге қорқамын да... Егер ол маған қарсы болса, мұны көтере аламын ба?

Петірдің өз сезімдері және ойларына беріліп кеткені соншалық, Степанның үндемегеніне де назар аудармады. Соқпақ жол жан-жаққа айрылатын жерге дейін екеуі де үнсіз келді. Қоштасуға бір-бірінің қолын қысып, достар тарады.

Степанның осынша ұзақ уақыт жоқ болғанына Храт-

ский таң қалды. Бәрі кешкі асты бағана ішіп болды, ал ол әлі жоқ.

— Бәлкім, ол әжесінде түнеуге қалған шығар, — деп ұйғарды Бетка, сөйтіп, бәрі де осыған тыныштанды.

Ал Степан бұл кезде бақшадағы алмұрт ағашының түбінде жатыр еді. Ол уақыттың қалай өткенін де байқамады. Ол бір нәрсені ғана сезді: Иса Мәсіх оған көмектеспесе, ол бұл күреске ешбір қарсы тұра алмайды.

«Мен оны өліп кетпес үшін жолдан көтеріп алдым, ал ол болса, енді менің сүйіктімді тартып алуда. Бірақ та жоқ, Марьюшка жөнінде оған жол бермеймін. Егер ол Марьюшкаға үйленетін болса, мен не істеймін. Ол оның қарсы болғанын көтере алмаймын, — дейді. Ал оны жоғалтып алсам, маған не болмақ? Петір Германияға кетеді, ал басқа біреудің қалыңдығын күндіз-түні ойлап, осында қаламын... Бұл күнә ғой. Жоқ, Петір оны саған бере алмаймын!» Ауырғаннан кейін Марьюшка айтқан сөз оның есіне түсті. Бұл сөз оның келісімін алуға бұған үміттенуге хұқық беретінін сезді. Бірақ, Петір ертең оған баратын болса, Марьюшканың оның бетін қайтаруға батылдығы жетер ме екен? Алайда жолдасынан бұл істе озып кетуде Степан өзін дұрыс сезінбес еді.

«Қазір оған бар, — деп азғырып сыбырлады бір дауыс. — Марьюшка маған уәдесін берген, — деп ертең Петірге айта аласың».

«Аулақ тұр, менен, шайтан, — зәресі ұша нығарлады Степан. — Мен онда ертең Петірдің көзіне қай бетіммен қарай аламын? Ол маған сенім артады, менен үміттенеді. Менің оған ізгі ақыл беруім керек...»

Түнек өктемдігі өзіне жылжып келе жатқанын Степан сезді. Ол дұға оқи бастады. Жолдасына Марьюшканы өз еркімен беруге мәжбүр ететін Петірге деген жанқиярлық сүйіспеншілікті одан талап етпеуіне ол Тәңірден көзінің жасымен сұрады. Бірақ бүгін Тәңір айтқанға көнбейтін сияқты.

«Жақыныңды өзіңді сүйгендей сүй». — «Өзіңді жоқ-

қа шығар, өз айқыш ағашыңды қолыңа алып, Менің ізімнен ер». — «Егер бүкіл дүние жүзін алып, ал өз жанына зиян келтірсе адамға мұның пайдасы не?» — «Адамдар сізбен қандай қатынаста болса, сіз де олармен сондай қатынаста болыңыз». — «Ұлым менің, Маған өз жүрегіңді бер!»

Тәңір Степан жүрегінің Өз иелігіне толық алынуын талап етті; бірақ Степанға қандай ауыр тиді десеңші... Ол өз жүрегін Құдайға әлдеқашан бердім, — деп ойлаған, бірақ мұның олай емес екенін енді түсінді, өйткені оның мұны жасауға күші жетпеді.

Степанның маңайын және ішкі сарайын түнек басты. Ол жанкештілікпен қолын қыса ауыртып:

— Оны бермеймін, Тәңірім, оны бере алмаймын! — деп қайталай берді.

Оған Марьюшканың жарқын бейнесі бұдан алыстап кеткендей көрінді. Оған әрқашанда қуаныш әкелген, ой мен жүрегінен ешуақытта шықпаған Марьюшка енді оны тастап кеткендей көрінді, сөйтіп, ол жалғыз қалды.

Біраз уақыт ол өлікке ұқсап жерде жатты. Ол шақырылған, бірақ қалаулы, қадірлі болып шықпаған, аяғына дейін сергек болмаған адамды күткен мәңгіліктің азапты сәттерін басынан кешіріп жатты.

Степан өз дұғасын тағы да, тағы да оқыды.

— Тәңірім, — деп сыбырлады ол, — маған кешірім ете гөр! Менің Құдайым, Өз бетіңді тағы да маған бұр! Мен Өзіңнен басқаның бәрін жоғалтуға және беруге келісемін; тек мені тастап кетпе! Өз жүрегімді Саған беремін: оны ал! Петірге Марьюшканы бер, бірақ Өзіңді маған бер, өйткені Сенсіз өмір сүре алмаймын!

Маңайда түнгі тыныштық салтанат құрды. Степанның жүрегін ғажайып дүние толтырды. Жүрек азабы, қорқыныш, ашу — бәрі өтіп кетті. Мәсіхтің құшағынан ол тағы да толық және мәңгілік тыныштық тапты.

Таң ата Степан Петірдің үйіне кірді.

— Біздің кешегі әңгімеміз жөнінде мен түнде көп

ойландым, — деп байсалды бастады Степан. — Мен дәл бүгін Марьюшкамен сөйлесуіңе кеңес беремін. Егер Тәңірім оның жүрегіне саған деген махаббат еккен болса, ол мұны саған айтады. Егер ол сені сүймейтін болса, мынаны ескер, Петір, тіпті Ол біздің жүрегімізді талап етсе де, біздің Құдай еркіне қарсы шығуға хақымыз жоқ!

Петір өзінің досының жүзінен көзін ала алмады. Бір түннің ішінде өзгеріп кеткен сияқты; одан Петір бұрын байқамаған құпия бір күш аңғарды. Олар инженердің хаты мен Құдай Сөзін бірге оқыды. Содан соң Степан Петірдің барлық ісін Өз даңқына бағыттауын Тәңірден сұрап, жалынды дұға оқыды. Сонымен достар ажырасты.

— Мен біздің шалғынның шөбін шабамын, — деді Степан Петірге, — сонымен бірге Блашконың да шалғынын шабамын. Марьюшка шөпті жаюға кейін келеді; сол кезде сен онымен бірге шалғынға барарсың. Сол кезде саған онымен сөйлесудің сәті түсер.

Петір жолдасының кеңесін алғыс сезіммен қабыл алды. Бір сағат өткеннен кейін Петір Марьюшкамен қатарласып кетіп бара жатты. Бұлақтың қасында оларға жұмыстан қайтып келе жатқан Степан жолықты.

— Мен ол жерден барлық шөпті шауып тастадым, — деп жымыды ол Марьюшканың нұрлы көзқарасынан қашқақтап.

— Рақмет, Степан! — деп Марьюшка оған алғыс айтып қолын созды.

Оған қолын беруге тура келді, енді ол оған сүйкімді де, қымбатты жүзге қарай алмай тұр. Ол Марьюшканың әрқашанда өз жүрегінде қалатынын сезді; сол сияқты ұлы махаббатын Петірге құрбан ету үшін Тәңірдің Өзінің оған жарылқап, күш бергенін де түсінді.

— Сендерді ұстамайын, — деді ол кетуге асығып, — ыстық түскенге дейін шөпті жайып үлгеру керек қой.

Марьюшка алыстап бара жатқан Степанның соңынан оның асығуының себебін түсінбестен таңқала қарап қалды.

Жұмыс тез алға басты. Марьюшкаға Петір инженердің хаты туралы айтты, осы жерде ол тұңғыш рет өзі жөніндегі оның қамқоршысының ниетін білдірді. Марьюшка оны өте қызыға тыңдады. Осындай әңгімемен олар Петірді қызықтырған мәселеге жақындады. Марьюшканың өзі оған көмекке келіп, мынаны сұрады:

— Сонымен сен бұдан былай тоқымашы болмайсың ба? Әлде сен өз қолөнеріңді жек көріп кеттің бе?

— Ешқандай да. Бірақ бір ғана тоқыма ісімен қазіргі кезде күн көру қиын.

— Сіздердің екеулеріңізге шамалы ғана жетеді ғой! — деп таңқала ескертті Марьюшка.

— Біз екеуіміз үнемі бірге тұрмаймыз ғой, — деп жауап берді Петір Марьюшкаға қарап.

Марьюшка оны түсінген жоқ.

— Сен үйленуді ойлайсың ба?

— Бұл сені таң қалдыра ма, Марьюшка? Мен жаспын, ал шешем болса, енді қартайды. Оның менен басқа жарық дүниеде ешкімі жоқ. Қуанышым мен қайғымды бөлісіп, сол үшін де жұмыс істейтіндей менің де біреуді тапқым келеді. Менімен бірге Құдайға қызмет ететін әйелім болуын қаласам, оған таңданатын не бар?

— Бұл мені ешбір таңдандырмайды, — деп жауап берді Марьюшка Петірдің қадалған көзқарасынан қызарып. — Бірақ сен бұл жөнінде бұрын айтпайтын едің ғой.

— Сен маған күйеуге шығуға және Германиядан келгенге дейін күтесің бе, — дегенді өзіңнен білуге ұйғармасам, сенімен бұл жөнінде бүгін де сөйлеспес едім.

— Сенің мұның не, Петір? — деп еріксіз кейін шегініп, шошына үн қатты Марьюшка.

— Ой, Марьюшка, мен бұрыннан, өте ертеден сені сүйемін, ал сені қазір қалай сүйетінімді, тіпті тілмен де жеткізе алмаймын. Бірақ мен кедеймін, сенің әкеңнің көңіліне жақпайтынымды білемін. Сондықтан да әлі де көп нәрсеге үйрену үшін оқу орнына түсемін. Оқуды бітіріп, әйелімді асырауға мүмкіндік беретіндей жақсы

орынға ие болғанымда, егер сен, Марьюшка, мені сүйетін болсаң, сені әкеңнен маған беруін сұраймын. Жердегі игілік менде жоқ, тіпті өзімнің меншікті есімім де жоқ, бірақ менің, аспандағы Әкем мен Иса Мәсіх сыйлаған есімім бар. Егер сен мені сүйетін болсаң, онда күтуге уәдеңді бер.

Оның үнсіздігінің себебін түсінбестен Петір Марьюшкаға зер сала қарап қалды. Барған сайын жүзі бозара түскен ол оның сөзін аяғына дейін тыңдады. Ол соңғы сөзін айтқанда Марьюшка бір қадам алға басты. Кенет ол бетін қолдарымен жауып, еңіреп жібергенде Петір мүлде сасып қалды.

— Марьюшка саған не болды? — деп сасқалақтай сұрады Петір оның жүзінен қолдарын алуға тырысып.

Сәл тынышталған соң Марьюшка көз жасы араласып, сөйледі:

— Ешқашанда, Петір, мен сенен қысылмаймын: өйткені сен Құдайдың нәрестесісің ғой. Маған сен, сені өзімнің туған бауырымдай сүйемін. Сенің бұл дүниедегі жалғыздығың маған өте аянышты. Егер бұл дүниедегі кедей тоқымашы болғанның өзінде де мен саған ынталана күйеуге шығар едім; біздің туған тауымызды саған тастап кетудің де керегі болмас еді. Сенің шешең үшін біздің қаржымыз да жетер еді. Бірақ мен саған күйеуге шыға алмаймын!

— Шыға алмайсың ба...?

Петір Марьюшканың қолдарынан шап беріп, өзінің мұздай қолдарымен қатты қысты.

— Шыға алмайсың ба? Егер менің кедейлігім бөгет болмаса, онда неліктен шыға алмайсың?

— Мына себептен, Петір, сенің әйелің бола тұрып, мен үнемі Степанды ойлар едім. Ол ауырған күннен бастап, мен күні-түні соны ойладым. Мен мұны жарық дүниеде ешкімге де айтпауым керек еді, бірақ саған мұны мойындауға міндеттімін, әйтпесе мен сені де, өзімді де алдаған болар едім.

— Ал Степан мұны біле ме? — деп мұндана сұрады Петір.

— Степан ба? Ол қайдан білсін? — деп Марьюшка тәкаппарлықпен бойын түзеп жауап берді.

Бірақ жас жігіттің қуарып кеткен жүзінен білінген терең қайғыны көріп, Марьюшка тізесіне отырып тағы да жылады. Ол Петірді өте аяды, бірақ ешбір көмек жасай алмады.

Аздаған үнсіздіктен кейін: — Жылама, Марьюшка! — деді Петір. — Сенің өз келісіміңді бермейтініңді мен түсініп тұрмын. Мен бұған таңқалмаймын. Біздің екеуміздің ішімізде, әрине, Степанның артықшылығы бар. Міне, сенің байламаң. Үйге барайық...

Ол орнынан тұрды, көз жасын сүртіп, Петірге қолын берді.

— Маған ашуланба, Петір!

— Мен ашуланбаймын, — деп жауап берді Петір оның қолын алып.

Олар енді бұрынғыдай емес, көңілсіз жүріп келеді. Марьюшка оған не көмек берместен, еріксіз Петірді күйзелткеніне мұңайып келеді. Өзінің болашақ жөніндегі тәтті армандарының әп-сәтте күлі көкке ұшқанын сезіп, Петір терең күйзеліс үстінде келе жатты. Олар үнсіз қоймаға келді. Петір арқасынан шөпті түсірді, сәл үнсіздіктен кейін:

— Құдай жар болсын, Марьюшка! — деген сөздермен қолын созды.

— Құдай жар болсын! Петір!

— Оның көзінен жас тағы да тоқтаусыз сел болып ақты, бірақ Петірді жұбату үшін ол енді ештеңе де айта алмады. Петір де сондай-ақ басқа ештеңе айта алмай, үн-түнсіз кетіп қалды. Бірақ ол үйіне бармады. Бұл соққыдан сәл оңалу үшін оған жалғыз қалу қажет болды. Кеше Степанның істегеніндей қалың бұта тауып, Петір соның астындағы жерге ұмтылды.

Кеше ол: Марьюшканың бас тартуын көтере алмай-

мын, — деген еді; бүгін бас тарту сөзі айтылды, бірақ ол әлі тірі.

Ол өз үйін кеңейтуді армандады, бірақ оны енді несіне істейді? Өйткені «ол қыз» онда ешқашанда тұрмайды. Егер ол қыз қандай бір басқа себеппен одан бас тартса; бірақ жоқ, ол Степанға бола одан бас тартты. Степанды білетіндіктен, әрине, бұған таңқалудың реті жоқ. Дұға оқуға тиісті екенін сезгенмен, ол бұлай істей алмады. Басқа бір жағдайда Степанға барар еді; бәлкім, ол ренжіген досын жұбата алады, бірақ осы сәтте мұның, тіпті оны көргісі келмеді. Бірақ онымен кездесу сөзсіз болады. Петірдің Марьюшкамен түсінісуі қалай аяқталғанын білуге Степан келеді. Онда бұл оған не деп жауап беруі керек? «Менің бақытыма сен кедергі болдың; егер сен болмасаң, мен Марьюшкаға үйленуіме ештеңе бөгет болмайтын еді. Ол маған, тіпті кедей жігітке де, ал менің сонда жат өлкеге кетуіме де тура келмес еді. Менің қайғыма себепші, сенсің!» — дей ме?

«Иә мен оған осылай айтамын! — деп шешті қайғырған Петір. — Тольқ жалғыздыққа душар болғаннан гөрі мен сол кезде жол бойында үсіп кеткенім жақсы еді, — деймін оған. Енді маған не істеу керек? Күзді қалай күтемін? Маған бұл жерден кету керек. Бұл жерде маған қалудың не жөні бар?»

Ол қалтасынан баронның хатын шығарып: «Тамыздың соңында саған барамын», — деген сөздерді тағы да оқып шықты. Енді әлі маусым ғана. «О, Тәңірім! Маған енді не істеуім керек? Тіпті ақылдасатын да ешкім жоқ», — деп ойлады күйінішті Петір.

Ол қолына инженердің хатын дірілдей қысты. Кенет ол оны көруге деген айрықша құштарлықты сезді. Егер басын сол адамның кеудесіне қойса, оған оңайырақ болатынға ұқсап көрінді.

Одан әрі хатта былай айтылыпты: «Мен қайғы теңізіне батқан сол минутта маған қандай жақсылық көрсеткеніңді саған айтып жеткізе алмаймын; сенің қатысуың

маған сол кезде жарық дүниеде қалған әлі де сенің бар екеніңді және менің сенің қамыңды ойлауға тиісті екенімді ескертті». «Менде жарық дүниеде қалған әлі де сен...» Бұл сөздердің Петірдің көңілін терең қозғағаны сондай, ол жылап жіберді. Олар инженер екеуі бірыңғай жағдайда қалған жоқ па? Екеуінде де ешкім жоқ және жүректеріне жақын жан ешқашанда болмайды; осынау жер бетінде олардың екеуі де мүлде жападан-жалғыз.

Инженердің қазір қайда жүргенін егер Петір білсе, ол оған қуана кетер еді. Ол оның қызметшісі болып, одан тамақ пен киімнен басқа ештеңе талап етпей, ұлы сияқты күтер еді. Осы арқылы ол Марьюшка және Степанмен үнемі кездесу қажеттілігінен құтылар еді. Бірақ ол Степанның Иса Мәсіх жайындағы уағыздары мен айғақтарын бұдан былай ешуақытта да естімес еді.

Тіл жеткісіз зарығу Петірдің қамыққан жүрегін кернеп кетті. «Тәңірім кешір мені! Мен бүгін Степанды жек көрдім...» — деген күйзеліске толы сөз оның аузынан шығып кетті.

«Егер Степан әркімді өзіне тартатын болса, оған не істерсің? Әрине, оған өзінің бізге деген сүйіспеншілігі үшін қымбат төлем төлеуге тура келді; ол бізді Саған тартқаны үшін сәл ғана өлмей қалды, — деп байсалды пайымдады Петір. — Ал Степанның өзі Марьюшканы сүйеді ме екен!»

Оның ойына бұрын аз назар аударып келген нәрселер түсе бастады.

«Степан Марьюшканы мен сүйетіндей неге сүймеске? Бірақ ол менің орнымда болса, маған мен сияқты жаулық пиғылда болар ма еді? О, Құдайым, Әкем менің! Маған арбауға түспеуге көмектес!»

Петір аздап тыныштала бастады, дұғалық көңіл күйге орын беріп, жаулық пиғыл кете бастады. Оның дұғасы байланыссыз болды, бірақ ол аспанға жетті және Аспандағы Әкемізге естілді.

— Саған не болған? — деп қорқып кетті Крачинская

Петір үйге келгенде. — Сенің жүзің оңып кетті: сен боп-боз болып, жүдеп кеттің. Кеше ағаш кескенде жарақат алған жоқ па едің?

— Жоқ, уайымдама, апатай! Менің тек сәл басым ауырып тұр.

Крачинская оған бір емдік өсімдіктің тұнбасын берді, ол шешесін тыныштандыру үшін ішіп алды.

Аздап, сәл жақсы болғанда, ол жұмысына кетті.

— Тыңда, Петрушка, — деді онда оған ағаш ұсталарының бірі, — менің бүгін түнде ұйқым келмеді, мен бақшаны бойлап кезіп кеттім. Сөйтіп, мен Хратскийлердің бағына дейін жеттім. Онда жерде біреу жатыр екен; ол: «Тәңірім, мен оны оған бермеймін, бере алмаймын!» — деген сөздерді жылап әрі дұға оқып, үнемі қайталаумен болды. Маған бұл Степан Хратскийдің дауысына ұқсап көрінді.

Бұл әңгімеге таңданған Петір бөрененің басқа ұшына ауысты. Содан соң, балта мұқалып қалды, — деген сылтаумен үйге жүгірді.

«Сонымен, Степан шынымен оны сүйеді екен! Сөйтіп, қаншама оған ауыр болса да, оның менің бақытымды бұзғысы келмеген екен-ау! Және осыдан соң да оны мен жек көремін... Жалғыз сен осындай кеңпейіл және қайырымды болып қалмайсың: мен де сенен қалғым келмейді, Степан!»

«Марьюшка бүгін неге мұңды екен?» — деп ойлады Мишко Марьюшкаға қарап. Ол бұл жайында одан бәрін сұрамақ болды, бірақ ешбір ыңғайы келмеді. Кешке қарай тағы да бәрі жұмысқа кетті, ал Марьюшка үйде кешкі тамақ істеуге қалды. Оның түрі әлі де мұңды еді. Әсіресе өзінің Петірдің азапқа түсуіне себепші болғаны оны айрықша қапаландырды.

«Бірақ егер Ол бізді сүйгендей, Құтқарушы біздің барлық адамдарды сүюімізді талап етсе, — деп ойлады Марьюшка, — онда Тәңірім менің жалғыз жүрген Петірдің бақытын бөлісуімді қажет етпей ме екен? Егер мен

Ол жайында сұрасам, Тәңірім маған Степанды ұмытуға көмектеседі. Мен Петірді мұндай мұңды пішінде көргім келмейді; дұрысы жападан-жалғыз азап шеккен. Мен онымен кездескенде, қайтадан ойландым және оның оралуын күтуге келісемін, — деп айтамын. Тағы да, Құдай маған Степанды жек көруге көмектеседі, — дермін».

Шлюзге шығатын диірмен есігінің ойығында тұрып, Марьюшка суға ойлана қарады. Осы кезде ерлі-зайыптылық өмір диірменнің ауыр тасымен салыстырылатын словақтың бір халық әні оның ойына түсті; бірақ диірменнің ауыр тасын жылжытуға болады, ал күйеуге шығудан қалай құтыларсың.

«Бұл сұмдық! Бірақ егер құдай бүкіл қасіретті маған жүктейтін болса, онда оны алып жүруге де көмектеседі».

Ол кешкі шапаққа бөленген диірменге қарады. Онда қақпаға сүйеніп, біреу тұрды.

— Степан! — деп айқайлап жіберді Марьюшка.

Оның сыңғырлаған дауысын құлама судың шуылы тұншықтырып жіберді. Марьюшка көмек пен қорғаныш іздегендей оған қолдарын созды. Қандай да бір төзгісіз күш құған сияқты болған Степан оған өз құшағын ашқанда Марьюшка тікелей оған құлады.

— Степан, — деп сыбырлады ол, оның жүрегімен түсінетінін аңғарып, — Степан, мен Петірге күйеуге шыға алмаймын. Шынымен бұл қасіретті Тәңір маған жүктер ме екен? Мұның менің қолымнан келмейтінін сеземін.

— Марьюшка, — деп жұбатты Степан оның шашынан сипап, — біз кейде, Құдай бізден көп нәрсені талап етеді, — деп ойлаймыз, бірақ біз оның еркіне мойын ұсынғанда, онда бәрі де жасалады.

Оның дауысы дірілдеп кетті. Марьюшка басын төмен салбыратып, көзін жұмды. Ол бұл адамды, қайсыбір кезде ұмыта аламын ба! — деп көз алдына елестетуге тырысты. Ол мұнда, жер бетінде оны ешқашанда ұмыта алмайтынын барған сайын күшті сезіне түсті.

— Оның құлағына Степанның сөздері естіліп жатты,

ол дауысы құбылып тұрса да, Петірді мақтады. Ақыр соңында, Марьюшканың Петірдің бетін қайтаруының себебін сұрағанда ол басын көтеріп, бұған қарады. Олардың көздері түйісті... Степан бұдан кейін ештеңе сұраған жоқ. Қызды кеудесіне басып, ол ақырын жылап тұрды. Батып бара жатқан күн сәулесі түсіп тұрған диірменнің жанында олар әлі де ұзақ тұрды.

Бұтақта тағы да кешегі бұлбұл сайрады. Бірақ кешегімен салыстырғанда Степанның сезімі соншалық өзгерді! Кеше серікті оның өзі тапқысы келді; бүгін Марьюшканы бұған Тәңірдің бергенін білді, сондықтан оны ол Құдайдың қымбат сыйлығы ретінде қабылдады.

— Құдай маған күә, оны саған бергім келіп еді, Петір, — деп бастады Степан Марьюшканың бас тарту себебін білдіру үшін кешкісін Петір оған келгенде. — Ол қыз Оның баласы, Құдай да Өз меншігін Өз қалауы бойынша кімге бергісі келсе, соған береді. Ол Марьюшканы маған берді.

Степанның бұл сөздерінен жерден тыс дүние Петірдің жанын жадыратып жіберді, сондықтан да оның шын жүрегімен Құдай еркіне бағынғысы келді. Жолдастарды біржолата айыруы мүмкін жағдай, оларды енді бұрынғыдан да тығыз жақындатты. Олардың әрқайсысының өз бақытын құрбан етуге дайын болуы өзара құрметтерін оята түсті.

Петірдің бұл жарасы әлі де ұзақ уақыт бойы жазылмады, бірақ сайып келгенде, қайғы азабы оны нығайтып, жаңа рухани күш сыйлады.

18. БАРОН РЕЙНЕР

Жоғарыда біз сипаттаған оқиғадан кейін бір апта өтті. Оған қиын болса да, Петір Марьюшканы ойламауға тырысты, әсіресе ол бүкіл күн ұзағына жұмыстан қолы босамағанда мұның сәті түсетін.

— Құдай береке берсін! — деген сәлемді естіді Петір бірде. Оның өз ойына шомғаны соншалықты, күтпеген жағдайдан селк ете қалды. Ол жалт қарады, қолынан шалғы сәл түсіп кете жаздады.

— Инженер мырза! Урсини туысқан! Қандай күтпеген кездесу! — деп қуанышты және таңдана үн қатты Петір.

— Мінекей, саған көмектесуге келдік, — деп жымыды инженер, — бірақ шалғы шабуды білмейтінімді бірден айтып қояйын.

— Мен де бұл істе шебер емеспін, әйтпесе, сен үшін ынталана шабар едім, Петір — деп мойындады Урсини. — Сондықтан жұмысыңды тезірек аяқта, ал біз сені күте тұрамыз.

Петір олардың ақылын алып, көп кешікпей бүкіл шалғынды шауып тастады.

— Міне, енді бәрі дайын. Жүріңіздер!

— Бұл сендердің шалғындарың ба? — деп сұрады барон Рейнер.

— Жоқ, мұншалықты жер бізде қайдан болсын? Бұл шалғын Петровичкаларға тиісті; ұлы қолын жарақаттап алған, ал күйеу баласы көптен ауру. Степан, Мишко және мен оларды шалғынды шауып беруге көмектеспек болып ұйғарғанбыз. Кеше олар шапқан, ал мен бүгін өз бөлігімді шауып тастадым. Ерте бастағаным жақсы болды.

— Ал анау шалғында жүргендер кім? — деп сұрады Урсини көрші шалғынды көрсетіп.

— Бұл Хратскийлер. Егер Степан сіздің осында екеніңізді білсе ғой!

— Шақырма оны, Петір. Мен оған өзім барамын. Сонымен, әзірге сау бол.

Урсини Петір мен баронды оңаша қалдырып, Хратскийлер жаққа асыға қадам басып, бет алды.

— Ал қалай тұрып жатырсың, Петір? — деп сұрады барон Петірге сұраулы жүзбен қарап.

— Құдайға шүкір! Ал сіз инженер мырза, өзіңізді қалай сезінесіз? Құдайдың көмегімен сіз өз қасіретіңізді жеңдіңіз бе? — деп қамқорлықпен сұрады Петір инженердің жүдеу жүзіне тілектестікпен қарап.

— Мен Құдай еркіне мойын ұсынуға тырысамын, Петір, сонда маған жеңіл болады.

— Иә, бұл солай: егер өз еркіңмен Құдай еркіне бағынсаң, онда бәрі мүмкін, — деп келісті Петір.

— Ал сенің құрлысың қалай жүріп жатыр? Бәлкім енді аяқтаған шығарсың?

— Жұмыс бітті, тіпті төбесі де жабылды. Бүгін есіктері мен терезелерін орнатамыз.

— Иә, сен бұған мүлде қуанбайтын сияқтысың ғой? — деп сөз тастады барон Петірдің жүзіндегі мұң табын аңғарып. — Бәлкім, саған құрлыста бірдеңенің сәті түспеген шығар?

— Жоқ, бәрі де тамаша болды. Бірақ құрлыс енді маған қажет емес.

Петір басын мұңая салбыратып жіберді.

— Сен Марьюшкамен немесе Блашкомен сөйлестің бе?

— Мен Марьюшкамен сөйлестім. Оның жүрегі Степанды қалайды...

— Степанды? Шынымен бе?

— Мұны маған оның өзі айтты, — деп жауап берді Петір және бәрін баронға әңгімелеп берді.

— Онда тезірек кетейік бұл жерден, Петір! — деп қызулана сөйледі инженер. — Саған өзгенің бақытына қарау адам төзгісіз ауыр болады ғой.

— Иә, бірақ Степан мұнымен ымырласа алды, ендеше мен де Құдайдың көмегімен көндіге аламын. Мен анамды аяқталмай қалған үйде қалдыра алмаймын; алдымен бәрін тәртіпке келтіруім керек. Кім біледі, мен мұнда

ораламын ба? Шындығын айтқанда, кетер алдында оған өз махаббатым мен алғысымды білдіргім және бәрін ыңғайлы да, жақсы қылып кеткім келеді. Мен оның махаббатқа толы жүрегінде өзім жайында жылы естелік қалдырсам, — деймін.

— Сен онымен кету жөнінде сөйлестің бе?

— Иә. Алдымен ол жылап алды, бірақ кейін тыныштанып: «Бара ғой, ұлым менің! Егер бұл жаңа өмір саған бақыт әкелетін болса, мен сені ұстамаймын. Тек мені ешқашанда ұмытпа!» — деді. Бірақ инженер мырза, мені бір жағдай күйіндіреді...

— Атап айтқанда не?

— Сіздің оған менің әкемнің ақшасын бергеніңізді анашым мойындады.

— Онда тұрған не бар? Анаң туралы қам жемей не көрініпті, қартайған шағында ол солғұрлым еңбек сіңірген жоқ па?

— Бұл ақша шынымен менің әкемнен бе? Ол сіздің ақшаңыз емес пе?

— Ақша сенің әкеңдікі...

— Сонымен, сіз оны біледі екенсіз ғой? — деп басын салбырата, ойға бата сұрады Петір. — Инженер мырза, — деп сәл кідірістен кейін сөзін жалғады ол, — мен сізбен бірге Германияға барамын, бірақ бір шартым бар: менің әкем мен үшін төлемейтін болсын, — деп уәде беріңіз. Егер ол бай адам болса, мейлі анама жібере берсін, бірақ менің жеке басым одан ешқашанда ештеңе қабылдамаймын.

Баронның жүзі өлік сияқты қуарып кетті.

— Сенің әкең бай және сонымен бірге кедей де: ол жер бетінде мүлде жалғыз. Бірақ сен неге менен қабылдауға дайынсың да, одан қабылдамайсың?

— Сіз, — бұл мүлде басқа мәселе. Сіз — құрметті адамсыз және Мәсіхтің үрметі үшін маған қайырым жасайсыз. Сізді бұл үшін Құдай жарылқасын. Сонымен бірге осы кезде сізді қатты жақсы көріп кеттім. Менің әкем болса, құрмет бөлуге тұрмайтын адам. Оның маған

жасаған зұлымдығынан артықты ойлап табу қиын... Мен одан ештеңе қабылдай алмаймын... Менің әкем қолымен берген бір түйір нан тамағымнан өтпейді.

Инженер бұрынғыдан да қуара түсті, тіпті оның күнге күйіп, тотыққан өзге денесіне дейін бозарып кетті. Оның жан дүниесінде қатал күрес жүріп жатты. Ақыр соңында ол үзілді-кесілді шешімге келді.

— Ондай жағдайда мен сені өзіммен бірге алып жүре алмаймын, Петір! — деп қатаң үн қатты ол ағаш түбіндегі шөпке отырып жатып.

— Неліктен? — деп шошына сұрады Петір.

Оны Дубравкада қалу туралы ой емес, баронның жүзіндегі білініп тұрған күйзеліс шошындырған еді.

— Неліктен, — дейсің бе? — деп қайта сұрады барон. — Өйткені саған онымен бір столда отырып, түскі ас ішуге тура келер еді. Егер сен оны жек көретін болсаң, бұл сен үшін ғана емес, ол үшін де адам төзгісіз болар еді. Алайда сенің әкең, егер оны кешіре алмайтын болсаң, Құдайдың шексіз қайырымдылығына қалай сенбек? Оның үкімі шығарылған және мәңгілікке жоғалған...

Бұл сөздер Петірді аң-таң қалдырды. Инженер беттерін қолдарымен жауып басқа жаққа кетті. Петірге ол адам төзгісіз аянышты бола түсті. Бұл адам үшін Петір өз әкесіне кешірім етуге даяр еді, бірақ бір столдан тамақ ішу... жоқ, мұны ол істей алмайды?

— Бірақ бұл сізді неліктен соншалық күйзелдіреді, барон? — деп сұрады Петір. — Менің орныма өзіңізді қойып көріңіз, сонда сіз де түсінер едіңіз.

Барон ешқандай жауап берген жоқ. Жерлеудегі өліктің жүзіндей оның беті қуарып кеткен. Оны көрген Петірдің жүрегі ауыра қысып кетті. Барон қалтасынан бір зат шығарды.

— Егер сен өз әкеңді кешіре алмайтын болсаң, — деді сөйлеп отырған адамның дауысы күшті дірілдеп, — онда ең болмаса, өз анаңды кешір. Мен саған оның суретін әкелдім. Неліктен сен онан да бас тартасың?

Петір әлде қорқынышпен бе, әлде ашкөздікпен бе, суретті шап беріп жұлып алды, оған қадала қарады. Фотосуретте он алты жастағы әдемі қыз екен. Осынау әсем жүздегі көздер қуаныштан ұшқын атады; аузы ән үшін жаратылғандай; басына гүл өрнегі сән беріп тұр.

— Бұл менің шешем бе...? — деп таңдана сұрады Петір, көзін фотосуреттен алуға дәрмені жетпей. — Ол қандай сұлу болған! Қандай қайырымды болуға тиісті еді десеңші!

— Иә, ол сирек жанды адам еді. Алайда, ол соншама көз жасына себепкер болған ұлының өзін жек көріп тұрғанын білмегені қандай бақыт! Шынымен-ақ, Петір, сен ең болмаса, оны да кешіре алмайсың ба? Ол сондай жас еді: сен туғанда ол небары 17 жаста ғана болатын...

— Ал менің әкем қаншада болатын? — деп сұрады Петір.

— Ол жиырма бірде болатын.

— Сондай жас? Ол оны тастап кеткен? Мен төрт жасқа толғанда ол қайтыс болған, — деп еді анам.

— Ол үйлену тойына дейін өлген...

— Бірақ оған менің әкем үйленетін бе еді? — деп сенімсіздене сұрады Петір фотосуретке мұңдана қарап.

— Сөзсіз.

— Бірақ неліктен олар мұны ертерек жасай алмады?

— Өйткені сенің әкеңнің анаңның өмірін жақсы ұйымдастыруға қоғамда әлі берік тиісті орны жоқ болатын. Оның үстіне анаңның әкесі оның күйеуге шығуына рұқсат бермеді.

— Менің әкемнің суреті жоқ па, сізде?

Сәл толқып, барон қалтасынан басқа бір суретті шығарып, Петірге берді. Фотосуреттен Петір жиырма жастағы бет әлпеті ақылды, сұлу жас жігітті көрді.

Петір фотосуретке ырымшыл қорқынышпен қарады. Неғұрлым ұзақ қараған сайын оны соншалық бір түсініксіз сезім күшті билеп алды. Ол фотосуреттен ағаш бұтағына сүйеніп тұрған баронға көзін еріксіз аударды. Сәл үнсіздіктен соң Петір:

— Сіз бұл фотосуретті де маған сыйламайсыз ба? — деп сұрады.

— Шешеннің суретін өзің ал. Екіншісі саған қажет емес қой... — деп мұңды пішінмен тіл қатты инженер. — Егер сен оны тірі күйінде көргің келмейтін болсаң, оның баяғыда түскен суретінің саған не қажеті бар? Сенің шешен өлім төсегінде де осы фотосуреттегідей күйде болатын. Бірақ сенің әкең өте өзгеріп, қартайып кетті.

— Дегенмен, сіз осында жүргенше, менің әкемнің фотосуретін әзірге маған қалдыра тұрыңыз, инженер мырза.

Барон иығын қысты. Олар үнсіз үй жаққа қарай жүрді. Петірдің жаны инженердің соншалық терең қапаландырғаны үшін күйзеліп кетті. «Маған шынымен қайырымдылық тілеген адамды қапаландырып, мен Иса Мәсіхтің өсиетін орындаймын ба? Иса маған риза ма? — деп ойға шомды Петір. — Құдай, бізге сүюге және кешіре білуге өсиет етті. Менің ата-анам, сөзсіз, күнәға батты. Олардың күнәсі үлкен, маған бүкіл өмір бойына мұның зардабын тартуға тура келеді. Бірақ олар әлі де жас еді, алдау-арбау да көп болды. Иә, олар Исаны және Оған тиістілігін білді ме екен? Әрине, жоқ, әйтпесе олар Оның өсиеттерін орындаған болар еді. Егер олар Степан айтқан мырзаларға ұқсап тәрбиеленген болса, әрине, Құдай алдындағы күнәларының соншалық қорқынышты екендігіне өздеріне есеп бермеген!»

Осы жерде Петір өзінің жеке өмірін еске алды. Қандай күнәға ол батқан еді! Өзінің жеңіл ойлылығынан ол құлдырауға соншалық жақын тұрды. Оны сонда бір ғана тілек — бұл жағынан өз әкесіне ұқсамау тілегі биледі.

Петір өзінің бет жүзін баронның қандай азапты күшпен және қорқынышпен барлық уақытта бақылап келе жатқанын көрген жоқ; оның жүзінен оның ойларын жеңіл оқуға болар еді.

— Қымбатты барон, — деп жалбарына сөйледі Петір, — мен сіздің барлығын білетініңізге сенімдімін. Ең болмаса,

осының бәрінен маған білетіңізді әңгімелеп беріңізші! Сонда, бәлкім, маған да ымыраласуға жеңіл болар.

— Мұның бәрін саған айту оншалықты оңай емес, иә, міне біз де келдік. Сен әлі ертеңгі асты ішкен жоқсың ғой, иә, мен де сенің анаңнан сүт сұрармын. Тыңдайып алып біз серуендерміз, мен сонда саған бәрін айтамын, — деп жауап берді барон күрсініп.

Крачинская кемпір күтпеген қонаққа өте қуанып қалды. Ол қолынан келгенінше, баронды қуана жайлады. Ол бароннан оның марқұм әйелінің ауруы туралы жанашырлықпен сұрады. Оған осындай қайырымды әрі ізгі мырзаны соншалық жападан-жалғыз күйінде көру ауыр еді...

19. ДОС ЖӘНЕ ӘКЕ

Хратскийлердің шалғынында көңілді еді; барлық семья бірге жиналған. Еркектер шөп шауып жатыр, әйелдер шөпті аласа ағаштар мен бұтақтардың арасынан жұлуда. Балалар тау баурайында секіріп, домалап жүр; олардың қуаныштары мен көңілділіктерінде шек жоқ. Бірақ Степанның:

— Урсини туысқан! — деген көңілді дауысы шыққанда бәрі де бір кісідей өз жұмыстарын тастады.

Тау жақта қарсы келе жатқан Степанға қолын созып дәріші тұр.

— Қандай ыждағатты жандарсыздар! Құдай береке берсін! — деп сәлемдесті ол Хратскийлердің бүкіл семьясымен.

— Рақмет! Хош келдіңіз, рақым етіңіз!

Дәріші олардан өзіне назар аудармай жұмыстарын жалғастыра берулерін өтінді; ол Степанды күте тұрады. Бірақ ешкім келіскен жоқ.

— Біз сенсіз де шаруамызды бітіреміз, Степан, — деді Хратский, — Урсини мырзаны үйге апар.

Степан әкесіне алғысты пішінмен қарады.

— Егер маған Степанды беретін болсаңыздар, мен сіздерге бұл үшін өте алғыс айтамын, — деді дәріші. — Бірақ біз үйге несіне барамыз? Бұл жер сондай жақсы, одан да осы жерге отырайық.

Олар отырды.

— Сенің бізге келгеніңе қандай қуаныштымын, бауырым, — деді Степан бетінің терін сүртіп жатып. — Сен өз сөзіңде тұрдың: өйткені сен бізге келуге уәде беріп едің ғой.

— Мен сендерге келуге мүмкіндік берген Құдайға алғысымды айтамын.

— Сен бүгін түнде бізде боласың ғой?

— Жоқ, Степан, бұл мүмкін емес. Мен тек сендерге соға кетпекші болдым; маған әлі бүгін П. мекеніне жету керек.

— Өкінішті. Дегенмен, бұл түсінікті, — деп дереу дұрыстады Степан, — анда басталған Құдай ісі сенің қолдауыңды қажет етеді, — деген ойдамыз. Тек өткендегідей бізбен жексенбіні өткізе алмайтының өкінішті.

— Тәңірім басқаша шешті, маған тек Оған бағыну ғана қалады, — деп жауап берді Урсини жымыып. — Ал, Степан, сен қалай жүріп жатырсың? Біз өткенде өзіңмен кездескенде, сен, ауыр ішкі күресті бастан кешіруге тура келді, — дегенді сөз арасында ескертіп едің ғой. Саған бұл істе Құдай көмектесті, бірақ дәл не екенін сен маған әлі айтқан жоқсың.

Степан қызарып кетті.

— Иә, онда маған тек бір Тәңір көмектесті! — деді Степан және Петір мен Марьюшкаға, өзінің жеке басына қатыстының бәрін досына айтып берді. — Маған Петір өте аянышты, мен үшін ол Марьюшканы жоғалтты. Бірақ мен оған қалай көмектесе аламын?

— Бұл жерде сен кінәлі емессің, Степан; Құдай еркі мүмкін осылай шығар, — деп тыныштандырды дәріші. — Құдайда сүйіспеншіліктің қоры көп, Ол Петірдің жүрегіне басқа қызға сүйіспеншілікті еге алады. Тәңір оны нығай-

тып, жарылқайтыны сөзсіз, өйткені ол азғырудан жеңімпаз болып шықты және сенің бақытыңды ұрлағысы келмеді.

— Сен осылай ойлайсың ба? — деп қуана сұрады Степан. — Мен бұл жөнінде Тәңірден сұраймын; өйткені Петір соншалық жападан-жалғыз ғой.

— Егер бұл оның еркі болса, Тәңірім жалғыздың үйін балалармен толтырады. Дәл қазіргі сәтте Петір соншалық жалғыз емес, оның қымбат қонағы бар: барон Рейнер менімен бірге оған қонаққа келді.

— Оны алып кетуге ме...?

— Жоқ, ол онымен тағы да бір сөйлескісі келеді.

— Алайда, Құдайдың жетекшілігі қандай таңқаларлық! Петірге өз білімін жетілдіруге жағдайдың туғаны қандай бақыт! Ол темір жолдан жұмысты ешқашан алады деп ойламаймын. Оқуды аяқтаған соң ол, бәлкім, бәрінен де гөрі Інжілді осында оқыту үшін қайтып оралар.

— Мен де солай ойлаймын. Петірдің қашан да болса, Құдай жүзімдігіндегі еңбеккер болатындығына сенемін. Бірақ менің сенімен маңызды мәселені талқылауым керек, Степан.

— Менімен бе?

— Иә, сенің бар жүрегіңмен Тәңірге берілгеніңді мен білемін. Бірақ Оның үрметі үшін бәрін де, тіпті Марьюшканы да уақытша тастауға келісім беретіндей Оны соншалық сүйесің бе? Болашақта шынайы уағызшы болуың үшін сенің де оқығаның дұрыс болар еді. Бірақ бұл үшін саған да уақытша кетіп, училищеге түсу керек.

— Сіз маған осыны ұсынасыз ба? — Бұл менің әрқашанда аңсаған арманым, ал бұл жайында әсіресе соңғы уақыттары армандап жүрмін.

— Сонымен, сен оқуға баруға келісім бересің бе?

— Бүгін болса да, дайынмын, Урсини бауырым!

— Ал Марьюшкамен айрылысу сені қорқытпай ма?

— Егер біз өзіміздің тұрмыстық істеріміз бен құштарлығымыз үшін Тәңір мен Оның ісін ұмытып кетсек, бұл нашар болар еді, — деп байыпты жауап қайтарды

Степан. Марьюшканы маған Тәңірдің өзі берді, — деп айтқанмын; мен оған жоғарыдан келген сыйлық ретінде қараймын. Егер біз айрылатын болсақ, бәрібір ол мендік болып қалады. Өйткені ол қазір өзінің Күйеуінен айрылысқанмен, Құдайдың Құрбандық қозысының қалыңдығы да Оған тиісті ғой. Марьюшка үшін мен алаңсызбын, бірақ егер менімен Петір бұл жерден кететін болсақ, қалған жандарға не болмақ?

— «Ешкім де оларды Менің қолымнан ұрлап әкете алмайды» — деп, Тәңір айтқан, Степан. Тәңір Өзінің Қасиетті Рухын оларға мольнан құя алады. Ол Өзінің Рухын мұнда қалғандардың біреуіне барынша толық беруге ерікті.

— Бұл дұрыс. Иса Мәсіх дәл мені керек етеді, — деп өзімді елестету үшін, шын мәнінде, мен кімін? «Заманалар аяқталғанға дейін Мен сендермен біргемін», — деді Ол. Бәрін де Оған тапсырамын.

— Сонымен, Степан, енді менің ұсынысымды тыңда! Училище талап ететін қағазды сен жай ғана жібересің: сол бойынша сен сөзсіз қабылданасың. Мен Құдайдың көмегімен саған оқуды тегін ұйымдастырғым келеді. Бірақ Николай Каримский сен үшін төлеуге тілек етті. Өз тарапымнан мен сенің оқуыңның төрт жыл болуына қам жеймін, өйткені сен неміс тілін әлі білмейсің. Мәселе осылай, Степан. Осының бәрін үй-ішіңмен ойласып көр. Осыған дейін сен Тәңірдің сенімді айғағы болдың. Мейлі сенің оқуың мен еңбегіңді Құдай жарылқасын. Өзіңді Тәңірге қызмет етуге дайында; біздің отандастарымыздың ырым-жораларымен күреске түсуге қорықпа. Қараңғылық түнегі саған қарсы бас көтереді, бірақ жеңіс олардікі емес. Енді сен өмір сүрмейсің, Мәсіх сенде өмір сүреді.

Степан тізерлей жүгінді; оның досы дұға оқып, оған қолдарын салды.

Бұл кезде Петір баронның өз ата-анасы туралы мұңды әңгімесін тыңдады. Ақырында, әңгіме аяғына жақындағанда боп-боз болған барон жеңіл күрсінді. Ол өз ата-

анасының күнәлі екеніне егіле жылап отырған Петірге қарады. Барон оның көз жасын тоқтатқан жоқ, оның үстіне қасірет қайғыға бөленген осы бір байғұс жанды жұбату үшін онда бір де сөз, күш болмады.

Ақыр аяғында, Петір жылауын тоқтатты. Инженерге қарап, оған қысқа, бірақ қатаң тіл қатты.

— Мен сізбен бірге барамын, барон: енді мен өз әкемді көремін. Мен оған бәрін кешірдім және перзентінше сүйеге дайынмын, — деп айтамын.

— Петір! — деп үн қатты барон — Петір, ұлым менің! Бәрін айтқаннан кейін де сен мені сүйгің келе ме?

— Барон мырза?!

Петір өз әңгімешісінің бетіне қарап, таңқалғанынан шайқалып кетті.

— Сен бұған сенбейсің бе, Петір? Сенің жек көруге хақың бар құлдыраған және бақытсыз адамға, маған сен, Петір. Сенің мұңды балалық шағыңның себепкері, сен ұшыраған көптеген әділетсіздіктің себепкері болған адам, менмін. Мені осы түрімнен артық санамауыңды және менен жарылқаушыны көруіңді қаламаймын. Мен жөніндегі пікіріңді енді білемін; сенің мені күнәлауың дұрыс.

— Бұлай сөйлемеуіңізді өтінемін, — деп жалынды Петір баронға. — Мен мұны ести алмаймын және сіздің менің алдымда қорлануыңызға жол бермеймін. Бірақ бұл шын ба? Шын мәнінде сіз менің әкемсіз бе?

Барон Петірді өзінің құшағына қысты.

— Әйтпесе, мен барлығын қалай мойындар едім? Иә, мен сенің әкеңмін. Бірақ сенің жүрегің не дейді, Петір?

— Ол не айтып тұр, — дейсіз бе? — Петір әңгімешісінің бетіне қарады. — «Махаббат көптеген күнәларды басып кетеді». Сіз де менің қатал сөздерімді кешіресіз бе? Егер мен мұны ертерек білсем, онда ешқашанда ол сөздерді айтпас едім.

— Сонымен, сен шын мәнінде мені сүйесің және кешіресің бе?

— Иә, мырза!

— Мырза, — дейсің бе...? Қалайша сен мені солай атайсың?

— Маған сізді осылай атау жеңіл; менің тілім сізді басқаша атауға әзір икемге келмейді.

— Бірақ сен менің қанымнан болған қанымсың, мендегі «меннің» бір бөлігісің ғой.

— Егер сізді енді осылай атасам, онда басқа адамдар оны біліп қалар еді.

— Мейлі, адамдар біле берсін! Тіпті олар мұны білгені дұрыс! Сен — менің ұлымсың! — деп дәл бүгін бәріне хабарлаймын.

— Құдай үшін бұлай ете көрмеңіз!

— Жоқ, сөзсіз осылай етемін.

— Бұлай істемеңіз, өтінемін сізден, — деп үгіттеді Петір баронды. — Бұған сіз менің келісімімді ала алмайсыз. Қазір сізді барлық адамдар құрметтейді; өйтсеңіз сіз туралы олар пікірін өзгертіп, сізге құрметпен қарамайды; халық дәрекі. Мен сізді шектен тыс жақсы көргендіктен бұған жол бермеймін.

— Несі бар, олардың дәрекілігіне мен лайықтымын...

— Жоқ, лайықты емессіз. Қауымның бұған қандай қатысы бар? Маған мәліміңіздің өзі жеткілікті. Адам ауыртпалығынан сіз кезінде құладыңыз, бірақ Мәсіхсіз мен де, басқа бір кез келген адам да солай етер еді. Бірақ адамдар бұл жөнінде басқаша бағалайды ғой. Мұнымен мен келісе алмаймын. Мен бұл жерден кетемін, мұнда қашан қайтып келетінімді Құдай біледі. Адам өлуге тиісті. Сіздің ашық айтқаныңыздың ақыры неге әкелмек?

— Жақсы, Петір, — деп көнді ақыр соңында барон. — Мен ешкімге ешнәрсе айтпаймын. Бірақ онда сенің достарыңның көз алдында мен құрметті, ізгі адам болып қалмақпын ба...?

— Менің де тілейтінім осы, — деп жүзі бал-бұл жайнай жауап берді Петір.

— Иә, «Махаббат көптеген күнәларды жеңеді!» — деген Тәңірдің сөзі шын мәнінде дұрыс.

20. КӨРІСКЕНШЕ!

Дәрішінің Дубравкаға келуі диірменнің маңына орналасқан үш үйдің тұрғындары үшін із-түзсіз кеткен жоқ.

— Бізде жұмыс болған және үнемі бола береді де, — деді Хратский Степан мен дәріші кеткеннен кейін. — Ал Урсини мырза біздің үйде онша жиі бола бермейді. Бәрін де тастаңдар, үйге барамыз!

Жол бойында Хратский Блашконың шалғынына соғып, оларға дәрішінің келгенін хабарлады. Блашко да дереу жұмысты қоя тұруға келісiмiн бердi.

— Өлгенiңше бар жұмысты iстеп үлгермейсiң, — дедi ол, — осындай жағдайда жанға пайдалы жақсы сәттi жиберiп, терiңе симай, асыққанмен не ұтамыз?

Көп кешiкпей-ақ Хратскийдiң бөлмесiне адам лық толды. Бәрiнiң де қымбатты қонақты көрiп, сөзiн тыңдағысы келдi. Петiр де инженермен және шешесiмен бiрге келдi. Блашконың шалғынында жұмыс iстеп жатқан Петран мен Сузка Петровичкалар да бұларға қосылды.

Урсини бiрде Құдайдың барлық балаларының жан-жақтан Әкесiнiң үйiне жиналатыны туралы айтты. «Қақпаны ашыңдар; ақиқатты сақтаған тақуа халық кiре берсiн. Мынау, тамаша дүниеде күштi рухыңды Сен сақтайсың; өйткенi Саған үмiт артады ол. Тәңiрге мәңгiлiк үмiт артыңдар, өйткенi Тәңiр Құдай дегенiмiз -мәңгiлiк тiрек-таяныш» (Иш. 26, 2-4). «Тәңiрiм! Сенiң қолың жоғары көтерiлген, бiрақ олар мұны көрген жоқ; Сенi жек көрген халқың көредi және ұялатын болады; Сенiң жауларыңды от жалмап қояды. Тәңiрiм! Сен бiзге бейбiтшiлiк сыйлайсың; өйткенi бiздiң барлық iстерiмiздi Сен бiз үшiн жасадың» (Иш. 26, 11-12). Оқығанының негiзiнде Урсини Құдай халқына тиiстi жандардың және Оған тиiстi емес жандардың арасындағы бар айырмашылықты түсiндiрдi. Одан әрi ол адамдардың осы екi тобының жолдары мен мақсаттарының айырмашылығы қандай екенiн атап көрсеттi. Дiндар адам қауымда және кез

келген қайғының ортасындағы тыныштықта бола береді. Тек тақуа халыққа ғана аспандағы Иерусалимге жететін жол ашылады. Урсини мәсіхшілерден шаршамай дұға оқуларын, Құдай Сөзін үйренулерін, шындық пен махаббат жолын сақтауларын өтінді. Тәңір келгенде Тәңірдің Өзі сеніп, мойындаған қалаулылардың ішінде болатындай өмір сүру керек.

«Тәңір Өз балаларына жібергеннің бәрі, — деп жалғастырды Урсини, — жақсылыққа бастамақ. Оларға баябан шөл мен құрдым сулар арқылы жүруге тура келсе де, бұл жол қайғы-қасірет пен сынаулар арқылы Арманды Жерге жеткізеді. Әлі де бұл шешуші қадамды істемеген осында қатысушыларға әрқашанда Құдай халқына қосылып, Аспандағы Ханаан айқыш ағашының туының астында жүру үшін дәл бүгін істеуді өтінемін. «Сөйтіп, Тәңір құтқарғандар шаттық үндерімен Сионға келеді; сөйтіп, мәңгілік шаттық солардың басына орнайды; олар шаттық пен қуанышқа бөленеді, ал мұң мен шағым жоғалады» (Иш. 35,10).

Уағыздан кейін бәрі дұға оқуға еңкейді. Одан соң Степан барлығына өзінің жаңа жоспарларын хабарлады, Тәңірдің жүзімдігінде өзіне қызмет етуге мүмкіндік беріп, Тәңірдің оның жүрек қалауын орындағанын айтты. Бұл хабарды бәрі де таңдана қарсы алды. Инженердің Петір жөніндегі ниеті кейбіреулеріне мәлім болатын. Мұны білген Степанның шешесі өзінің қызғаныш сезімін жеңе алмаған еді: оған Петірдің емес, өзінің ұлының училищеге түскені орынды көрінді. Сондықтан ол Степанның хабарын айрықша қанағатпен тыңдады.

— Біз саған кедергі болмаймыз, Степанко, — деді ол Степан өзінің жаңа жолына ата-анасының келісімі мен батасын мойын ұсына сұрағанда. Әкесі ризалық белгісі ретінде қолын үнсіз ұсынды. Бәрі де Петір мен Степанның сәтті сапарына қуанды.

— Бірақ біз сенсіз қалай өмір сүреміз, Степанко! Ақиқат жолын бізге кім көрсетеді? — деген дауыс естілді.



— Күзге дейін одан әлі де көп нәрсеге үйренесіз, — деді Блашко. — Құдай жолы әрқашанда біздің игілігімізге бағытталған.

Бір ғана Марьюшка ешбір тіл қатқан жоқ. Кешкісін екі жас диірменге келді.

— Құдайдың саған бай сыйлық жасағанын білемін, — деді Марьюшка дірілдеген дауысымен. — Сені Өз жүзімдігіне шақырғаны үшін Тәңірге соншалықты алғыс айтамын. Дүние соншалықты үлкен, ал Құдайдың ақиқатымен таныстығы аз! Саған Құдай Рухын Ол мол төксін, — деп біз Тәңірден сұраймыз.

Степан бұл сөзді естігеніне шексіз қуанды. Марьюшкadan ол бұрынғысынша сенімді досын көрді. Степан әскери қызметке кетер алдында Марьюшка оны осындай ізгі сөздермен шығарып салған. Қазір ол тіпті Марьюшкadan, өзім оралғанға дейін күтуге келісіміңді бересің бе? — деп те сұраған жоқ; сондай-ақ Марьюшка да өз тарапынан одан ештеңе сұрамады. Өздерінің махаббатының үрметіне орай олар бір-біріне толық сенді.

Егер мен жөнінде үрей сенің жүрегіңді билейтін болса, — деді оған Степан, — Иса Мәсіхтің Өзінің салтанатты неке сарайына Өзінің Қалыңдығын кіргізуді баяғыдан күтіп жүргені туралы ойла; бірақ бұл Ол соңғы адасқан қойды тапқанда ғана іске асады. Сондықтан да әркім Оған бұл істе қолынан келгенше көмектесіп, шөл далада жоғалып және бытырап кеткен қойларды іздесуі керек.

Жиыннан соң қатысушылардың барлығы инженер мен Петірді қоршап алды. Урсини бұл кезде өз маңайына балаларды жинап алып, оларға суреттер үлестірді. Ол Марьюшкаға балалармен айналысуға және оларды жексенбілерде рухани әндер мен өлеңдерге үйретуге, Қасиетті Жазу әңгімелерімен таныстыруға кеңес берді. Балалар оған тапсырманы ыждағатпен оқып үйренуге уәде етті.

— Бұл жақсы іс, — деп ескертті Хратский басын мақұлдай изеп. — Ең болмағанда балалар біз сияқты

надан болып өспейді. Бала шағымызда екі жолдың — кең және тар жолдың бар екендігі туралы біздің түсінігіміз болмады. Марьюшка — ән айту мен әңгіменің шебері, ол бұл істі тамаша жолға қояды.

— Мен Марьюшкаға әдемі суреттер жіберемін, — деп қосып қойды инженер, — ол суреттерді ыждағатты шәкірттеріне тарататын болады.

Балалар масаттанып қалды.

Хратский қонақтарды үйіне түскі асқа шақырды. Түскі астан соң Урсини бәрімен бірге жаңа гимн жаттады.

Енді сіздер оны өздеріңіз де шырқай аласыздар, — деді ол бәрімен қоштасып жатып.

Жиынға қатысушылар оны диірменге дейін шығарып салып, орманның маңында қалды. Кейінірек осы жерден өткенде бәрі осы күнді еске алып жүрді. Олардың есіне айқын көрініс суреті келді: күн сәулесі түскен жартастың үстінде Урсини тұр, өзі бүгін айтқан тәж оның басына енді-енді кигізілетін сияқты. Қолын айқастырып алған ол бұларды қоршаған мұңғаз таулар мен ғажайып аңғарға қарап қалған. Шығарып салушылардың бәрі жаңа ғана жаттап алған рухани әнді бір кісідей шырқауда, ол әнде Құдай балалары үшін ажырасу деген жоқ, тіпті бұл дүниеден кетіп бара жатқанда да олар өз жақындарына: «Көріскенше!» — дей алады.

Ән тына қалды. Урсини қоштасарда тағы да әрқайсысының қолын қысты. Ол көзден мүлдем жоғалғанша шығарып салушылар ұзақ қарап, қолдарын бұлғаумен болды.

— Көріскенше! — деп қатты айқайлады Петір.

— Көріскенше...! — деп сан рет қайталады жаңғырық.

Жер бетіне сарғыш жапырақтар кілем сияқты төселген сары ала күзде Крачинскийлердің үйлері де тұрғызылып бітті. Бірнеше жыл бұрын Крачинская кемпір қалған өмірін осындай жақсы үйде өткізетініне сенбес еді.

Бірақ мынау жер бетінде толық бақыт болмайды. Крачинская тоқыма станогі тұрған бұрышқа жиі-жиі мұң-

дана қарайтын. Оған Петірсіз көңілсіз еді. Ол Петірді сол жерден жұмыс үстінде көруге үйренген. Оның бірден-бір жұбанышы сүйіспеншілік пен балалық берілушілікке толы Петірдің хаттары еді. Оларды оқығанда кемпірдің көзі жиі-жиі жасқа толып кететін, өйткені ол Петірдің өз әкесін тапқанына жан-тәнімен қуанатын.

Жетім қалған кемпір Құдайға жақындай түсті. Петір өз хаттарында оған уағыз айтатын. Крачинскаяның мінез-құлқы күннен күнге өзгере берді: дау-жанжалды жақсы көретін ауылдағы өсекші әйелдердің бірінен ол момын, байсалды әйелге айналды. Ол Степан кеткеннен кейін де жалғасып жүрген Хратскийлердің үйіндегі жиынға ынталана баратын. Енді Хратский немесе Блашко Құдай Сөзін оқитын.

Олар ақиқатты тынбай іздеді, сондықтан Құдай да оларға барған сайын көбірек ашыла берді. Мұның күші мынада еді: өздері ұғып алған Құдай Сөзін олар дереу өз өмірлерінде жүзеге асырып отыратын. Осының арқасында олар бейбітшілік пен ынтымақтықта өмір сүріп жатты. Басқа адамдардың кейбіреулері оларды құрметтеді, енді біреулері жек көрді.

Қысқа қарай Петран әйелімен бірге Крачинская кемпірдің үйіне қоныс аударды, — деп ұйғарым жасалды. Петранның әйелі ақиқатты тануға кенелетін күн де туды. Ол ата-анасының үйін қалдырып, күйеуі мен екеуі Крачинскаяға қоныс аударып, жеке тұруға ұйғарды. Ол да енді Дубравкадағы жиынға ынталана қатысып тұрды.

М. қалашығының қауым қызметкері мінбеден «арманшылдар» мен олардың «жалған ілімін» ойрандауын жалғастырғанымен, ол мұнысымен ештеңе де шығара алмады. Бұрын сиыну үйіне де, Хратскийлер жиынына да келетін олардың келгіншілері көп кешікпей сиыну үйіне баруды мүлдем қойды. Олар тек қана Мәсіх туралы айтылып, Құдай Сөзі оқылатын Хратскийлер үйіндегі жиынға баратын болды.

— Егер ұрыс есіту керек болса, мен дұрысы трактирге

барайын: ол жерде, ең болмаса, айыптауға жауап қайтаруға болады ғой, — деді қалжыңбас Дубравский. — Сиыну үйінде жауап қайтаруға болмайды, онда бізге тағылаған өтіріктерді үнсіз отырып, тыңдау керек!

Көп кешікпей сиыну үйіне халық тек шомылдыру ырымына, жерлеу немесе қандай бір басқа сал-жораларды орындау үшін ғана келетін болды.

Хратскийлерде бәрі де өз кезегімен жүріп жатты... Петір мен Степанның хаттарын күтіп, оларды шыдамсыздана оқитын. Екеуінің де жат өлкеде жақсы жүргендігі, бірақ дегенмен де олардың отанына асығатындарына бәрі қуанатын. Кейде Хратскийлердің қайсібіріне: Степан отанына келген соң немен айналысар екен? — деген ой келетін. Егер дін қызметкері бәрін шіркеуден аластатса, не болар еді?

— Аспандағы Мәсіхке барамыз! — деп ұйғарым жасайтын Хратский атай мұндай сауалдардың соңында.

Марьюшка мен Мишко балалармен ыждағаттылықпен айналысып жүрді. Олар балаларды Қасиетті Жазумен таныстырды және көптеген өлеңдер мен әндерді жаттатып үлгерді, Марьюшка айналадағыларға көбінесе былай дейтін:

— Егер біз Иса Мәсіх өсиет еткендей өмір сүретін болсақ, Оны толығымен тыңдайтын болсақ, онда Ол біздің бүкіл қамымызды Өзіне алады. «Біздің бүкіл өміріміз қоғам үшін айғақ болатындай өмір сүретін болайық. Егер адамдар біздің сөздерімізді қабылдайтын болса, біздің өлімімізден кейін олар: «Иә, шын мәнінде олармен бірге ақиқат болды!» — деп мойындауға тұрарлықтай өмір сүруіміз керек!» — деген Степанның үнемі айтатынын еске алыңыздар.

ҚҰДАЙДЫ ТАНУДЫҢ ЖОЛЫ

Құдай тек құдіретті де киелі, мәңгілік және адал ғана емес. Ол сондай-ақ бізді шексіз сүйеді. Дүние жүзінде ешбір әке Оның сүйгеніндей сүйе алмайды. Ол біздің әрқайсымызға қуанышты да, жан тыныштығын да, бақытты да ағыл-тегіл молынан береді және Өзіне баратын шынайы жолды да көрсетеді.

Қеліңіз, осы жолдың кезеңдерін қарастырып көрелік.

Бірінші кезең

1


Құдайдың ниетін, түпкі ойын білу.

ҚИЕЛІ КІТАП БЫЛАЙ ДЕЙДІ:

Мен (Иса) адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім.

(Жохан жазған Ізгі хабар 10:10)

Сонымен Иеміз Иса Мәсіхке деген сеніміміз арқылы ақталғандықтан, Оның арқасында Құдаймен татумыз (*Рим. 5:1*).

Құнәнің не екенін түсіну

Біз Құдайдың нұсқаулары бізге керек емес деп, өз бетімізше өмір сүргіміз келіп, өз жолымызбен кеттік. Сөйтіп, Құдай мен біздің арамыздағы күнә деп аталатын шыңырау барған сайын тереңдей және кеңейе түсті.



Біз қанша қаласақ та, Оның бізге дайындап қойған сол бір биік бақытына қолымыздың жетпегеніне таңдануға болады ма?! Біз Құдайға біліммен де, дінмен де, ізгі істерімізбен де жете алмаймыз!

ҚИЕЛІ КІТАП БЫЛАЙ ДЕЙДІ:

Адамдарға түзу болып көрінетін жолдар бар; бірақ олардың аяғы өлімге әкеледі (*Нақыл әңгімелер 14:12*).


Бәрі күнәға батты, сөйтіп Құдайдың даңқынан айырылды (*Рим.3:23*).

Қүнәның жазасы — өлім, ал Құдайдың беретін сыйы — Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болатын мәңгілік өмір. (*Рим. 6:23*).

Үшінші кезең

3

Иса Мәсіхтің не үшін келгенін түсіну



Біз Құдайды ұмыттық, бірақ Ол бізді бір сәтке де ұмытпайды және сүюін де тоқтатпайды. Ол әрдайым бізді Өзіне қашан қайтып келер екен деп, төзімділікпен күтеді.

Құдайдың Өзі бізді бөліп тұрған шыңыраудың үстінен көпір салғанына, міне, екі мың жылдай уақыт болды. Бұл көпір — Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх.

Әкесі Ұлын жерге біздің күнәларымызды өз мойнына алу үшін, сөйтіп біздің Оған қайта келе алуымызды мүмкін ету үшін жіберді.

ҚИЕЛІ КІТАП БЫЛАЙ ДЕЙДІ:

Дегенмен, әлі де күнәһар болып жүрген кезімізде, Мәсіх біз үшін өмірін құрбан етті. Осы арқылы Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді. (Рим. 5:8)


Мәсіх, бізді Құдайға алып келу үшін, бір кезде біздердің күнәларымызды мойнына алып, әділ бола тұра әділетсіздер үшін жапа шекті. (Петірдің 1-ші хаты 3:18)

Иса: «Жол, шындық және шынайы өмір Менмін; Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды», — деді (Інжіл, Жохан 14:6).

Төртінші кезең

4

Тәубеге келу және сену



Осындай қадамды бізге де жасау қажет: Құдайдың сүйіспеншілігіне жауап ретінде тәубеге келіп, Мәсіхке сену керек, яғни Ол салған көпірмен Құдай Әкемізге қарай қадам жасауымыз қажет.

ҚИЕЛІ КІТАП БЫЛАЙ ДЕЙДІ:

Иемізге сиынғандардың бәрі құтқарылады (*Рим. 10:13*).

Енді уақыт жетіп, Құдай Патшалығының жер бетіне орнайтын кезі таяп қалды! Өкініп теріс жолдарыңнан қайтып, Ізгі хабарға сеніңдер. (*Марқа жазған Ізгі хабар 1:15*)

Құдайға бет бұрып, тәубеге келуге және кешірім сұрауға өз сөздерің-ақ жеткілікті, тек олар сіздің шынайы және маңызды шешімдеріңізді білдірсе болғаны. Мысалы:

«Құдіретті Тәңір! Менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің Ұлың Иса Мәсіх мен үшін айқыш ағашта өліп, менің күнәларымды Өзінің Қанымен өтегеніне және Оның өліден қайта тірілгеніне сенемін. Мәсіхті өзімнің Құтқарушым деп қабылдап, Оның жолына түсемін. Менің әлсіз сенімімді нығайта гөр. Менің өміріме еніп, оны өзгерт. Саған алғысымды айтып, Сені даңқтаймын. Аумин.»

ҚИЕЛІ КІТАП БЫЛАЙ ДЕЙДІ:

Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті.

(*Інжіл, Жохан 1:12*)

Өйткені Құдай адамзатты өте сүйгендіктен, Оған сенуші әркімнің жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болуы үшін, Өзінің жалғыз Ұлын құрбандыққа берді.

(*Інжіл, Жохан 3:16*)

Әрине, Құдайдың жанұясындағы өмірдің бұрынғы өмірден ерекше айырмашылығы болады. Құдай үшін өмір сүру — өзің үшін өмір сүруден әлдеқайда өзгеше. Қиындықтар

мен реніштердің болуы даусыз. Бірақ біз шын жүректен Құдайдың еркіне сай өмір сүруге тырыссақ, онда Оның қатысы да, сыйы да, шапағаты да күннен-күнге біздің өмірімізге елеулірек болып ене бастайды.

ҚИЕЛІ КІТАП БЫЛАЙ ДЕЙДІ:

Құдай Ұлымен тығыз байланыста тұрған адам шынайы өмірге ие, ал Құдайдың Ұлымен байланысы жоқ адамда шынайы өмір жоқ. Сендер Құдайдың Ұлына сенгендіктен мәңгілік өмірге иесіңдер. Оған сенім артқан сендердің соны білулерің үшін, бұларды жазып отырмын
(Жоханның 1-ші хаты 5:12-13).

Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланысса, сол жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, жаңасы пайда болды. (Қорынттықтарға арналған 2-ші хат 5:17)

Осы беттерді оқи отырып, сіз жүрегіңізбен Құдайдың дауысын естімедіңіз бе? Егер естісеңіз, онда Құдай сізбен сөйлеседі, демек, уақыты жетті, сөйтіп енді Исаның осы баяу үнмен айтқан мәңгілік сөздерінен жалтара алмайсыз:

*«Сұраңдар, сонда Тәңір сендерге бермек; іздеңдер, сонда табысыңдар; есікті қағыңдар, сонда сендерге ашылмақ. Өйткені сұраған әркім алады, іздеген табады, есік қаққанға ашылады.
(Інжіл, Матай 7:7-8)*

Енді сіз үшін жаңа өмір — Мәсіхтегі өмір басталады. Құдай сізді ешқашан қалдырмайды. Дегенмен, Онымен байланысыңыз күннен-күнге нығая беруі үшін, Қиелі кітапты күнделікті оқыңыз. Жиі сиыныңыз, өйткені сиыну — сіздің Құдаймен сұхбаттасуыңыз. Басқаларға Мәсіх жай-

лы айтыңыз! Сенушілермен қарым-қатынаста болып, қауымға барып тұрыңыз. Мәсіхшілерге лайықты өмір сүруге тырысыңыз.

Сізге Тәңіріміз ақ батасын беріп, шапағатын жаудырсын!

Осы кітап жайлы ой-пікіріңіз немесе сұрақтарыңыз болса, мына мекен-жайға хабарласыңыз:

480031, Алматы қаласы, а/ж 68,
«Шығыс Сәулесі».

